

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

№ 11

НОЯБРЬ

№ 11

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ
1955

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIV ЖЫЛ ШЫҒУЫ

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 11

Н О Я Б Р Ь

1955

М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Кемшіліктермен күресудегі қуатты қару	2
Кәсіподақтар жұмысының дәрежесі жоғары болсын	8
Н. ҚАЛИСТРАТОВ — Бірінші орыс революциясы және Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі	13
Ш. ЧОКИН — Қазақстанның энергетикасын дамытудың жолдары	21

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Б. АНДРЕЕВ — Аудандық комитет және жаңа совхоздардың партия ұйымдары	27
Б. ТИМОХОВИЧ — Ғылыми-зерттеу мекемесінің партия ұйымы	31

БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚРЫБЫНА

Г. ҚОПЫЛОВ — Оқушыларды семьяда тәрбиелеу	35
Ф. РЕШЕТНИКОВ — Халыққа аяқ киімді көп берейік	39

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Н. ПОНОМАРЕНКО — Шаруашылық есеп — социалистік шаруашылықты жүргізудің негізгі әдісі	41
--	----

ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

А. ЖОВТИС — «Советский Казахстан» журналындағы публицистика	48
---	----

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ИСКУССТВО

К. НҮРМАХАНОВ — Қазақтың жас ақындарының творчествосы	53
---	----

ХАТТАР МЕН КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛАР

И. БОЛУЧЕВСКИЙ — Малшаруашылық фермаларында адамдар неге жетіспейді?	57
--	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Г. НИКОЛАЕВ — Африка күресуде	59
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ	62
---------------------------------------	----

«Қазақстан Коммунистінің» материалдары бойынша	64
--	----

Кемшіліктермен күресудегі қуатты қару

Совет Одағының Коммунистік партиясы елімізде коммунистік қоғам орнатудың ұлы программасын жасап, оны ойдағыдай жүзеге асыруда. Ауыр өнеркәсіпті баса өркендету негізінде СССР бұрынғы артта қалғандықтан прогреске алып қадаммен аттап өтті. Біздің еліміз аграрлық елден қуатты индустриялы-колхозды державаға айналды.

КПСС Орталық Комитетінің январь және июль Пленумдарының тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, совет халқы өз партиясының басшылығымен, жанқиярлық еңбегімен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда.

Біздің табыстарымыз қандай елді болса да қызықтырарлық. Бұл табыстар совет адамдарында ғана емес, біздің шетелдердегі достарымызда да, бүкіл прогресшіл адамзатта мақтан сезімін тудырады. Коммунистік партия қол жеткен табыстарды — онан әрі ілгері басудың тірегі деп таныйды. Дамудың объективтік экономикалық заңдарын, шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтарын пайдалана отырып, партия қайшылықтарды мезгілінде жоюды қамтамасыз етеді, бұқараның творчестволық белсенділігін күшейтеді.

Жұмыстағы қателер мен кемшіліктерді неғұрлым батыл ашып отырсақ, еңжарлық пен артта қалғандықты жеңіп, жолдағы кедергілерді жойып отырсақ, біз коммунизмге апаратын жолда солғұрлым табыспен алға баса береміз, деп үйретеді партия. Ескілік пен жаңалықтың арасындағы, құрып бара жатқан мен туып келе жатқанының арасындағы күрессіз, біздің алға басуымыз мүмкін емес екенін есте сақтау қажет. Олай болса, барлық жаңалықты, озаттықты, прогрестікті белсене қолдап, дамыта беру, кемшіліктерге қарсы батыл күрес жүргізу керек.

Кемшіліктермен күрестегі ең өткір және ең сенімді қару — сын мен өзара сын. Практикалық қызметімізде шебер пайдалана білсек, бұл қару кемшіліктерді мезгілінде түзетуге, қыйыншылықтарды жеңуге, резервтерді ашуға көмектеседі.

Партия сын мен өзара сынды — жаңа диалектикалық заңдылық, советтік социалистік қоғамның дамуындағы қозғаушы күштердің бірі деп таныйды. Бұл қозғаушы күштің өзіне тән ерекшелігі — өздерінің тарихын саналылықпен жасаушы қалың бұқараның қыймылын көрсетіп отыратындығында.

Сын мен өзара сын еліміздің халықтарының моральдық-саяси бірлігі мен достығын нығайтуға қызмет етеді, советтік патриотизмді күшейтеуге бастайды. Советтік құрылысты нығайтуға қызмет ететіндіктен, сын мен өзара сын қоғамымыздың онан әрі дамуында бәсеңдемей, қайта өсіп, күшейе түсуге тиіс.

Ескілік пен жаңалық арасындағы күрестің жаңа формасы, ескілікті жеңудің, жаңалықтың жеңісін ұйымдастырудың құралы ретінде, сын мен өзара сын советтік құрылыстың нығаюына жәрдемдеседі. Советтік мемлекет — еңбекшілердің мемлекеті, ал еңбекшілер Коммунистік партияның басшылығымен өз елін өздері басқарып отырады. Сондықтан да, сын мен өзара сын кемшіліктерді ашып, жойып отырудың бірден бір

Каз. Гос. ун-в. Библиотекә
815088

революциялық әдісі, біздің коммунизмге қарай алға басуымызды тездететін әдіс болып табылады.

«Жұмысымыздағы кемшіліктер мен қателерді, большевиктерге лайығынша, көрсетіп отырмайынша, оларды адалдықпен жұрт алдында ашып отырмайынша, біз өзіміздің алға басу жолымызды өзіміз бөгейміз, — деді И. В. Сталин. — Ал, біз алға басқымыз келеді. Біз сол алға басқымыз келгендіктен де, адал және революциялық өзара сынды өзіміздің ең маңызды міндеттеріміздің бірі етіп алға қоюға тиістіміз. Мұнысыз алға басу жоқ. Мұнысыз даму жоқ».

Өзара сын — міндеттерді орындаудың, тарихи прогрестің және бұқараны тәрбиелеудің бізге тән социалистік әдісі, ленинизм методының ең маңызды талаптарының бірі. Өзара сын, — деп үйретті В. И. Ленин, — қандайда болсын жаңды және өмірге бейім партия үшін сөзсіз қажет. Сын мен өзара сын объективтік қажеттіктен туады, ал бізде бұл қажеттікті ашып отыруға керекті жағдайдың бәрі бар. Партия еңбекшілерді қол жеткен табыстарға тоқмейілсімеуге, қайта бұл табыстарды баянды ете отырып, өздерінің творчестволық күш-жігерін еселей түсуге, Отанымыздың мұнан да бай және мұнан да күшті болуы үшін, барлық шараларды қолдануға шақырады.

Коммунистер сын мен өзара сын негізінде, бұқараны партия мен үкметтің тапсырмаларын орындауға шеберлікпен жұмылдырып, шаруашылық құрылыстың қарқынын күшейтудің барған сайын жаңа резервтерін ашып отырғанын айқын дәлелдейтін мысалдар біздің өміріміз бен күнбе-күнгі практикамызда көп кездеседі. Мәселен, Қызылорда жол дистанциясының партия ұйымы, кемшіліктерді ашып жою, коллективті өндірістік тапсырманы орындауға жұмылдыру, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін арттыру үшін сын мен өзара сынды шебер пайдаланады. Социалистік жарысты өрістете отырып, дистанцияның коллективі жолдың орташа жөндеуінің сегіз айлық жоспарын 140 процент орындады. Дистанция біріншілік орынды және Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі мен Қатнас жолдары министрлігінің ауыспалы қызыл туын берік сақтап келеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің XX съезіне жақындап келеді. Бұл маңызды тарихи оқиғаға қызу әзірлік барлық жерде кең өріс алды. Көпшілік бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізілді, аудандық және қалалық партия конференциялары өткізілуде. Партия жыйналыстары мен конференциялары орындалған жұмыстың қортындыларын шығарып, кемшіліктерді ашуда, бұл кемшіліктерді жою, барлық күш пен мүмкіндіктерді жаңа табыстарға жетуге пайдалану шараларын белгілеуде.

Партия жыйналыстары мен конференциялары, егер олар жақсы әзірлікпен жоғары идеялық дәрежеде өткізілсе, сын мен өзара сынның шын мәнісіндегі трибунасы болады. Біздің күнбе-күнгі шындық өміріміздегі көптеген мысалдар мұны айқын дәлелдейді.

Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын қаурт өрге бастыру туралы шешімдерін орындай отырып, Қарағанды облысы, Ворошилов ауданының еңбекшілері быйыл кейбір табыстарға жетті. Колхоздар, МТС-тер, совхоздар 50 мың гектардай тың және тыңайған жер жыртты. Мал шаруашылығын өркендету саласында да алғашқы табыстарға қол жетті. Солай бола тұрсада, партияның аудандық X конференциясына қатысушылар аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді сынауға баса көңіл бөлді. Мұның өзі өте орынды да. Ауданның басшылары, мәселен, әрбір сыйырдан сүт алудың мемлекеттік жоспары ауданда асыра орындалғанын — жоспардағы 850 литр орнына 1235 литр сүт алынғанын көп айтады және мұны өздерінің еңбегі деп санайды.

Үстірт қарағанда, мұның өзі жаман емес сыяқты. Бірақ істің мәнісін тереңірек зерттеп қарасаң, мал шаруашылығының жәйі қанағаттанғысыз екені ашылады. Істің жәйі мынада — жоспардың өзі кемітін жасалған, аналық малдар жалпы сыйыр малы ішінде небәрі 28 процент орын алады. Оның үстіне, сыйырлардың қысыр қалу проценті әлі де жоғары екенін (аудан бойынша 18,5 процент) ескерсек, мал шаруашылығының жәйі біздің өскен талаптарымызға тіпті де сай келмейтінін айқын көреміз.

Ауданда жемшөп дайындауға қамқорлық жоқ. Пішен шабу жоспары 50 проценттен аз ғана артық, шөп сүрлеу небәрі 20 процент орындалды. Фермаларда еңбекті көп керек ететін жұмыстар, әсіресе сүмен жабдықтау жұмыстары механикаландырылмаған. Кадрлардың тұрақтамауы әлі де зор. Мәселен, Қарағанды МТС-інде соңғы кезде мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырушы төрт механик ауысты. Ворошилов МТС-і Калинин атындағы колхозда төрт құдық қаздыруға әлі уақыт таба алмай келеді. Мұның нәтижесінде қысты күні малдың сусыз қалу қаупі туып отыр.

Бұл кемшіліктердің бәрі, сол сыяқты партия-бұқаралық жұмыстың төмен дәрежеде жүргізілуі тек аудандық комитеттің секретарьлары Максимов пен Ыбраев жолдастардың, МТС аймағындағы секретарьлары Шакиров пен Егорова жолдастардың төменнен көтерілген сынға құлақ қоймауынан, өздеріне жасалған ескертулерге мезгілінде көңіл бөлмеуінен болып отыр. Нұсқаушылар топтары колхоздардың партия ұйымдарына ойдағыдай көмектеспейді. Қарағанды МТС-нің аймағындағы нұсқаушы Рахимов жолдас партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысына әзірлік кезінде Киров атындағы колхозда үш күн болды. Бірақ ол партия тұрмысындағы бұл маңызды оқиғаға әзірліктің қалай өтіп жатқанына мүлде көңіл бөлместен, кетіп қалды.

Партия конференциясы өзінің шешімінде аудандық партия комитетіне бұл кемшіліктерді өте орынды көрсетіп, оларды жоюды ұсынды.

Сын мен өзара сынның баға жетпес маңызы мынада: ол дандайсұшылыққа, жайбарақаттыққа, бейқамдыққа қарсы күрестің күшті құралы болып, жұмыстың нәтижелеріне партия мен мемлекеттің мүдделері тұрғысынан, бүгінгі күннің барған сайын өсіп отырған міндеттері мен келешектегі міндеттердің тұрғысынан баға беруге көмектеседі. Сын мен өзара сын — Коммунистік партияның әлсіздігінің емес, күштілігінің белгісі. Бұқараның ішіне терең тамыр жайған, тарихи дамудың керектерін, халықтың тілектерін білдіріп отыратын күшті партия ғана өзінің кемшіліктерін аяусыз сынап алады.

Партия жыйналыстары мен конференцияларында сын мен өзара сынның ойдағыдай өрістетілуі көп ретте бұған қалай әзірлік жасалуына, секретарьлардың, бюросының және партия комитеттерінің, коммунистер өздері ашқан кемшіліктердің ескеріліп, жойылатындығына сенетіндей жағдай туғызуына байланысты.

Сын мен өзара сынның өрістетілуіне баяндаманың құрылысы мен бағыты да әсер етеді. Баяндамашылар қол жеткен табыстарды санап, дәріштеуге әуестенбейтін болу керек. Көп уақытта баяндамашылар кемшіліктерге жол берген айыптыларды сынап, жұмыстағы олқылықтарды жою шараларын көрсетуге мән бермейді. Мұндай баяндамалардың мәселелерді тереңінен және жан-жақты талқылауға көмектеспейтіні түсінікті. Сонда да мұндай фактілер партия тұрмысында әлі орын алып келеді.

Алматы консерваториясының партия бюросының секретары Қенжебаев жолдас коммунистер алдында есеп бергенде көбінесе партия бюросының ойдан шығарылған еңбектерін, өзінің басшылығымен жүргізілген шаралардың пайдалылығын айтты, бірақ партия бюросының коллектив ішіндегі саяси-тәрбие жұмысын нашарлатқаны туралы жұмған аузын ашпады, оқытушылар арасындағы еңбек тәртібін бұзу, азғындық.

және жікшілдік фактілеріне тоқталмай өте шықты. Коммунистер партия бюросының секретарын сынауға тырысқанда, партия бюросының мүшелері Обьедков, Өзбеков, Круглыхин және Карамендин жолдастар бұған тобымен қарсы шықты. Мұның нәтижесінде есеп беру-сайлау жыйналысы төмен дәрежеде өткізілді.

Осымен бірге баяндамашылар нақты ешнәрсе айтпай, «бәрін қамтыйтын» бос сөзге салынбауға тиіс. Мазмұнсыз, дерексіз баяндамалар да мәселелерді жан-жақты талқылауға, сын мен өзара сынды күшейтуге көмектеспейді. Мұның неге әкеп соқтыратынын мынадай бір мысалдан көруге болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратас ауданы, Молотов атындағы колхоздың партия ұйымының секретары Өмірзақов жолдас есепті баяндаманы әзірлеуге жауапсыз қарады. Оның баяндамасының жобасын жазған аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Атымтаев жолдас онда адамдардың фамилияларына және тиісті көрсеткіштерге орын қалдырып, секретарға көмектесу орнына, оған зыянын тигізді. Партия ұйымының секретары жыйналыста осыны оқып берді. Мұнан кейін есеп беру-сайлау жыйналысында кемшіліктердің сыналмағанына таңдануға болама. Жарыс сөзде сөйлеген коммунистер «алға ұмтылу» керек екенін айтты, бір-бірін алған міндеттемелерді «орындауға» шақырды. Жыйналысқа қатнаскан аудандық партия комитеті бюросының мүшесі Баскенов жолдас та жалпылама сөз сөйледі.

Қаратас аудандық партия комитетінің есеп беру-сайлау жыйналыстарын әзірлеп өткізуге қапагаттанғысыз басшылық етуі басқа ұйымдарда да сын мен өзара сынның дәрежесіне зардабын тигізді. Қаганович атындағы колхозда да партия ұйымы секретарының баяндамасы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы әзірлеген жазба бойынша оқылды, ал есепті баяндама бойынша мүлде шешім қабылданбады.

Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті Қаратас аудандық партия комитетіне болған қателерді түзетуді, бірсыпыра ұйымдарда партия жыйналыстарын қайтадан өткізуді, сын мен өзара сынның бөгетсіз, еркін жүргізілуін қамтамасыз етуді міндеттеді.

Орынды, принциптік сын әрдайым бүкіл жұмысымызды жақсартуға көмектеседі. Мысал келтірейік. Павлодар облысы, Бесқарағай ауданы «Трудовик» колхозының партия ұйымы колхоздың барлық істерінің жетекшісі, дем берушісі болып отырады. Сын мен өзара сын негізінде коммунистер шаруашылықтың кейбір салаларының артта қалу себептерін ашып, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жолдарын белгіледі, колхозшыларды белгіленген шараларды ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдырды. Мұның нәтижелері көп ұзамай көрінді. Быйыл ауа райы жағдайының қолайсыз болуына қарамастан, колхоз орта есеппен әрбір гектардан 8,5 центнер бидай алды, астық дайындау және МТС-тің жұмысына заттай ақы төлеу жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке 3 800 центнер астық сатты, тұқым түгелінен құйылды.

Колхоздың мал өсірушілері де елеулі табыстарға жетті. Мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары малдың барлық түлігінен толық және асыра орындалды. Барлық мал көлемді және балғын азықтармен толық қамтамасыз етілді. Колхоз мемлекетке мал шаруашылығының өнімін тапсыру міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындады.

Бұл табыстардың бәріне партия ұйымының өз міндетін дұрыс түсініп, ешкімнің бетажарына қарамайтын сын мен өзара сынды батыл өрістетугі арқасында қол жетті.

Жеке ұйымдарда немесе бүкіл партияда, партия саясатының мәселелерін іскерлікпен талқылау, ҚПСС Уставында атап көрсетілгеніндей, партияның әрбір мүшесінің меншікті правосы болып табылады. Бірақ,

Есіл ауданының Киров атындағы астық совхозының партия ұйымын, сайлауда коммунистер сенім көрсетпеген секретарь басқарып отырған жағдайда, онда қандай сын мен өзара сын болуы мүмкін? Партияның ішкі демократиясы өрескел бұзылғандықтан Акмола облыстық партия комитеті мұндағы партия бюросының сайлауын бұзып, Есіл аудандық партия комитетінің бірінші секретары Тәшенов жолдасқа бұл совхозда қайтадан сайлау өткізуді тапсырды. Сонда да Тәшенов жолдас партияның ішкі демократиясының бұзылуын әлі күнге түзеткен жоқ. Бастауыш партия ұйымының сайлауда сайланбай қалған секретары Артеменко жолдас совхоздың коммунистеріне әлі күнге «басшылық» етуде.

КПСС Уставы сын мен өзара сын ұранын дәйектілікпен жүзеге асырып отыруды талап етеді. Сынға қысым жасау — ауыр күнә. Сынға бөгет жасаушыларды, сынаушылардың қудаланылуына жол берушілерді қатты жазалау керек.

Гүлшад руднигіндегі (Балқаш қаласы) партия ұйымының бюро мүшелері және оның секретары Лалин жолдас, есеп беру-сайлау жыйналысында көрсетілгеніндей, пісуі жеткен мәселелерді шешуден жалтарды, шаруашылық қызметкерлермен қарым-қатнасы нашарлаудан қорықты, оларға толық тәуелді болды. Сондықтан, байыту фабрикасының директоры Бекмұрзаев жолдасының смена бастығы Потылицын жолдасы оның өзін сынағаны үшін қудалап жүргені партия бюросына және Лалин жолдасқа мәлім бола тұрса да, олар бұған ешқандай шара қолданбады. Бекмұрзаев жолдас ешқандай дәлелсіз Потылицын жолдасқа сөгіс жариялағаннан кейін де бюро Бекмұрзаевтың бұл қылығына партиялық баға бермеді.

Мұндай фактілер батыл айыпталуға тиіс. Мұнымен бірге партия ұйымдары әкімшілік жүргізудің жарамсыз әдістерін партиялық практикада қолдануға қарсы, түсіндіріп сендіру әдісі орнына әкімшілік әдісін қолдануға қарсы күресуге тиіс.

Алайда практикада бұл айтылғандар әлі көп кездеседі. Семей облысы, Ново-Покровка аудандық партия конференциясында «Қазақстанская правда» атындағы колхоздың председателі Зайцев жолдас аудандық партия комитетінің жұмыс стилін сынап келіп: «Біздерді аз тәрбиелейді, мұның есесіне көп жазалайды. Мен өзіме берілген сөгістердің санына жетуден қалдым» деді.

КПСС Уставы бойынша өндірістік партия ұйымдарына берілген, әкімшіліктің қызметін бақылау правосы сын мен өзара сынды өрістетуде маңызды орын алады. Бұл право партия ұйымына шаруашылық басшыларынан істің жәйі туралы есеп беруді талап етуге мүмкіндік береді. Партия ұйымы коллективті жұмыстағы кемшіліктерді жоюға, өндірістің резервтерін ашып, іске қосуға жұмылдыру шараларын қолдануға міндетті.

Партия ұйымдарының әкімшілік жұмысты бақылау правосын жете бағаламауы сын мен өзара сынды өрісін тарылтады, тіпті жақсы қызметкерлердің де бұзыла бастауына себеп болады. Мәселен, Қызыл-Орда облысы, Шиелі ауданындағы «Қызылту» колхозының партия ұйымы колхоздары істің жәйі туралы оның председателінің баяндамасын бір рет те тыңдаған жоқ. Ал мұның нәтижесінде колхоздың председателі Нүркеев жолдас басшылық етудегі коллегиялық принципті бұзады, басқарма мен партия бюросы мүшелерінің пікірімен санаспайды.

Қазіргі уақытта өткізіліп жатқан партия жыйналыстары мен партия конференцияларында коммунистер өздерінің басшыларын олардың есептерін тыңдау жолымен, кемшіліктерді сынау жолымен, ақыр-аяғында, белгілі бір қызметкерлерді басшылық органдарға сайлау немесе сайламау жолымен тексереді. Коммунистер бұл правосы, жер-жерден алынған хабарларда көрсетілгеніндей, кеңінен және батыл пайдаланып отырады.

Қостанай облысы, Введенский ауданындағы «Большевик» колхозының партия ұйымындағы коммунистер өздерінің секретарын партия-бұқаралық жұмысты салақсытқаны үшін, колхоз басқармасының жұмысын жеткілікті бақыламағаны үшін сынады. Партия ұйымының секретары Миняев жолдастың жұмысы қанағаттанғысыз деп танылды. Коммунистер оған сенім көрсетпей, өздерінің басшысы етіп іскер және принципшіл жолдасты сайлады.

Батыс Қазақстан облысында, басшылықтың тиісті дәрежеде болуын қамтамасыз етпегені үшін, бастауыш партия ұйымдарының 24 секретарына сенім көрсетілмеді.

Бастауыш партия ұйымдарындағы есеп беру-сайлау жыйналыстары барлық жерде дерлік аяқталды. Бұл жыйналыстар коммунистердің белсенділігі өскендігін көрсетті.

Партия конференцияларын социалистік өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техниканы онан әрі өркендету, өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту, партия алға қойған міндетті — астық өндірісін кемінде он миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе — екі еседен аса арттыру міндетін — мерзімінен бұрын орындау үшін күресу ұранымен өткізудің зор маңызы бар.

Партия конференцияларында сын мен өзара сынды кең өрістетуге қолайлы жағдай туғызылуға тиіс. Конференциялардың делегаттары партия ұйымдарының өнеркәсіпті, мал шаруашылығын және экономикамыздың басқа салаларын онан әрі өрге бастыру ісіне басшылық ету тәжірибесін қорытып қана қоймай, көбінесе, сын мен өзара сын негізінде шаруашылыққа басшылық етудегі елеулі кемшіліктерді ашуға, нұсқаушылар топтарының жұмысына талдау жасауға, коммунистік қоғам орнату ісінде пайдалануға болатын резервтерді ашуға тиіс.

Коммунистік құрылыстың өскен міндеттері партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына зор талаптар қояды, оларға ұйымдарымыздың жұмысындағы кемшіліктерді тез жою үшін бұл кемшіліктерді кенінен сынауды, еңбекшілер қалың бұқарасын партия мен үкметтің тапсырмаларын толық және асыра орындауға жұмылдыруды міндеттейді.

Партия ішіндегі жұмысқа және идеологиялық жұмыс мәселелеріне айрықша көңіл бөлу қажет. Делегаттардың сын ескертпелері мен ұсыныстары конференциялардың шешімдерінде көрсетілуге тиіс. Сын мен өзара сын — сан миллион қалың бұқараның жаңа, коммунистік тұрмыс орнатуға саналылықпен белсеніп қатысуының белгісі екенін естен шығармау керек.

Сын мен өзара сын — коммунизм үшін күресте партиямыздың қуатты қаруы. Жұмысымыздағы олқылықтар мен кемшіліктерді ашып, жоюдың құралы ретінде сын мен өзара сынды өздерінің практикалық жұмысында дәйектілікпен қолдана отырып, партия ұйымдары шаруашылық және мәдениет құрылысында жаңа табыстарға жетеді.

Кәсіподақтар жұмысының дәрежесі жоғары болсын

Советтік кәсіподақтардың өміріндегі жауапты кезең туды. Октябрьде барлық жерде кәсіподақ органдарының есеп беру және сайлау жыйналыстары басталды. Бұл жыйналыстар КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы алға қойған міндеттерге сәйкес кәсіподақтар жұмысының дәрежесін арттыру ұранымен өткізілуде.

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы кәсіподақтардың жұмысшылар мен қызметшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде зор жұмыс жүргізіп, олардың күш-жігерін мемлекетіміздің алдында тұрған шаруашылық және саяси міндеттерді орындауға барыттап отырғанын атап көрсетті. Мұнымен бірге КПСС Орталық Комитетінің Пленумы кәсіподақтардың жұмысындағы елеулі кемшіліктерді қатты сынады. Н. А. Булганин жолдастың баяндамасында көрсетілгеніндей, өнеркәсіп жұмысындағы кемшіліктер белгілі дәрежеде мынадан болып отыр: кәсіподақ комитеттері жұмысшылар қалың бұқарасының творчестволық инициативасының өсуіне тиісінше әсер етіп отырмайды, социалистік жарысқа нашар басшылық етеді, еңбек тәртібі, жаппай өнер тапқыштық және рационализаторлық, озат тәжірибені тарату мәселелерімен, еңбекті және жалақыны нормалау, жұмысшылар мен қызметшілердің тұрмысын жақсарту мәселелерімен аз шұғылданады.

Бұқараның творчестволық белсенділігі мен талапкерлігі бүкілхалықтық социалистік жарыстың лениндік идеяны неғұрлым толық және айқын бейнелейді. Жарысқа басшылық ету, оның жауынгер ұйымдастырушылары болу — кәсіподақтардың аброй алатын ісі. Өндіріс озаттары мен жаңашылдарының табыстарын қажырлылықпен енгізіп, таратып отыру — социалистік жарыстағы басты міндет екенін кәсіподақтардың активтері мен басшылары әрдайым есте сақтауға тиіс. Мұнсыз жарыс өзінің қуатты күшінен — жұмыстың ескі, артта қалған формалары мен әдістерін қыйратып, оның жаңа, прогрестік формалары мен әдістерін алға тартып отыратын күшінен айырылады.

Жарысты ұйымдастыру кәсіподақтардың комитеттері мен советтерінен бұқарамен күнбе-күн байланыс жасап, жарысушылардың кездескен қыйыншылықтар мен кедергілерді жеңуіне мейлінше көмектесіп отыруын талап етеді. Ал бұл қыйыншылықтар мен кедергілер бізде әлі де көп кездеседі. Еңбектің нашар ұйымдастырылуы, кәсіпорындардың мезгілінде жабдықталмауы, кейбір шаруашылық қызметкерлерінің жаналықтарды енгізуге енжарлығы, еңбек жағдайын жақсартуға қамқорлық жасалмауы — мұның бәрі осындай қыйыншылықтар. Кәсіподақтардың комитеттері мен советтері активтен қол үзіп, жарысқа басшылықтың әралуан формалары мен әдістерін қолдану орнына, кеңседе отырып, кәсіпорындардың өндірістік жұмысының формальді қортындыларын шығарумен қанағаттануға тырысатын жерлерде шын мәнісіндегі жарыс туралы сөз де болуы мүмкін емес. Амал не, жарысты ұйымдастыруға және оған басшылық етуге мұндай формальды-бюрократтық көзқарас көптеген кәсіподақ ұйымдарының жұмыс практикасында терең тамыр жайған.

Қарағандыда, мұқыят зерттеп, таратуға тұрарлық жұмыс тәжірибесі бар, алдыңғы қатарлы шахталар аз емес. Мәселен, № 64/83 шахтаның коллективі еңбек өнімділігін мықтап арттырды. Мұнда бірінші жарты жылдың ішінде бір тонна көмірдің түсер құны 1950 жылғыдан 40 сом кеміді. Бесжылдықтың басынан бері шахтаның коллективі көмірдің түсер құнын кеміту есебінен мемлекеттің 2,5 миллион сомдай қаржысын үнемдеді. Шахтерлердің жұмыс өнімділігі 1950 жылғыдан 90 процент дерлік артты. Шахтада жаңа техниканы, прогрестік технологияны енгізуге, еңбекті жақсы ұйымдастыруға шын мәнісінде қамқорлық жасалынып отырады, циклдік график қолданылады.

Осы жылдың басында шахта коллективі жылдық жоспардан тыс 12 мың тонна көмір беруге социалистік міндеттеме алды. КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдері кеншілер арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызды, коллектив өзінің бұрынғы міндеттемелерін қайта қарап, партияның XX съезінің құрметіне жылдық жоспардан тыс 18 мың тонна көмір шығаруға сөз берді. Шахтаның кәсіподақ ұйымының бүкіл жұмысы осы жаңа уәдені орындауға бағындырылған.

Алайда Қарағандыда жыл сайын олқылықтан шыға алмай келе жатқан шахталар да бар. Мұның себебі не? Оның себебі ең алдымен мынада: кәсіподақтар комитеттері мен советтері жарысты ұйымдастыру, озаттардың тәжірибесін тарату жөнінде күнбе-күн мұқыят жұмыс жүргізу орнына, көп уақытта жарыс туралы құрғақ сөздермен уақыт өткізеді. Көмір өнеркәсібіндегі жұмысшылар кәсіподағының облыстық комитеті (председателі Кенжин жолдас) бұл жөнінде жақсы үлгі көрсетіп отырған жоқ. «Қарағандауголь» комбинаты бойынша жарыстың қортындыларын бір топ кәсіподақ және шаруашылық қызметкерлері шығарады. Кәсіподақтың облыстық комитеті комбинаттың басшыларымен бірге, әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін жарыста орынды және сыйлықты шахталарға бөліп береді. Бөлгенде, жарыстың қортындыларына талдау жасау негізінде емес, кәсіпорындардың жұмысының қортындылары, өндірістік жоспардың орындалуы бойынша бөлінеді, кәсіпорындардың жұмысын терең зерттемей, артта қалған шахталар бойынша қортынды шығармай, фактілерді ғана анықтау тәртібімен бөлінеді.

Қортындыларды шығарудың мұндай формальды-бюрократтық әдісі, әрине, жарыстың барысына әсер ете алмайды және әсер етпейді, барлық разрездер мен шахталарды жарысқа белсенді қатыстыруға көмектеспейді. Кәсіподақтың облыстық комитеті мен комбинаттың басшылары, өздері де байқамайынша, кәсіподақтың шахталық комитеттері мен аудандық комитеттерін жарысқа басшылық етуге белсене қатысудан барған сайын шеттете береді. Мәселен, кәсіподақтың аудандық комитеттері жарыстың қортындыларын шығаруға мүлде қатыспайды. Кәсіподақтың шахталық комитеттері мен аудандық комитеттерінің қызметкерлері қатарында мүшелік жарналарды жыйнап, жоғарғы органдарға есеп тапсырумен ғана қанағаттанып, жарысқа немқұрайды қарайтын адамдардың көп кездестіні тегін емес. Мұндай кәсіподақ қызметкерлері ақыр-аяғында шиновниктерге айналады. Мынадай факті келтірейік. Мартта Шахта ауданының кейбір шахталарына сыйлықтар берілді. Мұны естігеннен кейін № 70 шахтаның шахталық комитетінің председателі Каримов жолдас кәсіподақтың аудандық комитетінен өзіне де «жарысты ұйымдастырғаны үшін» сыйлық беруді өтінді. Кәсіподақтың Шахта аудандық комитеті (председателі Бравин жолдас) Каримовтың өтінішін орынды деп тауып, оған сыйлық берді, ал онан небәрі бір ай бұрын аудандық комитеттің президиумында сол Каримовке кәсіподақ жұмысын ақсатқаны үшін қатаң жаза берілген болатын.

Жарысқа басшылық ету, еңбек өнімділігін арттыру жұмысын күнбе-күн ұқыптылықпен жүргізіп отыру орнына, думанмен, науқашылдықпен күн өткізетін жарамсыз практикаға қарсы батыл күрес жүргізу керек.

Жергілікті және отын өнеркәсібіндегі жұмысшылар кәсіподағының республикалық комитеті (председателі Шахворостов жолдае) кәсіпорындардың жұмысы туралы әртүрлі мәліметтер жыйнауға көп күш жұмсайды, жарыстың қортындысы туралы ұзын-шұбақ қаулылар қабылдайды. Ал Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігіне қараған кәсіпорындардың үштен бірінен көбі қабылданған социалистік міндеттемелерді ғана емес, өндірістік жоспарларды да орындамайды.

Артта қалудың негізгі себебі — еңбек өнімділігінің өте төмендігінде болып отырғанын министрлік те, кәсіподақтың республикалық комитеті де жақсы біледі. Олай болса, еңбек өнімділігінің өсуіне бөгет жасайтын себептерді анықтау керек еді. Мәселен, Талдықорған облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімінің кәсіпорындарында быйыл не сәбепті еңбек өнімділігі 3,6 процент өскенде, орташа жалақы 16 процент дерлік артты, ал Қостанайдың облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп бөлімі бойынша еңбек өнімділігі 19 процент өскенде, жалақы 26 процент артты? Ал, еңбек өнімділігінің өсуі жалақының өсуін басып осып отыру керектігі әбден айқын. Егер кәсіподақтың республикалық комитеті жарысты, науқаншылдықпен емес, іскерлікпен басқарса, ол республиканың ең артта қалған министрліктерінің біріне қараған кәсіпорындардағы етек алған сорақылықтарды елеусіз қалдыра алмас еді.

Инженерлер мен техниктер, озат жұмысшылар, еңбек өнімділігін арттырудың резервтерін іздеп тауып, жаңа мол өнімді машиналар мен механизмдердің үлгілерін жасауда, технологияны жетілдіруде, металдың, отынның, электр энергиясының шығынын азайтып, миллиондаған сом қаржыны үнемдеуге көмектесуде. Кәсіподақ ұйымдары өнертапқыштар мен рационализаторлар қатарына жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді неғұрлым көп тартып, жаңашылдардың күш-жігерін дұрыс арнаға бағыттап отыруға міндетті. Кәсіподақ комитеттерінің жұмысшылардың жаппай өнертапқыштығын басқаратын комиссиялары коллективтің өміріне мейлінше белсене араласып, жаңалықтарды енгізуге және кеңінен таратуға іс жүзінде қамқорлық жасайтын кәсіпорындарда осылай болып отыр.

Кәсіподақ комитеттері жұмысшылардың техникалық оқуына, олардың мамандығын арттыруға қамқорлық жасап, ғылыми лекциялар мен баяндамалар ұйымдастыруға, рационализаторлардың конференцияларын, қоғамдық байқаулар, көрмелер, конкурстар өткізуге тиіс. Рационализаторлар арасындағы жұмысты ойдағыдай жүргізіп отырған Шымкенттің пресс-автоматтар заводының кәсіподақ комитетінің тәжірибесі үлгі аларлық. Соңғы екі жылдың ішінде мұнда мыңнан астам жұмысшы өздерінің мамандығын арттырды, быйыл заводтың рационализаторлық және өнертабыс бюросы екі жүзден астам ұсыныстарды қарады, оның ішінде 100-ге жуық ұсыныс кәзірдің өзінде өндіріске енгізіліп, жылына 400 мың сомнан астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр. Бөлшектерді өңдейтін кескіштерді жетілдірген, металды шапшаң және күшпен кесуді ұштастырған токарь-карусельщик Багрянов жолдастың жаңалығы ерекше нәтижелі болып шықты. Жаңашылдың ұсыныстарын зерттеп тарату мақсатымен плакат шығарылды, арнаулы курстар ашылды.

Амал не, Қазақстанның әлі де бірсыпыра кәсіпорындарында шаруашылық басшылары мен кәсіподақ комитеттері рационализаторлар мен өнертапқыштардың ұсыныстарын көп уақытта қолдамайды, ал бағалы өнертабыстар техникалық бөлімдер мен рационализаторлық және өнертабыс бюроларының напқаларында жылдар бойына жатып қалады. Мәселен, «Қазақстаннефть» бірлестігінің кәсіпорындарында өнертапқыштар мен рационализаторларға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Формасы жағынан мұнда істің бәрі реттелген сыяқты: бірлестік жанында өнертапқыштардың советі құрылған, мұнай кәсіпшіліктерінің кәсіподақ комитеттерінде тиісті комиссиялар бар. Бірақ өнертапқыштар советі де, жалпы

өнертапқыштық және рационализаторлық комиссиялары да өздерінің жұмысын жоспарламайды, мәжлістерді оқта-текте, реті келгенде өткізеді. Февральда СССР Мұнай өнеркәсіп министрлігі рационализаторлық пен өнертапқыштықтың екі байқау-конкурсын өткізу туралы бұйрық шығарды, бірақ бірлестіктің (бастығы Өтебаев жолдас) басшылары мен мұнай өнеркәсібіндегі жұмысшылар кәсіподағының республикалық комитеті (председателі Есенжолов ж.) бұл бұйрық туралы тек июльде ғана білді.

Бірлестіктің аппаратында және бірсыпра мұнай кәсіпшіліктерінде жаңалықты енгізуге бюрократтық көзқарас болып келеді. Рационализаторлар амалсыздан министрлікке шағым жолдайды, бірақ көп уақытта мұның да пайдасы тимейді. Мысалы, Байшонас мұнай кәсіпшілігінің бас геологі Думчев жолдас өзінің өнертабысы — тереңнен тартатын насос-тын май камерасы — біржарым жылдан артық уақыт бойына ескерусіз жатқанын жазды. Шағым өнертапқыштар советінің председателі, бірлестіктің бас инженері Гершман жолдасқа қайтып келді. Ал ол формальды сымтаулар айтып, тәжірибелік үлгінің жасалуын тездетуге ешқандай шара қолданбады. Мұнда ондаған бағалы ұсыныстар осындай халге ұшыратылды.

Жарысқа түсуші жаңашылдар мен озаттарды ынталандырудың көптеген формалары бар: құрмет грамоталарымен наградау, құрмет тақтасына жазу, ақшадай сыйлықтар беру және басқалары. Авторлық сыйлықтардың дұрыс және мезгілінде төленуін қатаң бақылап отыруға тиісті кәсіподақ ұйымдары бұл істе шешуші роль атқарады. Ал көптеген кәсіпорындарда рационализаторлық ұсыныстарды енгізуден үнемделген қаржы есепке алынбайды, кейбір шаруашылық басшылары кәсіподақ ұйымдарымен кеңеспей, сыйлықтарды өздері бөледі. Бірінші жарты жылда Шымкенттің мақта-мата фабрикасының коллективіне бүкілодақтық сыйлық — 30 мың сом берілді. Бұл сыйлыққа әкімшілікпен бірге фабрикалық комитет емес, фабриканың директоры Назарбеков жолдас билік етіп, оны басқарма аппаратына бөліп берді.

Әкімшілікпен аяқтасты етілген кәсіподақ ұйымының праволарын қалпына келтіріп, Шымкент фабрикасында ғана емес, министрліктің басқа кәсіпорындарында да кәсіподақтың күші мен беделін сездіріп қоюға республикалық комитеттің зор мүмкіндігі бар. Бірақ республикалық комитет (председателі Ахметов жолдас) төменгі комитеттерге жарамсыз үлгі көрсетіп, онан бір шеткей қала береді.

Коммунистік партия, Совет үкметі кәсіподақтарға зор праволар мен материалдық мүмкіндіктер берді, оларға мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыста маңызды роль жүктеді, еңбекшілердің советтік заңдардан туатын праволарын қорғаудың жауапты участогін сеніп тапсырды. В. И. Ленин былай деп жазды: «...одақтар бұл негізді таптық экономикалық күрес ретінде жоғалтты, бірақ бұл негізді совет аппаратын бюрократтық бұрмалауға қарсы күресу мағнасындағы, бұл аппараттың қолы жетпейтін жолдар мен құралдар арқылы еңбекшілер бұқарасының материалдық мүдделері мен рухани мүдделерін қорғау, т. с. мағнасындағы таптық емес «экономикалық күрес» ретінде еш жоғалтқан жоқ және әлі көп жылдар бойы, амал не, жоғалта алмайды...» (Шығармалар, 32-том, 90 — 91-бет).

Партия ұйымдары мұны кәсіподақ қызметкерлеріне, кәсіподақтар комитеттері мен советтеріне жиі-жиі ескертіп отыруға, олардан жұмысшылар мен қызметшілердің заңды праволарына бюрократтықпен, немқұрайды қараушылықтың қандайына болса да қарсы батыл күрес жүргізуді, еңбек туралы заңдарды, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзуға қарсы, еңбекшілердің тұрмыс қажеттерін, мәдени тілектерін елемеушілікке қарсы күрес жүргізуді талап етуге тиіс.

Мемлекет еңбек қорғауды, қауіпсіздік техникасын және өнеркәсіптік санитарияны жақсартуға жылсайын жүздеген миллион сом

қаржы бөледі. Бұл қаржының пайдаланылуың тыңғылықты бақылап отыру — кәсіподақтардың төл ісі. Олар совет адамдарының еңбегін жеңілдетіп, денсаулыққа қолайлы жағдай туғызатын жаңа тетіктердің енгізілуін қадағалап отыруға тиіс. Ал бізде, кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының кейбір басшыларының қажетті еңбек жағдайын туғызуға атүсті қарайтынын дәлелдейтін фактілер аз емес. Мәселен, Шымкенттің қорғасын заводында (директоры Симаков жолдас, заводтық комитеттің председатели Еляков жолдас) еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына бөлінген көп қаржы жылма-жыл толық пайдаланылмайды. Бұл іске өздерінің үлесін қосуға тырысатын рационализаторларды да бұл заводта ешкім қолдамайды. Быйыл вентиляция цехының жұмысшылары мен мамандарынан тұндырғыштардағы тозаңды онан шығаруға жеңілдік келтіруді, ауатұндырғыштарды тазартуға жұмсалатын еңбекті неғұрлым азайтуды көздейтін бірсыпра ұсыныстар түсті. Заводтың кейбір цехтарында тозаң мен газ көп бола тұрсада, бұл ұсыныстар жүзеге асырылмады. Еңбек қорғауды және қауіпсіздік техникасын жақсартуға берілетін миллиондаған сом қаржыны жылсайын менгермей отырған, Қазақстанның Түсті металлургия министрлігінің басқа кәсіпорындарында да сондай. Ондай халге көніп отыра беретін түсті металлургия жұмысшылары кәсіподағының республикалық комитеті (председатели Сорокин ж.) бұған едәуір дәрежеде айыпты.

Біздің елімізде еңбек пен тұрмыс өзара тығыз байланысты. Еңбекшілердің тұрмысын онан әрі жақсартуға қамқорлық жасамайынша, өндірісті өрге бастыру мүмкін емес. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы мұны тағы да атап көрсетіп, «жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің және қызметшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді онан әрі жақсарту шараларын қолдануды, әсіресе, тұрғын үйлер салу жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, еңбекшілердің қажетін өтеуге байланысты көпшілікті тамақтандыратын орындардың, емханалардың жұмысында тәртіп орнатуға ерекше көңіл бөлуді» талап етті.

Қазақстанда соңғы екі — үш жылдың ішінде, әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты, тұрғын үйлер салу мейлінше кең өрістетілді. Сондықтан кәсіподақ ұйымдары тұрғын үйлер құрылысын ерекше қадағалап отыруға тиіс. Қазақстанның кәсіподақтар советі июль — август айларында кәсіпорындардағы, совхоздардағы, МТС-тердегі тұрғын үйлер және мәдени-тұрмыс орындарын салудың барысын жаппай төксеру айлығын ұйымдастырып, жақсы инициатива көрсетті. Бірақ бұл — жұмыстың бастамасы ғана. Қазақстанның кәсіподақтар советі, кәсіподақ ұйымдары тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс орындарын салудың барысын үнемі бақылап отыруға тиіс.

Сан мың жұмысшылар мен интеллигенцияны ұйымдастырып отырған Қазақстанның кәсіподақтары КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдеріне қызу үн қосып, бесінші бесжылдықтың программасын мерзімінен бұрын орындау күресіне онан сайын күшті жігермен белсеніп қатысуда. Республиканың кәсіпорындарында, совхоздарында, МТС-терінде, колхоздарында КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс барған сайын кең өрістетілуде. Қабылданған міндеттемелерді орындаудың барысында кәсіподақтар комитеттерінің ұйымдастырушылық және тәрбиешілік ролі өсуде. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы атап көрсеткен, кәсіподақтардың жұмысындағы кемшіліктерді жою ісінде оларға мейлінше көмектесіп, кәсіподақтардың еңбекшілер қалың бұқарасымен байланысын нығайтуға барынша атсалысу — партия ұйымдарының міндеті.

Бірінші орыс революциясы және Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі

Н. КАЛИСТРАТОВ,

тарих ғылымдарының кандидаты

Бірінші орыс революциясының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы болды. Бұл революция Россияның дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығына, ал оның қаһарман жұмысшы табының бүкіл дүние жүзінің революцияшыл пролетариатының авангардына айналғанын көрсетті. Орыс революциясының әсерімен бүкіл дүние жүзінде революциялық қозғалыс мықтап күшейді.

Бірінші орыс революциясының Азияға тигізген әсеріне баға бере келіп, В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Орыс революциясы бүкіл Азияға қозғау салды. Түркиядағы, Персиядағы, Қытайдағы революциялар 1905 жылы күдіретті көтерілістің терең із қалдырғандығын және жүз-жүздеген миллион адамдардың шабуылды қыймылынан көрініп отырған, оның әсерін жоюға болмайтындығын дәлелдейді» (Шығармалар, 23-том, 267-бет). Шынында да, Россиядағы революцияның әсерінен Иранда (1905 жылы), Түркияда (1908 жылы) және Қытайда (1911 жылы) революциялар басталды. Оның үстіне орыс революциясы Индияда, Индонезияда және Азияның басқа елдерінде азаттық қозғалыстың өрлеуіне күшті қозғау салды.

Азиядағы революциялар ірі капиталистік мемлекеттердің дүние жүзін өзара бөлісуі аяқталып, өздерінің дамуында артта қалған азиялық елдер колониялық немесе жартылай колониялық құлдыққа түскен кезде басталды. Империализм колониялар мен метрополиялар арасындағы қайшылықтарды шиеленістірді. Шетелдік капитал Азия елдеріне өте бастады, олардың экономикалық және саяси тұрмысын өздеріне бағындыра берді. Шетелдік империализм Азия елдеріндегі феодалдық қатнастарды сақтап, ұлттық өндіргіш күштердің дамуына бөгет жасады.

Шетелдік капиталдың Азия елдеріне енуі бұл елдерде капиталистік қатнастың дамуына азды-көпті көмектесті. Мұның өзі ортағасырлық талау және зорлық-зомбылық әдістерін еңбекшілер бұқарасын қанаудың капиталистік формаларымен ұштастырмай қоймады.

Азия елдерінде капитализмнің дамуымен бірге, шетелдік империализммен тығыз байланысты ұлттық буржуазия және ұлттық пролетариат пайда болды. Иранда, Түркияда, Қытайда, Индияда және Азияның басқа елдерінде жұмысшы табы саны жағынан аз және ұйымдаспаған еді. Жалпы алғанда, Азия мемлекеттері феодалдық монархияның қатал тәртібі орныққан, екіншілік дәрежесі төмен, өнеркәсібі нашар дамыған, артта қалған елдер болды.

Азия елдерінің онан әрі дамуы бұл елдердегі экономикалық, әлеуметтік қатнастарды түбірінен өзгертуді, сол сыяқты шетелдік империализмге тәуелділікті жоюды талап етті. Мұндай түбірлі өзгерісті тек революцияның нәтижесінде, халық бұқарасының шешуші роль атқаруымен, пролетариаттың гегемониясы және революцияшыл марксистік партияның басшылығы арқасында ғана жасауға болатын еді. Бірақ Азия елдерінің ортағасырлық мешеулігі, Ирандағы, Түркиядағы және Қытайдағы жұмысшы табының әлсіздігі, ұйымдаспағандығы себепті, бұл елдердегі революциялар ұсақбуржуазиялық демократияның басшылығымен өтті, ал

жұмысшылар мен шаруалар соларға ерді. Либерал буржуазияны алатын болсақ, ол революция дамыған сайын онан аулақтап, реакцияның лагерьіне біржолата өтті.

XX ғасырдың басында Азия елдеріндегі революциялар 1905 — 1907 жылдардағы орыс революциясының тікелей әсерімен жасалды. Бұл революциялар Азия елдеріндегі феодалдық қатнастарға және шетелдік империализмнің озбырлығына қарсы бағытталды.

Өздерінің сипаты жағынан буржуазиялық революциялар болған Ирандағы, Түркиядағы, Қытайдағы революциялардың өздеріне тәп өзгешеліктері болды. Бұл өзгешеліктер ол елдердің экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктерінен туды.

1905 — 1907 жылдардағы орыс революциясы Ирандағы жалпы революциялық қозғалыстың өрлеуіне әсер етті. Тегеранда, Тавризде, Реште және басқа көптеген қалаларда жұмысшылар, майдагерлер, қаланың кедейлері, ұсақ сәудегерлер шахтың жексұрын абсолютизміне қарсы күреске шықты. Мұның ізінше провинцияларда шаруалардың помещиктерге қарсы қыймылдары басталды. Халық бұқарасының ызасынан қорыққан шах 1906 жылы амалсыздан меджлисті (парламентті) шақыруға және конституцияны енгізуге ризалық білдірді. Мұның өзі 1905 жылғы декабрьде басталған революцияның, азда болса жеңіске жеткен алғашқы табысы болды. Иранда монархия жойылмады, бірақ парламент пен конституция шахтың толық өкімет билігін азда болса тежеді. Оның үстіне, революцияның барысында энцидумендер — демократиялық жыйналыстар құрылды; олар елде демократиялық тәртіп орнатуға ұмтылып, шахтың озбырлық тәртібіне қарсылық көрсетті.

Европаның империалистік мемлекеттерінің, әсіресе Россия мен Англияның билеп-төстеуші топтары Ирандағы революциядан мықтап қорықты. 1907 жылғы августа Иранға бөлісіп ықпал ету туралы ағылшың-орыс келісімі жасалды. Мұның өзі халық бұқарасы арасында жаңадан күшті наразылық туғызды. Көптеген қалаларда империалистерге қарсы митингтер, демонстрациялар жасалды. Революция тез өрлей бастады.

Ирандағы революцияны біржолата жою үшін шах орыс патшасынан жәрдем сұрады. 1908 жылғы июньде полковник Ляхов бастаған патша әскерлері Тегеранда меджлис үйіне оқ жаудырды. Иранда абсолюттік монархия қайта орнатылды, бірақ сонда да шахтың революцияны басуға шамасы келмеді.

Иран революциясының негізгі базасы Ирандық Азербайжан болды. Оның жұмысшы табы Закавказье пролетариатының және Закавказьенің большевиктік партия ұйымының тікелей ықпалында болды. Большевиктік партия Иранның революционерлеріне адамдар, қару-жарак, оқ-дәрі беріп, зор көмек көрсетті. Азербайжан көтерілісшілерінің артиллериясына «Потемкин» броненосеціндегі көтеріліске қатысқан, Румыниядан Тавризге өткен жауынгер басшылық етті. Бакудің және басқа қалалардың кәсіпорындарында болған көптеген ирандық жұмысшылар Закавказье пролетариатының қатарында тәрбиеленді. 1909 жылдың аяғында және 1910 жылдың басында Иранда Серго Орджоникидзе болды. Ол халық бұқарасының революциялық күресіне белсеніп қатысты.

Ирандық Азербайжанда шах әскерлеріне қарсы қаһармандық қарулы күрес кең өріс алды. Өкімет әскерлеріне қарсы ерлікпен соғысқан Тавриз жұмысшылары Иран революциясының тарихына даңқты жауынгерлік беттер қосты. Реште, Астрабадта, Хамаданда, Ширазда және басқа кейбір қалаларда қарулы көтерілістер болды. Гилянда, Хорасанда және елдің басқа аудандарында шаруалар қозғалысы ұлғайды. Рештен Тегеранға жорық жасалды. Бұл жорық 1909 жылы шах Мухаммед-Алиді құлатып, сол жылғы ноябрьде екінші меджлисті шақырумен аяқталды. Шахтың абсолютизміне қарсы революциялық күреске Иранның алғашқы

жұмысшы ұйымдары — кәсіподақтар мен социал-демократиялық топтар белсеніп қатысты.

Ирандағы революцияны басу мақсатымен Россия және Англия Иранға қарсы ашықтан-ашық интервенция жасады. Орыс және ағылшын әскерлерінің көмегімен Иран революциясы басылды. Орыс патша өкметінің Иран революциясын тұншықтырудағы маскаралық ролін көрсете келіп, В. И. Ленин мұнда 1849 жылғы оқиғалар — Николай I-інің венгер революциясына қарсы әскер жібергені — жаңадан қайталағанын жазды.

Ирандағы революцияның жеңуі үшін халық бұқарасының қарулы отрядтары, әсіресе фидайлер отрядтары (революцияшыл гвардия) белсеніп күресе тұрса да, бұл революция негізінде буржуазиялық революция болды, сол себепті экономикалық және әлеуметтік қатнастарды түбірінен өзгерте алмады. Бұқаралық революциялық қозғалыстан өлердей қорыққан либерал буржуазия революцияны үзілді-кесілді жеңіске жеткізе алмады. Революция дамыған сайын либералдар контрреволюцияның лагеріне көшуге асығып, «жақсартылған» монархиялық тәртіпті қолдай бастады. Иранның пролетариаты әлі де әлсіз, ұйымдаспаған еді, сол себепті халық бұқарасының революциялық қозғалысына, ең алдымен шаруалардың қозғалысына басшылық ете алмады.

Дегенмен, Иран революциясының зор маңызы болды, өйткені Иранның халық бұқарасы өзінің тарихында алғаш рет, саналылықпен қолына қару алып, бостандық, демократия және тәуелсіздік жолындағы саяси күреске аттанды. Бұл революция феодалдық-абсолюттік құрылысқа және империализмнің колониялық системасына соққы берген, Азиядағы алғашқы революция болды.

Бірінші орыс революциясы Түркия халық бұқарасының ұлттық-азаттық қозғалысына да күшті әсер етті. Бұл елдің демократиялық күштері орыс революциясының дамуына, әсіресе Қаратеңіз флоты теңізшілерінің, Россияның оңтүстігіндегі және Кавказдағы жұмысшылар мен шаруалардың жанқиярлық күресіне ерекше назар салып отырды. Революция кезінде Кавказда шығарылған газеттер астыртын Кіші Азияға таратылды. Бұл газеттерде Түркияның халық бұқарасын Россияның жұмысшылары мен шаруаларының қаһармандық өнегесінен үлгі алып, бостандық үшін, абсолюттік тәртіпті жою үшін күреске шақырған мақалалар басылды. Түркияның дәйекті демократтары Түркияның тарихи тағдыры үшін орыс революциясының зор маңызы бар екенін көрсетіп, оған дұрыс баға берді. Түркияның бір газетінде турасынан: «Біздер орыс революциясының ұлы идеяларынан үлгі алуға тиістіміз» деп жазылды.

Түркияда көп өріс алған халық бұқарасының революциялық қозғалысы мұнымен бірге феодализмге, империализмге қарсы қозғалыс болды. Сол сыяқты бұл қозғалыс Түрік империясындағы көптеген халықтардың өздерінің азаттығы жолындағы, Абдулхамид монархиясының, помещиктердің және буржуазияның ұлттық-колониялық езгісінен құтылу жолындағы күресімен тығыз байланысты болды.

Түрік революциясы 1908 жылғы июньде басталды. Оның негізгі ошағы Македония болды. Жас түріктердің басшылығымен мұнда түрік армиясының солдаттары көтеріліс жасады. Оларды шаруалардың көтерілісші отрядтары белсене қолдады. Сұлтанның көтерілісті басуға жіберген әскерлері революция жағына шықты.

Македониядағы көтеріліс бүкіл елді толқытты. Халық күштері барлық жерде қозғалды. Көтерілісшілерді түрік флотының теңізшілері қолдады. Патшаның жеңдеттері жазалап өлтірген лейтенант Шмидтің қарындасы мен баласына жолдаған хатында бір топ түрік офицерлері былай деп жазды: «Біздер де ұлы азамат Шмидке мынадай серт береміз: қасиетті азаматтық бостандық үшін қасық қанымыз қалғанша күресеміз, күш біріктіріп, адамға лайықты өмір сүруге право алу үшін, түрік

халқын Россиядағы оқиғалармен таныстыруға барлық күшімізді жұмсаймыз және барлық шараларды қолданамыз».

Түркиядағы революция Европаның билеп-төстеуші топтарын қатты абыржытты. В. И. Ленин түрік революциясының табысты болуынан бұл топтардың бәрі де қорыққанын, өйткені бұл революция Азиядағы демократиялық қозғалыстың өрлеуінің жана айғағы болғанын және оған дем бергенін, Индиядағы азаттық қозғалыстың күшеюіне көмектескенін, орыстың патша өкіметінің реакцияшылдық саясатына қыйыншылық туғызып, Россия мен Европадағы революциялық қозғалыстың өрлеуіне жеңілдік келтіргенін көрсетті.

Түрік революциясының дамуынан оның басшылары — жас түріктердің «Бірлік және прогресс» партиясы да сондай қатты қорықты. Ол түрік буржуазиясының авангарды болып, оның таптық мүдделерін қорғады. Бұл партия, демократиялық революцияның үзілді-кесілді жеңіске жетуін көздеген халық бұқарасының революциялық күресіне басшылық етуге ұмтылмады. Жас түріктер еңбекшілер үшін неғұрлым маңызды мәселелерді: жер, ұлт және жұмысшы мәселелерін шеше алмады және шешкісі келмеді. Түрік революциясы жоғарғы топтардың революциясы болып шықты. Бұл революцияда халық қалың бұқарасы өзінің саяси программасымен майданға шықпады. Жас түріктер бұған жол бермеуге барлық шараларды қолданды. Өкметті қолға алғаннан кейін олар жұмысшылар мен шаруалар қозғалысын, түрік емес ұлттардың халық-азаттық қозғалысын қаталдықпен басуға кірісті.

Жас түріктер елде тек 1876 жылғы конституцияны қалпына келтірді. Бұл конституция тұсында монархия сақталды, тіпті сұлтан Абдулхамидтің өзі де тағында қалды. Тек 1909 жылғы контрреволюциялық төңкеріс жасау әрекетінің сәтсіздікке ұшырауынан кейін ол тақтан түсірілді.

Түрік революциясының маңызына баға бере келіп, В. И. Ленин: «бұл жеңіс жарты жеңіс немесе тіпті жартыдан да кем жеңіс, өйткені, Түркияның Екінші Николайы әзірге Түркияның атақты конституциясын қайта орнатуға уәде берумен құтылып отыр» деп жазды (Шығармалар, 15-том, 179-бет). Жоғарғы топтардың революциясы болуына қарамастан, түрік революциясының зор маңызы болды, өйткені ол Иран революциясының ізінше Азиядағы феодалдық-озбырлық құрылысқа және империализмнің колониялық системасына тағы бір соққы бергендік болды.

Россия жұмысшылары мен шаруаларының революциялық күресі Қытай демократиясына үлгі көрсетті, демократиялық және либералдық баспасөз бетінде кеңінен баяндалды. Егер либералдар өрісі тар шағын талаптар қойса, демократиялық баспасөз орыс революционерлерінің ерлік үлгісінен өнеге алуға батыл шақырды. Мысалы, Сун Ят-сен құрған революциялық-демократиялық Тунмэнхой партиясының органы — «Миньбао» («Халық») газеті 1906 жылы былай деп жазды: «Орыстың абсолюттік мемлекетінің саяси ұйымы, Манчжурия мемлекетіне қарағанда, әлде қайда күшті және жетілген бола тұрсада, оған қарамастан орыс революционерлері қан төге отырып, өздерінің күресінде жауға берілмей келеді. Қытай революционерлері олардың алдында шын ниетімен бас иеді».

Қытайдағы 1911 жылғы революция, 1907 жылы Қытай демократиясының атақты үш принципі: «ұлтшылдықты» (Манчжурия монархиясын жойып, ұлтты біріктіру), «халық өкіметін» (Қытайда демократиялық республика орнату) және «халық игілігін» (жерді найдалану заңдарын теңгеру) жарияланған Қытайдың ұлы демократы Сун Ят-сеннің есімімен тығыз байланысты. Сун Ят-сеннің Қытай революциясындағы программасын сыйпаттай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Республиканы талап еткен тұтас демократизм. Бұқараның халі туралы, бұқаралық күрес туралы мәселені тұрасынан қояшылықты, еңбекшілерге және

каналушыларға жалынды тілектестікті, олардың ісінің ақтығына, олардың күшіне сенгендікті көреміз» (Шығармалар, 18-том, 159-бет).

Қытайдағы цин монархиясына қарсы күрес 1905 жылдан бастап бірте-бірте өрлей берді. Бұл күреске, негізінде ұсақ буржуазиялық демократия өкілдерінен құрылған сунятсендік Туимәнхой ұйымы басшылық етті. Туимәнхойдың насихат және үгіт жұмысын жүргізуге жағдай қолайлы болды. Россияның Пекиндегі елшісі Коростовцев Қытайдың көптеген аудандарының халқы арасында, «оның жиілігі, кедейлігі, жиі-жиі кезбе аурулар мен аштыққа ұшырауы себепті, әртүрлі революциялық насихат жүргізуге, үкметке қарсы ағымдардың тууына қолайлы жағдай болып отырғанын» Петербургке хабарлады. 1906—1911 жылдарда Қытайдың Чжензян, Гуандун, Сычуань және басқа провинцияларында көтерілістер болды. Туимәнхой әзірлеген және бастаған, Учаньдағы 1911 жылғы 10 октябрьдегі көтеріліс Қытай революциясының бастамасы болды. Учаньдағы көтерілістің ізінше Ханьянда, Ханькоуда, Ичанда, Чаншада, Цзюцзяньда, Кантонда және басқа қалалар мен провинцияларда көтерілістер болды. Бұл көтерілістердің бірсыпасына жұмысшылар белсене қатысты. Көп ұзамай көтерілісшілер Қытайдың оңтүстік бөлегін және Орталық Қытайдың көбін өздеріне қаратып алды. Ал елдің солтүстігінде монархиялық тәртіп үстемдік жүргізе берді. Демократиялық оңтүстік пен монархиялық солтүстік арасындағы кең өріс алған азамат соғысы екі жақты келісуімен аяқталды. Революцияның ұлғаюынан, оған қалың халық бұқарасының қатысуынан қорыққан шетелдік империалистер мен қытай буржуазиясы екі жақты осылайша келістіруге тырысты.

1911 жылғы 29 декабрьде оңтүстіктің революциялық провинциялары өкілдерінің съезінде Сун Ят-сен Қытай республикасының уақытша президенті болып сайланды. Кейіннен, либерал болғанын түсін өзгерткен реакцияшыл Юань Ши-кай президент болды. 1912 жылғы 12 февральда цин династиясы амалсыздан тақтан тайды, мұның өзі Қытайда манчжурлардың озбырлық монархиясының ел билеуінің аяқталуы болды. Сол жылғы мартта Қытай республикасының конституциясы қабылданды. Алайда біраз уақыттан кейін елде реакцияның шабуылы күшейді, мұнан кейін шетелдік империалистердің көмегімен Қытайда Юань Ши-кайдың буржуазиялық-помещиктік диктатурасы орнатылды.

Қытай революциясы елде феодализмнің негіздерін кыйратпады, елді шетелдік империализмге жартылай колониялық тәуелділіктен құтқармады. Қытай революциясының бұлай аяқталуының бірнеше себептері болды. Мао Цзе-дун жолдас Қытайдағы 1911 жылғы революцияның «түсікпен аяқталуының себебі — ол кезде пролетариат революцияға әлі саналылықпен қатыспады, ол кезде Коммунистік партия әлі болмады» деп көрсетті, ол кезде қытай пролетариаты әлі саяси майданға саналы, дербес таптық күш болып шықпағанын айтты. Революцияға қатыса отырып, қытай пролетариаты әлі де ұсақ буржуазиялық демократияға ерді. Саны аз, ұйымшылдығы кем, революцияшыл-марксистік партиясы жоқ Қытайдың жұмысшы табы ол кезде революцияға басшылық ете алмады.

Қытайдағы революция Туимәнхойдың басшылығымен өтті. Бұл партия астыртын күрестен жарыққа шыққаннан кейін, либерал буржуазияның өкілдері және революцияға жолдан қосылған басқалар есебінен тым үлкей бастады. Бұл элементтердің әсерімен Туимәнхой өзінің бұрынғы талаптарын жүзеге асырудан бас тартты. Мәселен, бұл партия Сун Ят-сеннің үшінші принципін — демократиялық аграрлық реформа жасауды жүзеге асыруға бата алмады. Мұндай жағдайда шаруалар қалың бұқарасы Сун Ят-сеннің партиясын қолдамады.

Революцияға қосылғанда, оны капиталистер мен помещиктерге қолайлы арнаға түсіру үшін қосылған либерал буржуазия қытай револю-

циясының жеңілуіне, онан кейін жанышталуына зор себепші болды. Екі жүзді, сатқын, буржуазия мен помещиктердің таптық мүдделерін аянбай қорғаушы генерал Юань Ши-кай Қытайдың либерал буржуазиясының нағыз өкілі болды.

Шетелдік империалистер қытай революциясының тұншықтырушылары болды, өйткені, революцияның жеңуі Қытайды өздерінің ықпалынан шығарып, Азияда азаттық қозғалыстың жаңадан мықтап өрлеуіне әкеп соқтыратынын олар жақсы түсінді.

Қытай революциясының зор тарихи маңызы болды. Ол цин династиясының үстемдігін құлатып, Қытайда екі мың жылдан артық уақыт бойына өмір сүріп келген феодалдық-монархиялық құрылысты біржолата жойды, сөйтіп республика орнатты. Бұл революция Қытай революциясының тарихындағы алғашқы дәуірдің бастамасы болды. Бұл дәуірде қытай халқы феодализм мен империализмге қарсы, біртұтас, демократиялық және тәуелсіз Қытай үшін күресті. Қытайдың халық бұқарасы бұл революцияда зор ерлік көрсетті. В. И. Ленин қытай халқының «өзінің нешеме ғасырлық құлдығына қайғырып қана қоймай, бостандық және теңдік туралы тек арман етіп қана қоймай, Қытайды нешеме ғасырлар бойынша езушілермен күреске де білегінін» жазды (Шығармалар, 18-том, 159-бет).

Иран мен Түркияның революциялары сыяқты, Қытайдың 1911 жылғы революциясы да тек өз елінің ішіндегі феодализмге соққы беріп қоймай, мұнымен бірге дүниежүзілік империализмнің тіректерінің нашарлауына себеп болды.

Бірінші орыс революциясының әсерімен басталған, Азиядағы азаттық қозғалысы Азияның басқа елдеріне де, әсіресе Индияға кеңінен жайылды. Индияның прогресшіл саяси қайраткерлері феодализмге және ағылшын империализміне қарсы күреске шақырды. Мысалы, Индияның көрнекті саяси қайраткері, жазушы және экономист Дадабхай Наороджи 1906 жылы былай деді: «Егер орыс шаруалары өздерін өздері басқаруға әзір болып қана қоймай, бұл теңдікті бүкіл әлемнің ең үлкен деспоты — патшадан тартып ала білсе, егер Азияның шығысында Қытай, Азияның батысында Персия оянып келе жатса, егер Жапония кәзірдің өзінде оянған болса, ал Рәссия өзінің азаттығы үшін қаһармандықпен күресіп жатса, онда біз деспотизмнің правосыз құлдары болып қала ала аламыз ба?»

Индияда азаттық қозғалыс 1905—1908 жылдарда мықтап өрледі. Бұл қозғалыстың ең көп таралған ұрандары «сварадж» (елдің өзін өзі басқаруы) және «свадеши» (елдің өз өндірісі) болды. Индияның демократтары бұл ұрандарды — Индияның саяси және экономикалық тәуелсіздігі үшін, Индияны ағылшын империализмінің колониясынан дербес республикаға айналдыру үшін күресуге шақырған ұран ретінде алға тартты. «Шеткерілердің» көрнекті көсемі Тилак «бюрократияның дандайсығандық және ешқандай тежеусіз озбырлығы Британия империясының индиялық бағыныштыларын орыс халқының күрес әдістеріне еліктеуге, сөйтіп заң белгілеген шектен аттап өтуге ұмтылдырғанын» көрсетті.

Өзінің революциялық күресінде жалпы саяси ереуіл жасау дәрежесіне жеткен пролетариаттың Индиядағы азаттық қозғалысқа қатысуы бұл қозғалыстағы тамаша оқиға болды. Мұндай ереуіл 1908 жылғы июльде Бомбейде жасалды; оған 100 мыңдай тоқымашылар, теміржолшылар, жүкшілер және қала транспортының жұмысшылары қатысты. Бұл ереуілге баға бере келіп, В. И. Ленин «Индияда да пролетариат кәзірдің өзінде бұқаралық саналы саяси күрес жүргізу дәрежесіне жетіп өскенін» көрсетті. (Шығармалар, 15-том, 181-бет).

Бірінші орыс революциясының әсерімен Кореяда, Монғолияда, Индо-Қытайда, Индонезияда және Афғанстанда азаттық қозғалыс өрге басты. Кореяда «Әділеттілік армиясы» деп аталған партизан отрядтарының

жапон басқыншыларына қарсы күресі күшейді. Монғолияда манчжур монархиясына қарсы қозғалыс ұлғайды. Индо-Қытайда помещиктер мен француз колонизаторларына қарсы шаруалар қозғалысы басталды. Индонезияда Голландия империалистеріне қарсы азаттық қозғалыс бұқаралық сипат алды. Афғанстанда ағылшын империализміне қарсы қозғалыс күшейді.

Орыс революциясы Жапониядағы революциялық қозғалыстың өрлеуіне күшті әсерін тигізді. 1905 — 1906 жылдарда Жапонияда жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу жолындағы бұқаралық қозғалыс етек алды. Одан кейінгі жылдарда жұмысшылардың көптеген стачкалары мен ереуілдері жасалды. Мысалы, 1911 жылғы декабрьде Токиода үлкен стачка ұйымдастырылды. Жұмысшылардың саяси өкметті күреспен қолға алуы туралы мәселе әлеуметтік революцияның негізгі мәселесі болып табылатынын Сен Катаяма талай рет мәлімдеді.

Ирандағы, Түркиядағы, Қытайдағы революциялар, сол сыяқты Азияның басқа елдерінде азаттық қозғалыстың өсуі, пролетариаттың гегемониясымен өткізілген, большевиктердің революцияшыл-марксистік партиясы басшылық еткен бірінші орыс революциясының тікелей әсерімен, Азияның халықтары өздерінің тарихында алғаш рет демократия және ұлттық тәуелсіздік жолындағы саяси күреске саналылықпен аттанғаны дәлелдеді.

Метрополиялардың империалистері феодалдық-монархиялық және либерал-буржуазиялық контрреволюциямен бірге, Азия халықтарының азаттық қозғалысын жаныштап басуға барлық шараларды қолданды. И. В. Сталиннің айтқанындай, Түркияны, Персияны және Қытайды бөлісуге келгенде, батыс империализмінің ең сенімді одақтасы болған орыс патша өкметі бұл аюандық саясатқа белсеніп қатысты.

II Интернационалдың оппортунист басшылары Азия халықтарының азаттық қозғалысын басуға келгенде өздерінің империализмге сенімді итаршы екенін көрсетті. Бұл интернационалдың лидерлері: империализм колонияларда «мәдениеттендірушілік» роль атқарады, ал колониялар мен тәуелді елдердегі революциялар реакциялық оқиға болып табылады деп сендірмек болды. Мысалы, Отто Бауэр: Иран революциясы бейнебір капитализмнің «мәдениеттендірушілік» роліне қарсы халық бұқарасының зыянды қыймылы болды деп есептеді.

Ол кезде дүние жүзінде, Азия халықтарының азаттық күресінің тарихи маңызын дұрыс бағалап, оны қолдауды батыл қостаған бір ғана партия — большевиктер партиясы болды. Партия баспасөзінің органдарында В. И. Ленин бірсыпыра мақалалар жариялап, марксистік терең талдау жасау негізінде, Азия халықтарының азаттық қозғалысының себептерін, сипатын, мақсаттарын және келешегін көрсетті, либерал буржуазия мен метрополиялар империалистерінің контрреволюциялық саясатын ашып әшкереледі, Азия халықтарының азаттық қозғалысының өрлеуіне байланысты пролетариаттың және революцияшыл социал-демократияның міндеттерін белгіледі. Ол империалистердің Азиядағы революцияға қарсы халықаралық қастандығын халық бұқарасы алдында мейлінше әшкерелеуді, сол сыяқты Азия халықтарының азаттық қозғалысын қостап, бұқара арасында революциялық насихат және үгіт жүргізуді талап етті.

II Интернационал оппортунистерінің колония мәселесіндегі сатқындық позициясын әшкерелей отырып, В. И. Ленин мен И. В. Сталин алдыңғы қатарлы елдер пролетариатының революциялық күресін колония және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысымен біріктіруді жақтады. Олар ұлт мәселесін — пролетарлық революция туралы, пролетариат диктатурасы туралы жалпы мәселенің бір бөлегі деп таныды.

Большевиктік партия Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын батыл жақтады. Прага конференциясы «Қазіргі кезең және партияның

міндеттері туралы» қарарында, Азияның революциялық күрес жүргізуші халықтарына қарсы бағыталған, патша өкметінің колониялық-басқыншылық саясатын қатты айыптады. Бұл конференция Иран және Қытай революцияларын қолдап, В. И. Ленин жазған арнаулы қарарлар қабылдады. Патша өкметінің Ирандағы қарақшылық саясатына қарсы наразылық білдіріп, конференция «Орыс үкметінің Персияға шабуылы туралы» қарарында Иран халқының демократия және тәуелсіздік жолындағы күресіне бірауыздан толық тілектестік білдірді. «Қытай революциясы туралы» қарарында конференция, Азияға азаттық әперетін және еуропалық буржуазияның үстемдігін ойсырататын қытай халқының революциялық күресінің дүниежүзілік маңызын атап көрсетті. Конференция Қытайдың революцияшыл-республикашылдарын құттықтады, патша өкметінің Қытайдағы басқыншылық саясатын қолдаған орыс либерал буржуазиясын масқаралады, Россияның пролетариаты революцияшыл қытай халқының жеңістеріне сүйіспеншілікпен назар салып отырғанын атап көрсетті. Большевиктер партиясы, демократия және тәуелсіздік үшін революциялық күреске аттанған Азия халықтарына өзінің шын дос екенін іс жүзінде дәлелдеп көрсетті.

Ирандағы, Түркиядағы және Қытайдағы революциялар, сол сыяқты Индиядағы, Азияның басқа елдеріндегі азаттық қозғалыс жеңіліске ұшырады. Мұның ең бірінші себебі—бұл елдерде пролетариат әлі әлсіз болды, оның революцияшыл-марксистік партиясы — халық бұқарасының демократия және тәуелсіздік жолындағы революциялық күресін бастап, жеңіске жеткізе алатын бірден-бір партия болмады. Пролетариат басшылық етпеген шаруалар бұқарасы феодализмге және шетелдік империализмге қарсы күресте жеңіске жете алмады. Либерал буржуазияны алатын болсақ, ол революцияны феодадық-реакцияшыл топтармен, шетелдік империалистермен келісіп аяқтауға барлық шараларды қолданды. В. И. Лениннің атап айтқанындай, Азиядағы революциялар либерализмнің құлықсыздығын және оңбағандығын көрсетті. Бұл елдерге интервенция жасаған шетелдік империалистер Азиядағы революцияларды тұншықтыруға белсенді көмектесті.

Мұндай жеңіліске ұшырай тұрса да, Азиядағы революциялардың орасан зор тарихи маңызы болды. В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Азияның оянуы мен Еуропаның алдыңғы қатарлы пролетариатының өкметті қолына алу жолында күрес бастауы дүниежүзілік тарихтың ХХ ғасырдың басында ашылған жаңа кезеңін көрсетеді» (Шығармалар, 19-том, 68-бет). Мұның өзі империализм және пролетарлық революциялар заманының бір кезеңі болды. Бұл кезеңде алдыңғы қатарлы елдердегі пролетарлық қозғалысты колония және отар елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысымен біріктіріп, империализмге қарсы күрестің жалпы тасқынына қосу практикада жүзеге асырыла бастады. Бірінші орыс революциясы бүкіл дүниежүзілік тарихтың бұл жаңа кезеңінің бастамасы болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі колония және тәуелді елдердегі, пролетариаттың гегемониясына ерген, бұл елдердің коммунистік партиялары бастаған жеңімпаз азаттық революциялардың дәуірін ашты. Ұлы қытай халқының үздік жеңісі, Монғолия, Корея және Вьетнам халықтарының феодализм мен империализмді талқандаған жеңістері Азия халықтарын империалистік құлдықтан біржолата азат етудің бастамасы болды.

Қазақстанның энергетикасын дамытудың жолдары

Ш. ЧОКИН,

техникалық ғылымдардың докторы

Тұрақты энергетикалық база болмайынша, халық шаруашылығын әсіресе ауыр индустрияны ойдағыдай өркендету мүмкін емес. Өндірістік процестерді электрлендіру негізінде ғана шаруашылықтың барлық салаларында техниканы онан әрі алға бастыруға болады. Еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды онан әрі механикаландыру, өндірісті автоматтандыру электр энергиясын кеңінен қолданумен тығыз байланысты. Энергетика өзінің дамуында, ҚПСС Орталық Комитеті июль Пленумының атап көрсеткеніндей, өнеркәсіптің басқа салаларынан озып отыруға тиіс.

Совет өкметі тұсында елімізде көптеген үлкен электр станциялары салынды, қуатты энергетикалық жүйелер жасалды. 1954 жылы СССР-да электр энергиясын өндіру 1927 жылғыдан 35,5 есе өсті. 1913 жылы Ресия электр энергиясын өндіру жағынан дүние жүзінде 15-ші орын алса, кәзір екінші орын алып отыр.

Волга бойында — Куйбышев пен Сталинградта, сол сыяқты Сибирь өзендерінде орасан зор су электр станцияларының салынуы, — деді ҚПСС Орталық Комитетінің июль Пленумындағы баяндамасында Н. А. Булганин жолдас. — соғыстан кейінгі дәуірдің үздік табыстары. Кәзір салынып жатқан су электр станцияларының қуаты, 1954 жылдың басына дейін жұмыс істеп келген барлық су электр станцияларының қуатынан үш есе дерлік асып түседі.

Қазақстанда энергетикалық база соғыс алдындағы бесжылдықтар тұсында жасалды, әсіресе соғыстан кейінгі дәуірде мықтап өркендеді. Бесінші бесжылдықтың небәрі төрт жылы ішінде республикамыздың электр станцияларының қуаты 2,2 есе өсті, ал бұйыл электр энергиясын өндіру 1950 жылғыдан екі еседен аса артты. Соңғы жылдарда СССР-дағы ең үлкен су электр станцияларының бірі — Өскемен су электр станциясы іске қосылды, Совет Одағындағы су тегеуріні ең күшті станция — Үлкен Алматы өзеніндегі Озерная су электр станциясы және басқалары салынды.

Өткен уақытта Қазақстанның энергетикасын өркендету ісінде белгілі қателіктер болды. Жалпы пайдаланылатын оншақты үлкенірек электр станцияларын есепке алмағанда, республиканың энергетикалық базасы, көбінесе, кішкене ведомстволық электр станцияларынан құралды. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің төмен болуы (отынның көп жұмсалуды, электр энергиясының түсер құнының өте жоғары болуы, қызмет атқаратын адамдардың көп болуы) үстіне, мұндай электр станциялары өнеркәсіпті өркендетуге керекті жағдай жасай алмайды. Көптеген облыс орталықтарында (Семейде, Шымкентте, Оралда) электр энергиясының үнемі тапшылығынан өнеркәсіп бірқалыпты жұмыс істей алмайды. Ал орасан мол көмір және су қуаты қорларының болуы энергетикалық қуатты көбейтуге қажетті жағдай туғызады.

Республикамыз — қорғасын, мыс, мырыш және басқа түсті металдар мен сирек кездесетін металдар өндірісі жағынан еліміздің негізгі аудандарының бірі. Республиканың солтүстік аудандары шойын, болат,

алюминий, ферросплавтар өндірісінің үлкен базасы болып келеді. Электрометаллургия, электрохимия және өндірістің басқа, электр энергиясын көп қолданатын салалары кеңінен өркендетілуде. Өнеркәсіпті өркендетудің келешегі мұндай зор болып отырғанда, таяудағы жылдарда Қазақстанда электр энергиясын тұтыну бес-алты есе өседі.

Өнеркәсіптің электр энергиясын тұтыну қажетін тек энергетикалық қуаттарды дұрыс орналастырып, су қуаты мен жергілікті отын ресурстарын толық пайдаланғанда ғана қанағаттандыруға болады. Ал су қуаты мен отын қорларының бөлінуі өте әрекеткі. Мысалы, барлық отын ресурстарының 97 проценттен артығы Қазақстанның орталығында және солтүстік-батысында болса, республиканың барлық су қуаты ресурстарының 91 проценттен артығы оның оңтүстік және шығыс бөлегінде. Сол себепті республиканың оңтүстік және шығыс бөлегінде энергетика, көбінесе, су қуатын пайдалану негізінде, ал солтүстік-батыс және орталық Қазақстан аудандарында қуатты бу электр станцияларын салу есебінен өркендетілуге тиіс.

Энергетиканың көзіргі өркендеуінің бір ерекшелігі — ұлан-байтақ территорияны қамтыйтын қуатты энергетикалық бірлестіктердің жасалуы. Мұндай бірлестіктерде көптеген электр станциялары ортақ электр жүйесіне қызмет етеді, мұның өзі энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға және электр энергиясымен жабдықтауға неғұрлым жақсы жағдай туғызады. Көзір елімізде СССР-дың бүкіл Европалық бөлегін қамтыйтын энергетикалық бірлестік жасау жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстанның энергетикасы да осы жолмен өркендетілуге тиіс. Алайда, территорияның кеңдігі және жеке өнеркәсіп орталықтарының бір-бірінен қашықтығы белгілі бір қыйыншылықтар туғызып, алға қойылған міндетті шешкенде ерекше әдіс қолдануды керек қылады. Республиканың барлық электр станцияларын таяудағы уақыттың ішінде біртұтас энергетикалық жүйеге қосып біріктіру қыйынға соғады. Алғашқы кезде жеке өнеркәсіпті аудандарда жергілікті энергетикалық жүйелер жасалуға тиіс. Олардың қуаты өсе келе, іргелес энергетика жүйелерін өзара біріктіруге, сол сыяқты оларды Орта Азияның, Батыс Сибирьдің, Оралдың және Поволжьеінің энергетикалық жүйелерімен біріктіруге жағдай туады.

Республиканың басты-басты өнеркәсіп-экономикалық аудандарында энергетиканы өркендетудің негізгі жолдары қандай?

Рудалы Алтай ауданы. Мұнда түсті металдардың мол запастары Ертістің және оған құятын өзендердің орасан көп су қуаты ресурстарымен өте жақсы ұштасып келеді. Ульба және Өскемен су электр станциялары пайдалануға берілгеннен кейін, Алтайдың руда байлықтарын толық игеруге мүмкіндік туғызатын қуатты энергетикалық база жасаудың негізі қаланды.

Бұл ауданның энергетикасының өркендетудің ендігі кезеңі — алдағы бесжылдықта қуатты Бұхтарма су электр станциясының құрылысын аяқтау. Бұл су электр станциясының аса зор плотинасы салынғаннан кейін, Зайсан көлі де қамтыйтын зор теңіз жасалады. Су қоймасының пайдалы сыйымдылығы Ертіс суының ағысын және бұл өзен мен оған құятын салалардағы су электр станцияларының бүкіл құламасының қуатын көп жылдар бойына тәртіптеп отыруға мүмкіндік туғызады.

Рудалы Алтайдың шапшаң өркендеген өнеркәсібінің электр энергиясын тұтыну қажетін өтеу үшін, біздің пікірімізше, таяудағы уақыттың ішінде Ертісте ең үлкен Шульба су электр станциясын салуға кірісу керек. Алтайдың энергетикалық базасын өркендетуде зор роль атқаруының үстіне, бұл станция Ертіс бойының орасан кең территориясын суландыру жұмыстарын жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл станцияның ең зор пайдасы — оның плотинасы келешекте Ертіс суының бір бөлегін

Орталық Қазақстан аудандарына қарай бұратын құрылыс қызметін атқарады.

Ертістің төменгі бойында бірнеше үлкен су электр станцияларын салу бұл энергетикалық жүйенің қуатын онан әрі арттырудың зор резерві бола алады. Оның үстіне, Ертіске оңжақтан құятын өзендер — Убаның, Ульбаның және Бұхтарманың энергетикалық ресурстарын игерудің орасан зор маңызы бар. Бұхтарма және Шульба су электр станцияларының су қоймалары арқылы ол өзендердің режимін тәртіптеп отыру бұл өзендердегі су электр станцияларының қуатын нәтижелі, жақсы пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұл ауданда бұ электр станциялары тек ондағы жеке өнеркәсіп пункттерінің бұ электр энергиясын қолдануына қарай және Бұхтарма су электр станциясын іске қосқанға дейін энергетикалық жүйенің қысқы жұмысы графигін толықтыру қажетіне қарай салынуға тиіс.

Біздің есебімізше, Алтайдың энергетикалық жүйесі, электр энергиясы жағынан тапшылық көріп отырған Семей өнеркәсіп торабын қамтый алады. Сондықтан Өскемен—Семей электр линиясын жасау шұғыл міндет болып табылады. Мұның өзі Семей қаласын электр энергиясымен жабдықтау проблемасын бірден және толық шешеді.

Кәзіргі уақытта Алтайдың энергетикалық мемлекеттік жүйесі Алтай өлкесінің үлкен өнеркәсіп орталығы — Рубцовкамен байланысты. Алайда, электр линиясы күшінің шағындығы кәзірдің өзінде электр станциялары қуатын үнемдеп пайдалану мүмкіндігін тежеп отыр. Ал егер бұл электр линиясы келешекте Алтай энергетикалық жүйесін Батыс Сибирьдің қуатты энергетикалық жүйелерімен жалғастыратын буындардың бірі болатынын ескерсек, оның энергия беру күшін едәуір арттыру қажет болатыны айқын көрінеді.

Павлодар өнеркәсіпті ауданы. Бұл — Қазақстанның келешегі зор және тез өркендеп келе жатқан аудандарының бірі. Бұл аудан таяудағы уақыттың ішінде электр энергиясын неғұрлым көп тұтынатын ауданға айналады. Солай бола тұрса да, бірнеше кішкене ведомстволық электр станцияларын есепке алмағанда, мұнда энергетикалық база іс жүзінде жоқ деуге болады, сондықтан ондай база жанадан жасалуға тиіс. Бұл ауданның орталығы Ертістің жағалауында бола тұрса да, оның энергетикалық базасы үлкен бұ электр станцияларын салу есебінен өркендетілуге тиіс. Ертістің бұл участогінде су электр станцияларын салу мүмкіндіктері өте шағын, бірақ бұл ауданда үлкен Екібастұз көмір бассейні, сол сыяқты көмір запасы едәуір Майтөбе қоңыркөмір кені бар.

Қарағанды өнеркәсіпті ауданы. Мұнда көмір өнеркәсібі, қара металлургия, химия өнеркәсібі ерекше өркендетіледі. Мұның өзі энергетикалық базаны бірнеше есе ұлғайтуды керек қылады. Бірақ, мұнда энергетикалық қуатты арттыру жағдайы өте қолайлы бола тұрса да (қуатты көмір бассейні бар), сумен жабдықтаудың жайы энергетикалық базаны ғана емес, өнеркәсіптің басқа барлық салаларын да өркендетуге кедергі жасайды.

Мұнда сумен жабдықтау — негізгі проблема. Өте шағын жергілікті су ресурстарын пайдаланудың тиімді жолдарын іздестірумен қатар, өнеркәсіпті тек Ертіс суын пайдалану есебінен ғана қамтамасыз етуге болады.

Тек бұ электр станциялары есебінен өркендей алатын Ақмола өнеркәсіп-транспорт торабының энергетикалық базасы территория жағынан Қарағанды энергетикалық базасына бейім. Сондықтан келешекте бұл екі ауданның энергетикалық жүйелерін қосу қажет.

Электр қуаттарын тиісінше арттыра келе, келешекте Қарағанды, Павлодар энергетикалық жүйелері мен Алтайдың энергетикалық жүйесін біріктіру қолайлы. Мұның өзі энергетикалық ресурстарды тиімді

пайдалануға, сумен жабдықтауды жақсылап жолға қоюға, республиканың ұлан-байтақ территориясын электрлендіруге мүмкіндік туғызады.

Жезқазған өнеркәсіпті ауданы. Орасан бай мыс рудалары бар бұл аудан еліміздің мыс өндіретін негізгі ауданына айналады. Мұның өзі бұл ауданда, негізінде, Қарағандының кокстелетін көмірінің байыту қалдықтарын отынға пайдалану негізінде қуатты энергетикалық база жасауды керек қылады. Ал келешекте, Жезқазғанның, онымен іргелес Атасу кен-рудалы ауданының және Балқаш заводының электр станцияларын Қарағанды энергетикалық жүйесімен қосу қолайлы болады.

Қостанай өнеркәсіпті ауданы. Мұнда қара металлургия кенінен өркендетіледі, Қарағанды бассейні оның отын базасы болады. Энергетикалық база Құсмұрын кенінің жергілікті көмірін пайдалану есебінен жасалуға тиіс. Келешекте Қостанай энергетикалық жүйесін Оңтүстік Орал және Қарағанды жүйесімен біріктіру керек болады.

Алматы өнеркәсіпті ауданы. Мұнда энергетикалық базаны Іле өзенінің және оған құятын салалардың су қуаты қорларын пайдалану есебінен өркендетуге болады. Алматының барған сайын өсіп отырған, электр энергиясын тұтыну қажетін өтеу және мұнда өнеркәсіптің бірсыпра маңызды салаларын өркендету үшін, алтыншы бесжылдықта Іле өзеніндегі алғашқы — Қапшағай су электр станциясын салу керек. Бұл су электр станциясын салу Алматының қуатты энергетикалық жүйесін жасаудың бастамасы болады. Бұл энергетикалық жүйе Іле өзенінде — Қапшағай станциясынан төмен және Шарын өзені бойында қуатты су электр станцияларын салу, сол сыяқты таулық Шелек, Талғар өзендерінде және Ілеге құятын басқа салаларда қуаты орташа су электр станцияларын салу есебінен өркендетілуге тиіс. Қапшағай су электр станциясы жанындағы, су сыйымдылығы ондаған текше километрдей болатын, су қоймасы бұл энергетикалық жүйедегі барлық су электр станцияларының режимін тәртіптеп отыруға мүмкіндік туғызады.

Бу электр станцияларын алатын болсақ, Алтай энергетикалық жүйесіндегідей, мұнда да оларды тек бу электр энергиясын тұтыну қажетін өтеу көлемінде ғана салуға болады.

Талдықорған — Текелі өнеркәсіпті ауданының және Қырғызстанның астанасы Фрунзе қаласының электр станцияларын Алматының энергетикалық жүйесімен біріктіру қолайлы.

Ақтөбе өнеркәсіпті ауданы. Бұл ауданның негізгі кәсіпорны — ферросплав заводы — электр энергиясын неғұрлым көп тұтынатын кәсіпорындардың бірі. Ферросплав өндірісін ұлғайту электр станциясының қуатын едәуір арттыруды керек қылады. Ондағы кәзіргі орталық бу электр станциясын онан әрі үлкейтумен қатар, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Энергетика институтының 1952 жылдың өзінде жасаған ұсынысын жүзеге асырып, Орталық бу электр станциясын Орскінің энергетикалық жүйесімен біріктіру керек. Мұның өзі, жұртқа мәлім артықшылықтарының үстіне, Орскінің үлкен бу электр станцияларының қуатын анағұрлым пәтижелі пайдалануға мүмкіндік туғызады. Оның үстіне, бұл екі орталық арасындағы, жоғары вольтті электр линиясы бойындағы бірнеше ірі кен кәсіпорындарын бұл энергетикалық жүйемен қамтуға, сол сыяқты кең территориядағы ауыл шаруашылығын электрлендіруге мүмкіндік болады. Амал не, бұл мәселенің халық шаруашылығы үшін зор маңызы бола тұрса да, ол іс жүзінде әлі күнге шешілмей келеді.

Шымкент өнеркәсіпті ауданы. Оның энергетика шаруашылығы — энергетиканы ведомстволық жолмен дамытудың айқын мысалы. Мұның өзі өнеркәсіпке көптеген зиянды зардабын тигізеді. Үш электр станциясы өнеркәсіппен халықтың электр энергиясын тұтыну

қажетін өтей алмайды. Ал, басқа көптеген аудандардан өзгеше — бұл ауданда тұрақты және экономикалық нәтижелі энергетикалық база жасауға өте қолайлы жағдай бар. Шымкенттен 20 километр жерде көптеген пайдаланылып келе жатқан энергетикалық сапасы жақсы Ленгер көмір кені бар.

Тұрақты энергетикалық база жасалмайынша, Шымкент өнеркәсіпті ауданын онан әрі өркендету мүмкін емес. Біздің пікірімізше, ең алдымен, Ленгерде аудандық бу электр станциясын салу қажет. Шымкент қаласының өзінде бу электр станцияларын салу қаланың және өнеркәсіптің бу электр энергиясын тұтыну қажетіне сәйкес шешілу керек.

Оңтүстік Қазақстан облысының энергетикасын өркендету үшін, біздің пікірімізше, Сырдариядан Шардара су электр станциясын салу керек. Су қоймасы болатын бұл станция ауданда жер суаруды онан әрі тәртіптеп, дамыту үшін өте қажет. Оның үстіне бұл станция Сырдарияның төменгі жағында су тасқынының зиянына жол бермеуге мүмкіндік туғызады.

Шымкенттің энергетикалық жүйесін Ташкенттің қуатты энергетикалық жүйесімен байланыстыру Шымкенттің энергетикалық базасын өркендетудегі маңызды кезең болады.

Түркстан және Жамбыл өнеркәсіпті аудандарын Шымкенттің энергетикалық жүйесіне қосудың да зор маңызы бар. Жамбыл өнеркәсіпті ауданында энергетикалық база жасау, суармалы жерлердің көлемін онан әрі арттыру үшін Арыс өзені бассейнінің, Талас және Асы өзендерінің су қуаты ресурстарын пайдаланатын болу керек.

Гурьев өнеркәсіпті ауданы. Мұнай шығарылатын ауданда электр станцияларын, мұндағы мол мұнай газдарын толық пайдалану негізінде салуға болады. Оның үстіне бұл ауданда энергетика ресурстарының басқа түрлері жоқ. Сол сыяқты мұнайлы ауданның кәзір жасалып жатқан біртұтас энергетикалық жүйесін Гурьев қаласының бу электр станцияларымен байланыстыру қолайлы.

* * *

Біз республиканың аса маңызды өнеркәсіпті аудандарының энергетикасын өркендетудің негізгі жолдарына тоқталдық. Енді ауыл шаруашылығын электрлендіру туралы бірнеше сөз. Соңғы бесжылдықтың ішінде селолық электр станцияларының қуаты 2,6 есе өсе тұрса да, олар ауыл шаруашылығының өскен қажетін тиісті де қанағаттандырмайды. Қазіргі уақытта республика колхоздарының небәрі 27 проценті электр энергиясын пайдаланады. Энергетикалық базаның қуаты бұл колхоздарда да электр энергиясын өндіріске кеңінен қолдануға мүмкіндік бермейді. Таяудағы міндет — ауыл шаруашылығын жаппай электрлендіру. Мұның үшін, ең алдымен, мүмкіндігі болған жерлерде, өнеркәсіптік электр станциялары мен энергетикалық жүйелердің қуатын пайдалану керек.

Селолық аудандардың едәуір бөлегі амалсыздан өздерінің энергетикалық базасын жасауға тиісті болады. Мұнда, ол шетімен бұл шеті 100 километрге дейінгі жердегі тұтынушылардың қажетін өтей алатын қуатты аудандық селолық электр станциялар салу қажет. Салғанда, селолық энергетиканы, үлкен энергетикалық жүйелерден тыс жерлердегі шағын өнеркәсіп және коммуналдық кәсіпорындардың энергетикасымен біріктіру қолайлы.

Бізде желдің күшін кеңінен пайдалануға зор мүмкіндіктер бар. Амал не, көбінесе, қолда бар конструкцияларды қанағаттанғысыз пайдалану және жетілдірілген жаңа конструкцияларды қанағаттанғысыз еңгізу салдарынан, желдвигательдер мен жел электр станциялары бұған дейін республикада тиісінше таралмай келеді.

Қазақстанда энергетиканы тек ғылым мен техниканың ең жаңа табыстарын толық енгізгенде ғана онан әрі өркендетуге болады. Автоматиканы және телевизор арқылы басқаруды кеңінен қолданбайынша, қуатты энергетикалық жүйелерді басқару мүмкін емес. Мұның өзі көмекші қызметкерлерсіз жұмыс істеуге мүмкіндік туғызады. Үлкен Алматы өзені бойындағы су электр станцияларының көпшілігі автоматтандырылған, олар көмекші қызметкерлерсіз жұмыс істейді. Алтай мемлекеттік энергетикалық жүйесіндегі су электр станцияларын автоматтандыру жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

Автоматика бұ электр станцияларында ерекше роль атқарады. Жану процестерін автоматтандыру, қызметкерлердің санын азайтудың үстіне, отын шығынын әдеуір кемітуге мүмкіндік туғызады. Республиканың үлкен электр станцияларының көбінде котелдарға отын-су беретін автоматтар және жану автоматикасы орнатылған. Алайда олар кейбір жерлерде пайдаланылмайды.

Электрониканы және есеп машиналары техникасын дамыту көзінді өзінде, электр станциялары мен энергетикалық жүйелерді адамсыз, өздігінен басқарып, олардың жұмысының неғұрлым қолайлы режимін сақтай алатын автоматтық тетіктер жасауға мүмкіндік береді.

Су электр станциялары құрылысын жобалармен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше тоқталу қажет. Республиканың жоспарлау комиссиясында, таяудағы бесжылдықта салынуға тиісті су электр станцияларының бірде-бір даяр жобасы жоқ. Мұның өзі — Қазақстанда жоба жасаушы арнаулы ұйымның болмауының салдары. Біржолғы тапсырмалар бойынша республиканың жеке су электр станцияларының жобаларын жасау ісімен СССР Электр станциялары министрлігінің Гидроэнергопроект басқармасының Ленинградтағы бөлімі шұғылданады. Мұның нәтижесінде республиканың неғұрлым таяу келешектегі барлық үлкен және орташа объектілерін алғанның өзінде жалпы жұмыс көлемінің небәрі екі проценті ғана жобаланады. Ауыл шаруашылығына қызмет ететін су электр станцияларының жобаларын даярлаудың жәйі да сондай. Қазақстанда Гидроэнергопроектің бөлімін ашу мәселесі сан рет көтерілді. Бірақ әлі күнге шешілген жоқ.

Республикамыздың энергетикасын ойдағыдай өркендету, оның ішінде жоғарыда көрсетілген аса маңызды энергетикалық жүйелерді жасау үшін бірсыпра ғылыми проблемаларды шешу қажет. Әсіресе, ірі өнеркәсіптік энергетикалық жүйелерді өркендетуге және жүйеаралық тиімді байланыс жасауға, су электр станцияларының су қоймаларын пайдаланудың тиімді тәртібін белгілеуге, таулық өзендердегі су электр станцияларына оптималдық параметрлер орнатуға, электр станциялары мен энергетикалық жүйелерді автоматтандыру, жергілікті отынды пайдалану мәселелерін шешуге байланысты проблемалардың ерекше маңызы бар. Сол сыяқты, түсті металлургиядағы қызулық процестерін шапшаңдату, оның ішінде бұл мақсатпен прогрестік циклондық принципті (күйдіру, балқыту үшін және т. б.) қолдану проблемалары да маңызды ғылыми проблемалар болып табылады.

Қазақстанда энергетиканы өркендетудің негізгі міндеттері, біздің пікірімізше, осындай. Бұл міндеттерді орындау энергетиканы басқа салалардан озық қарқынмен өркендетуді қамтамасыз етеді. Мұның өзі республиканың халық шаруашылығының барлық салаларын, әсіресе ауыр өнеркәсіпті онан әрі өрге бастырудың қажетті шарты болып табылады.

Партия тұрмысы

Аудандық комитет және жаңа совхоздардың партия ұйымдары

Е. АНДРЕЕВ

Аудан орталығы — Астрахановка селосынан Степной поселкасына дейін, онан солтүстік-батысқа қарай ондаған километр кеңістікте Ақмола облысы, Новочеркас ауданының жаңа совхоздары орналасқан. Төрт совхоз — «Астраханский», «Красногвардейский», «Степнякский» және «Новочеркасский» совхоздары мұнан біржарым жыл бұрып, ал бесінші «Қайнарский» совхозы быйылғы көктемде құрылды. Құрылғанына көп уақыт өтпесе де, олар көзір берік шаруашылықтар болып қалыптасты. Олардың егіс көлемі 1955 жылы жүз мың гектардан асты, ал келесі жылы мұнан едәуір ұлғаяды. Құрылыс жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Совхоздарда стандартты үйлері, түзу көшелері бар нағыз жұмысшы поселкалары салынды.

Жаңа совхоздардың орнығып нығаюына аудандық партия ұйымы едәуір еңбек сіңірді. Ол совхоздарға тәжірибелі кадрлар жіберді, партия ұйымдарын құрды, бұл кадрлардың шаруашылықты дұрыс жүргізуіне қамқорлық жасап отырады. Аудандық партия комитетінің бастауыш ұйымдарға басшылық етуінің көптеген жақсы жақтары бар, бірақ бұл жерде әлгіме ол туралы емес. Біз басшылықтың бұл жақсы жақтарының тасасында байқалмай жүрген кейбір елеулі кемшіліктерге тоқтағымыз келеді.

Аудандық партия комитеті партия ұйымдарының жұмысын әлі де терең зерттемейді, совхоздардың қоғамдық және шаруашылық өмірінде олардың ролін көтермейді, әсіресе коммунистерді алға қойылған міндеттерді орындауда принципшіл болуға үйретпейді. Бірнеше мысалдар келтірейік.

Егін жыйнау науқанының қызу кезі. «Красногвардейский» совхозы мемлекетке астық тапсырудың бескүндік тапсырмаларын орындамады. Мұның себебі — совхоздың директоры Овдеенко жолдас әуелі тұқым құйып, мемлекетпен сонан кейін есеп айыруға ұйғарды. Сөйтіп, совхоз директоры астық тапсыру жоспарын орындауға өзінің жауаптылығын сезбей, егін жыйнауға жеткілікті күш салмады. Дұрысында, егін жыйнауды ұйымдастырғанда, астық тапсыруды да, тұқым кұюды да біржолы шапшаң қарқынмен жүргізетін болып, ұйымдастыру керек еді. Партия ұйымы, оның секретары Александров жолдас совхоздары істің жайына дұрыс баға беріп, мемлекеттік жоспарды орындауға қамқорлық жасауға міндетті еді. Бірақ олай болмады. Аудандық партия комитеті, әрине, тиісті шаралар қолданып, жағдайды түзетті. Бірақ, мұнымен бірге мынадай сұрақ туады: аудандық партия комитеті ондай олқылықтардың қайталамауына барлық шараларды қолданды ма? Жоқ. Партия комитеті совхоз партия ұйымының не себепті директорға оның қателерін мезгілінде көрсетпегенін, мемлекеттік тапсырманың орындалмауына не себепті тезіп отыра бергенін толық айырып, коммунистердің совхоз басшылығын неге сынамағанын анықтауға, белгілі бір мәселені партиялық тұрғыдан қалай шешу керек екенін іс жүзінде көрсетуге тиісті еді.

Тағы бір мысал келтірейік. Ақмола облыстық партия комитетінің бір қаулысында «Степнякский» совхозында егін жыйнаудың сапасы

нашар болып отырғаны көрсетілді. Әсіресе коммунист Бурмистров жолдас басқаратын бригаданың таптарарында комбайннан кейін орасан көп астықтың ысырап болып қалатынын совхоз коммунистерінің өздері де көрді. Алайда партия ұйымы егіннің көп ысырап болуына, машиналардың көп уақыт қарап тұруына, жұмыс нормаларының төмен болуына оншама қынжылмады. Ол тіпті облыстық партия комитетінің қаулысын өзінің жыйналысында талқыламады. Партия ұйымы шынында егін жыйнау жұмыстарының барысына ешқандай әсер етпеді. Ал оның алға қойылған міндеттерді ойдағыдай атқара алатын жеткілікті күштері бар еді. Онда істің мәнісі неде болды? Мұның мәнісі — аудандық партия комитеті бұл ұйымға да, басқа бастауыш ұйымдарға да күнбе-күн басшылық етіп отырмайды. Аудандық партия комитетінің үсті-үстіне бөріп отыратын жалпы нұсқаулары орнына партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетіп, коммунистердің өздеріне тапсырылған іске жауаптылық сезімін күшейту керек, олардың инициативасын өрістетіп, кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелеп отыру керек, коммунистерді совхоз өмірінің мәселелерін өздері шешетіндей дәрежеге жеткізу керек.

Аудандық партия комитеті өзінің жұмысында социалистік жарыс мәселелеріне де көңіл бөлмейді. Егіншілердің алған міндеттемелері аудандық партия комитетінде жиі-жиі сөз бола тұрса да, социалистік жарысты нәтижелі етіп жүргізуге тиісті шаралар қолданылмайды. Ал бұл жарыстың жолға қойылуында көптеген кемшіліктер бар. Үстірт қарағанда, істің бәрі орындалып жатқан сыяқты: совхоздар, бригадалар, тракторшылар өзара жарыс шартын жасасқан, көрсеткіштер және құрмет тақталары орнатылған, бюллетендер шығарылып тұрады. Дегенмен, жарыстың ойдағыдай кең өрістетілгені сезілмейді. Ең басты кемшілік — жарыста жариялылық жоқ, нәтижелер салыстырылмайды, жұмысты жақсы істеушілер ынталандырылмайды. Мәселен, «Қайнарский» совхозында жарысқа түсушілердің егін жұмыстарының қортындысында алатын орны жұмыстың жоғары өнімділігі бойынша белгіленбей, жалпы орташа көрсеткіштер бойынша белгіленген, мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға ұмтылдырмайтыны сөзсіз. Ал «Степнякский» совхозында ұзақ уақыт бойына мүлде қортынды шығарылмады; комбайншылар мен тракторшылар өздері орындаған жұмыстардың дәл көлемін тек жалақы тізімдерінен ғана білді. Ал Роговик жолдастың бригадасында көрсеткіштер тақтасында озаттардың фамилиялары қарсысына олардың күндік табысын көрсетіп қойғанда, совхоздың басшылары мұны тіпті — қомағайларға дем бергендік деп бағалағысы келді. Партия ұйымы мұндай фактіні елемеді, табыстың көптігі еңбек өнімділігін арттыруға ұмтылдыратынын түсіндірмеді.

Социалистік жарыстың барысында, әдетте, қандайда болсын жаңалықтар туып отырады, адамдарда инициатива, техниканы жақсы пайдалануға ұмтылған ынта пайда болады. Коммунистердің жалынды сөзі, олардың өз басының үлгісі нақ осындай жерде керек болады. Жаңалықтың, бағалының бәрін қолдау, оларды таратып жүзеге асыруға қамқорлық жасау — партия ұйымының ең маңызды міндеттерінің бірі. Ал іс жүзінде қалай болып отыр?

«Астраханский» совхозында тың көтергенде сағаттық график және ерекше көзге түскендердің еңбегіне сыйлық төлеу енгізілді. Мұның өзі басқа совхоздарда да мәлім болды, бірақ бірде-бір партия ұйымы трактор бригадаларында сағаттық графикті қолдануды талап етпеді.

Басқа да осындай фактілерді көп келтіруге болады. Бірақ еңбек өнімділігін арттыру, ішкі резервтерді тауып пайдалану сыяқты мәселелерге партия ұйымдары әлі де толық көңіл бөлмейтінін көрсету үшін жоғарыда келтірілген фактілердің өздері де жеткілікті.

Партия ұйымдары шаруашылықтың экономикасы мәселелерін зерттеуге де тіпті үрғедектеніп қарайды. Совхоздарда еңбекті ұйымдастыру

және еңбекке ақы төлеу саласында көптеген кемшіліктер бар. Бір совхозда қолданылатын жұмыс бағалары екінші совхоздағы осындай жұмыс бағаларына үйлеспейді, еңбекті есепке алу көбінесе қанағаттанғысыз жолға қойылған, жұмыс өнімділігінің төмен болуы, техниканың нашар пайдаланылуы әлі де жойылмай келеді, жалақы қорының артық жұмсауына жол беріледі. Ал ауданның партия ұйымы мұндай жағдайға оншама қынжылмайды.

Осы жылдың көктемінде аудандық партия комитетінің бір мәжілісінде «Қайнарский» совхозы партия ұйымының жұмысы туралы есеп тыңдалды. Қабылданған шешімде совхоздың коммунистері алдына елеулі міндеттер: тың көтеру жоспарын орындауды, тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс орындарын салуды қамтамасыз ету және басқа сондай міндеттер қойылды. Бірақ бұл шешім коммунистерді еңбек және материалдар шығынын азайтуға, жұмысшы күші мен техниканы орынды пайдалануға, өнімнің түсер құнын кемітуге бірде-бір сөзбен бағыттамады. Аудандық партия комитеті партия ұйымынан шаруашылықтың рентабельділігін арттыру мәселелерімен қолма-қол шұғылдануды талап етпеді. Қолға қарандаш алып, белгілі бір өнімнің қаншаға түсетінін есептеп отырудың қажеттігі тек «Қайнарский» совхозында ғана емес, басқа совхоздарда да қатты сезіліп отырады. Мәселен, «Новочеркасский» совхозында 1954 жылы бір литр сүттің түсер құны 18 сом 7 тыйын болғаны қынжыларлық.

Әрине, совхозды біржарым жылдың ішінде рентабельді шаруашылыққа айналдыру қиын. Алайда мұнан: коммунистер, айталық, еңбек экономикасы, материалдарды жұмсау және басқа сондай мәселелерге көңіл бөлмеу керек деген мағна тумады. ҚПСС Орталық Комитеті январь Пленумының совхоздарды таяудағы жылдарда мол табысты, рентабельді шаруашылықтарға айналдыру туралы нұсқауын орындау — коммунистердің тікелей міндеті.

Өндірістік табыстарға жету көп ретте ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың жолға қойылуына байланысты екені мәлім. Егер бұл жұмыстың дәрежесі төмен болса, онда еңбек тәртібін нығайту, шаруашылықта елеулі табыстарға жету мүмкін емес. Мұны мынадай бір мысалдан көруге болады.

«Астраханский» және «Красногвардейский» совхоздары бір мезгілде құрылды. Олардың егістік жерлері іргелес, егіс көлемі де бірдей деуге болады, жерінің құнарлылығында айырмашылық аз, ал жұмыстарының қортындысы тіпті де бірдей емес. «Астраханский» совхозы быйыл мемлекетке астықты өзінің көршісінен екі есе көп тапсырды. Онда шаруашылық, мәдени-тұрмыс орындарының үйлерін, тұрғын үйлер салу жұмыстарының барысы жақсы. Быйыл отызға жуық семья жаңа үйлерге көшті. Совхоздың дирекциясы мен жұмысшы комитеті тұрғын үйлер салуға зор жәрдем көрсетті. Олар жаңа үй салушыларға ақшадай қарыз алуға, құрылыс материалдарын алуына және оларды жеткізуге көмектесті. Совхозда жұмысшы жыйналыстары мезгілінде өткізіліп тұрады. Партия ұйымы, жұмысшы комитеті барлық ұсыныстардың орындалуына, олардың нәтижелерінің жұмысшыларға оқтын-оқтын хабарланып тұруына тырысады. Партия ұйымы кинофилімдер көрсетуді, бригадалардың топтарына газеттер мен журналдар жеткізіп тұруды жолға қойды, кітапхананың, радио торабының жұмысын тәртіпке салды. Үгітшілер, совхоз директоры Хегай жолдас, жұмысшы комитетінің председателі Токарев жолдас, дәрігер Сивогривова жолдас, мұғалімдер, мамандар әңгіме өткізіп тұрады.

«Красногвардейский» совхозында істің жәйі оған әлде қайда нашар. Мұнда салынып жатқан құрылыс орындары аз бола тұрсада, құрылыстың қарқыны нашар. Сегіз пәтерлік бір стандартты үйді мұнан бір жылдай уақыт бұрын әкелген еді, оны бір ай бойына жыйнастырып құрас-

тырумен болды, бірақ ақыры аяқтамай қалдырды. Жоспар бойынша быйыл клуб салуға ұйғарылған, бірақ оның негізі де қаланған жоқ.

«Красногвардейский» совхозының егін шаруашылығы мен құрылыста артта қалуы ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың нашар жолға қойылуынан болып отыр. КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын талқылағаннан кейін партия ұйымы «партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарына совхоздағы бұқаралық-саяси жұмысты үнемі жақсартып беруді, адамдарды жұмысты неғұрлым жақсы істеуге ұмтылдыруды, олардың творчестволық инициативасын күшейтуді, оларды еңбекке, өздерінің міндеттеріне саналы қарау рухында тәрбиелеуді...» міндеттейтін шешім қабылдады, бірақ ешқандай нақты шаралар белгілемеді. Сол себепті партия ұйымының қызметінде ешқандай өзгеріс жасалмады. Әңгімелер, лекциялар, баяндамалар өткізу, басшы қызметкерлердің жұмысшылар алдында сөз сөйлеуі — мұнда өте сирек кездеседі. Жұмысшы жыйналыстарына мән берілмейді.

Жаңа совхоздарда жастар — зор күш. Олар қажырлылықпен еңбек етіп, жұмыста үлгі көрсетуде. «Қайнарский» совхозында М. И. Каширина басқаратын комсомол-жастар бригадасы даңққа шықты. Бұл бригада жаздықүші астық қоймасы мен жатақ үй салды.

Мұндай мысалдар аз емес. Өндірістің озаттары болып отырған ондаған жас тракторшыларды, комбайншыларды, құрылысшыларды атап көрсетуге болады. Бірақ, амаля не, жастар мен комсомол-жастар арасында тәртіпті бұзушылар мен жалқаулар да кездеседі. Бұл тәрбие жұмысының нашарлығынан болып отыр.

Комсомолдың күші — партияның басшылығында. Алайда партия ұйымдары комсомол-жастар мен жастарға әлі ойдағыдай әсер етіп отырмайды. Сол «Новочеркасский» совхозында партия ұйымы комсомолға басшылық еткенде, жыйналыста комсомол комитеті секретарының есебін тыңдаумен ғана қанағаттанды. Оның үстіне бұл есеп партия ұйымының жабық жыйналысында талқыланғанда топтық комсоргтер қатыстырылмады, ал қабылданған шешім ешкімге ешқандай міндет жүктемеді. Сондықтан мұндай талқылаудан кейін комсомол ұйымының өмірінде ешқандай өзгеріс жасалмағанына таңдануға болмайды.

Бұл кемшіліктердің бәріне Новочеркас аудандық партия комитеті де едәуір кінәлі. Рас, аудандық комитеттің қызметкерлері партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға тырысады, секретарьлардың семинарларын өткізеді, оларға нұсқау береді, өздері де жер-жерге көмектесуге барады. Бірақ мұның бәрі жеткіліксіз. Совхоздардың партия ұйымдары жақында құрылған, сондықтан күнбе-күн тынғылықты басшылықты керек қылатынын ескеріп отыру қажет.

Аудандық партия комитеті үгітшілер коллективтеріне күнбе-күн басшылық етіп отыруға, лекциялық насихатқа неғұрлым көп көңіл бөлуге, жергілікті интеллигенция есебінен лекторлар мен баяндамашылардың санын көбейтуге, жұмысшы жыйналыстарының өткізілуін жақсартуға, қабырға газеттерінің жұмысын жандандырып, көрнекі үгітті жақсылап жолға қоюға тиіс. Бұл шаралардың бәрі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, еңбек тәртібін нығайтуға, ауылшаруашылық жоспарларын ойдағыдай орындауға көмектеседі.

Совхоздарды олар әрі нығайту мүдделері аудандық партия комитетінен бастауыш партия ұйымдарына, олардың алдына қойылған міндеттерді науқаншылдықпен орындамай, өз жұмысының барлық учасоктерін үнемі бақылап отыруға үйретуді, оларға өз қаулыларының орындалуын ұйымдастыру, жұмыста нақты нәтижелерге жету әдістерін үйретуді талап етеді.

Ғылми-зерттеу мекемесінің партия ұйымы

Б. ТИМОХОВИЧ,

Алматы қалалық партия комитетінің мектептер мен жоғары оқу орындары бөлімінің меңгерушісі

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді ашып, партия ұйымдарынан олардың қызметін күшейтуді, әсіресе, ең маңызды міндеттерді орындауға баса көңіл бөлуді талап етті.

Көптеген партия ұйымдары ғылыми коллективтер шешетін мәселелердің мазмұнын терең зерттеп, тиісті түзетулер енгізіп отырады, жоспарлардың орындалуына, ғылыми табыстардың өндіріске енгізілуіне күш салады. Партия ұйымдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының және В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясы Қазақ филиалының жұмысына барған сайын күшті әсер етіп отырады.

Партия ұйымдары жұмыстағы тұралауға төзбейтін, оған жаңа күш беріп отыратын ғылыми-зерттеу институттарында жұмыстың барысы жаман емес. Мәселен, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геология институты, партия ұйымының көмегімен, «Орталық Қазақстан мен Алтайдың басты-басты пайдалы кендерін болжаудың металлогендік картасын» жасады. Республиканың халық шаруашылығы үшін бұл картаның зор маңызы бар. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Кен істері институты, кен қабаттарын табиғи және күшпен құлату жолымен руда шығарудың мол өнімді системасын жасады. Бұл система еңбек өнімділігін біржарым — екі есе арттыруға, беркіту ағаштарының шығынын ондаған есе азайтуға, руда шығарудың түсер құнын 40 — 50 процент кемітуге мүмкіндік береді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Энергетика институтының партия ұйымы жұмысты жақсы атқарып келеді. Көптеген коммунистер техникалық прогресс саласында маңызды проблемаларды тексеріп, жұмысты белгіленген мерзімдерде орындайды. Партия ұйымы коммунистердің және коллективтің басқа мүшелерінің ғылыми-зерттеу жұмысын бақылап отырады. Жыйналыстардың бірінде институттың бір жыл ішіндегі ғылыми қызметі туралы оның директоры Чокін жолдастың баяндамасы тыңдалды. Баяндаманы талқылауға коммунистер түгелінен дерлік қатысты. Олар институттың жұмысындағы кемшіліктерді сынап, бұл кемшіліктерді жоюды көздейтін ұсыныстар енгізді. Партия ұйымы өзінің шешімдерінің жүзеге асырылуын күшті бақылап отырады.

Қазіргі уақытта институтта металл балқытудың жаңа — циклондық — әдісі белгіленуде. Бұл әдіс пештердің жұмыс өнімділігін едәуір арттырады, отынның шығынын 30 — 40 процент азайтады, ал мыс балқытатын пештің көлемін ондаған есе кішірейтеді.

Бір кезде, әртүрлі кемшіліктер себепті, бұл маңызды тақырыптың орындалуы өте шабан болды. Партия ұйымы жұмыстың дұрыс жүргізілуіне бөгет жасаған себептерді егжей-тегжейіне дейін айырып, ғылыми зерттеулер үшін қажетті жағдай туғызуға қамқорлық жасады.

Шаруашылықтың жеке салалары елеулі техникалық жетілдірулер енгізуді керек қылатыны мәлім. Сонда ғылыми ойға жұмыстың кең өрісі ашылады. Солай бола тұрсада, бірсыпыра ғылыми-зерттеу институттарында әлі де жайбарақаттық, тоқмейілділік байқалады. Партия ұйымдары

кемшіліктерге қарсы, іске немқұрайды караушылыққа қарсы батыл күреспейді, творчестволық инициативаның күшеюіне тиісінше әсер етпейді.

Мұнан үш жыл бұрын Қазақ ССР Ғылым Академиясының президиумы жанында Өндіргіш күштер советі құрылды. Оған республиканың жоғарғы оқу орындарының, ғылыми-зерттеу мекемелері мен кәсіпорындарының ғылыми-зерттеу жұмыстарын бір ізге салу міндеті жүктелді. Алайда бұл Кеңес өзінің міндеттерін қанағаттанғысыз орындап келеді. Институттар жіберген жоспарлар мен есептерді Кеңестің мүшелері зерттейді, өздерінің пікірін айтпайынша, рецензия және ұсыныс жасамайынша, оларды қайтарып жібереді. Сондықтан институттардың жұмысында ойдағыдай ынтымақ жоқ, тақырыптар тым көп, кейде қызметкерлер екінші, үшінші дәрежелі, маңызы кем тақырыптармен жылдар бойына шұғылданады.

Ғылым Академиясының президиумы ғылыми кадрларды дұрыс орналастырып пайдалану ісімен нашар шұғылданады. Ғылыми-зерттеу институттарының лабораторияларында ғылыми қызметкерлер мен әртүрлі бастықтар өте көп, ал жұмыстың тікелей орындаушылары — лаборанттар тіпті аз. Мұндай жағдайда аға ғылыми қызметкерлер кіші ғылыми қызметкерлердің жұмысын атқарады, ал кіші ғылыми қызметкерлер лаборанттардың орнына жұмыс істейді. Кейбір лабораторияларда 4—5 ғылым кандидаты лаборанттардың міндетін атқарады. Мұндай «лаборанттың» шығыны мемлекетке жылына, шамамен айтқанда, 30 мың сомға түседі. Ал лабораторияларға керекті жабдықтар алуға орта есеппен жылына, мықтағанда, 20 мың сом жұмсалады. Сол себепті лабораторияларда жана аппараттар жоқ, ғылыми тәжірибелер қарапайым әдістермен жүргізіледі.

Ғылым Академиясы президиумының партия ұйымы мұндай елеулі кемшіліктерге қалай қарайды? Ол бұл кемшіліктерді тіпті елемейді, Академияда болып жатқан істерден бойын аулақ салады. Тіпті КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қортындыларын талқылауға арналған жыйналыстың өзі ойдағыдай өткізілмеді. Баяндамашы — партия ұйымының секретары Макаров жолдас та, жарыс сөзде сөйлеушілер де институттардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нашар жолға қойылуының себептерін ашпады, Өндіргіш күштер советінің мүшелерін қатты сынамады, ғылыми қызметкерлерді іріктеу және орналастыру мәселелері жайында түк айтпады.

Мұндай жыйналыстан кейін Ғылым Академиясы президиумының жұмысында азды-көпті елеулі өзгеріс жасалмағаны түсінікті. Жеке ғылыми-зерттеу институттары бұрынғысынша өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының керектерін білмейді, маңызы кем тақырыптарды орындауға көп қаржы жұмсайды.

Партия ұйымдары ғылыми коллективтердің тілектерінен аулақтап отырғанын басқа мысалдармен де көрсетуге болады. Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары институтының қызметі, құрылысқа және құрылыс жұмыстарын механикаландыруға, отқа төзімді және басқа құрылыс материалдарын жасауға, архитектураны өркендетуге қатысы бар негізгі мәселелерді қамтыйды. Бірақ институттың жұмысы соңғы уақытқа дейін бұл талаптарға сай болмай отыр. Институт жеті жылдың ішінде орындалған 90 еңбектен небәрі 45 еңбекті өндіріске тапсырды. Бұл тапсырылған еңбектердің де бірсыпрасы өнеркәсіп, коммуналдық-азаматтық және колхоздық құрылыстың кәзіргі талаптарына сай келмейді.

Бұл институттың жұмысында көптақырыптылық байқалады, аса маңызды мәселелер, оның ішінде, отқа төзімді, жоғары сапалы құрылыс материалдарын жасау сыяқты мәселелер ескерілмейді. Архитектура бөлімінің тақырыптары қатарында, осы күнгі архитектураның теориясы мен практикасына емес, сәулет өнері мен өрнектің тарихын зерттеуге көп орын берілген.

Институттың үлкен құрылыс ұйымдарымен және кәсіпорындармен байланысы өте нашар. Өндіріспен тығыз ынтымақтың жоқтығы ғылымға да, практикаға да зиян келтіреді.

Мұнда кадрларды іріктеп, орналастыруға қатан талап қойылмайды. Құрылыс мәселелерімен шұғылданатын лабораториялар мен бөлімдер ұзақ уақыт бойына ғылыми қызметкерлермен толықтырылмай келді. Өзінің мамандығы жағынан бұл мекемеге ешқандай қатысы жоқ, филология ғылымдарының докторы Марғулан жолдас институтта бірнеше жыл бойына жұмыс істеді. Фахрутдинов, Үмбетбаев, Рахимов жолдастар және басқалары, ғылыми жұмысты жүргізу қабілетін тексермейінше, ғылыми қызметкерлер қатарына алынды. Көптеген қызметкерлердің өндірістік тәжірибесі жоқ. Мәселен, жақын арада кандидаттық диссертация қорғаған сегіз адамның екеуінде ғана өндірістік стаж бар.

Институтта мұндай жағдайдың тууы тегін емес. Партия бюросы ғылыми-зерттеу жұмысына араласпайды, коммунистердің сынына құлақ аспайды. Коммунистер өздері жоспарға енгізген ұсыныстарының орындалуын ұйымдастыруды талап етті, бірақ партия бюросы оларды талқылауға салмады.

Ғылыми мекемелер партия ұйымдарының қызметі тек ғылыми жұмыстар жоспарының орындалуына қарай бағаланбайды, мұнымен бірге, ғылыми табыстар мен жаңалықтардың мезгілінде өндіріске енгізілуіне қарай бағаланады. Ал, ғылыми-зерттеу мекемелері мен өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары істің бұл жағына елеулі маңыз бермейді.

1950 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Энергетика институты газтрубалы котелдердегі жылылықтың алмасуын тездету әдісін белгіледі. Бұл әдісті Алматының ауыр машиналар зауытында енгізу үшін институт екі жыл бойына келіссөздер жүргізді, ал котелді қайта конструкциялау екі аптаға созылды. Мұнан кейін институт пен зауыттың қызметкерлері котелдерді оннан аса баланстық сыннан өткізіп, бұл жаңалықты жетілдіру отынды 31,5 процент үнемдеуге мүмкіндік туғызатынын анықтады. Бұл жаңалықтың тиімділігі айқын бола тұрсада, зауыд оның экономикалық пайдалылығына өзінің қортындысын бермей, бұл бағалы ұсынысты көпінше енгізуге бөгет жасап келеді.

Бұған Энергетика институтының партия ұйымы да айыпты, өйткені ол, Алматының ауыр машиналар зауыты басшылары жасап отырған бюрократтық кедергілерді жою туралы мәселені тиісті партия органдары алдына принципшілдікпен қоя білмеді.

Тағы бір мысал келтірейік. Құрылыс материалдары институты Алматының № 3 кірпіш зауытымен бірге, жергілікті саздақ топырақтан, үйдің қабырғасын салатын қуыс құрылыс материалдарын әзірлеудің технологиясын жасады. Мұндай материалдың бағалылығы айқын бола тұрсада, оны көптеп жасап шығаруға жағдай туғызылмады. Мұнан екі жыл бұрын зауытқа, жоғарыда көрсетілген өнімді жасап шығаруға мүмкіндік беретін вакуум-пресс әкелінді, бірақ ол әлі күнге пайдалануға тапсырылған жоқ. Көбікті әйнектен блоктар жасайтын установка орнатудың жәйі да осындай, ал мұны 1955 жылдың бірінші жартысында іске қосуға ұйғарылған еді. Алайда, бұл установканы жасауды міндетіне алған республиканың Қалалық және селолық құрылыс министрлігі (министрі Конюшевский жолдас) тек бұйрық шығарумен тоқталды.

Жаңа техникалық ұсыныстарды енгізу ісіндегі мұндай кертартпалық мемлекетімізге өте қымбатқа түседі. Өйткені, жаңа жетілдірулерді жасауға, сыннан өткізуге орасан көп қаржы жұмсалды-ғой. Партия ұйымдарының қажырлылығы, аяқталған тақырыптарды өндіріске енгізуге бөгет жасаушылардың бәріне қарсы ымырасыз күрес жүргізуі нақ осындай жерде керек. Амал не, ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия



ұйымдары техникалық ұсыныстардың келешектегі тағдырына мүлде көңіл бөлмейді деуге болады.

Қаланың аудандық партия комитеттері ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия ұйымдарының жұмысын күнбе-күн бақылап, көмек көрсетіп отырса, олардың жұмысындағы көптеген елеулі кемшіліктер болмаған болар еді. Алайда, аудандық партия комитеттері ғылыми-зерттеу мекемесінің партия ұйымының жұмысын егжей-тегжейлеп зерттеп, тиісінше бағыттап отырғанын дәлелдерліктей бірде-бір мысал келтіру мүмкін емес. Сталин және Фрунзе аудандық партия комитеттері бұл партия ұйымдарын ұмытты, олардың артта қалғандыққа, кертартпалыққа, енжарлыққа қарсы күресуіне көмектеспейді.

Фрунзе аудандық партия комитеті Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары институтының партия бюросының түк жұмыс істемейтінін көптен біледі, бірақ неге екені белгісіз, бұған ешқандай маңыз бермейді. Мұнысы тіпті қынжыларлық! Жоғарыда айтылғанындай, бұл институтта ғылыми-зерттеу жұмысының тұралап қалғаны мәлім. Аудандық партия комитеті институттың жұмысын жандандыруға тиісті шаралар қолданбағаны былай тұрсын, тіпті оның партия ұйымын кім басқаратынын да анықтаған жоқ. Ал мұнда, институттың жұмысы, оның міндеттері туралы түсінігі өте аз Нинбург жолдас ұзақ уақыт бойына партия бюросының секретары болып келді. Сондықтан партия бюросының мәжілістерінде, әдетте, коллективтің өмірінен аулақ, маңызы кем мәселелер талқыланды.

Аудандық партия комитеттері тек ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия ұйымдары жыйналыстарының протоколдарын жыйнап, оқиды да, сонан кейін іске тігіп қоюмен қанағаттанады деуге, істің жәйімен танысқаннан кейін толық дәлел болып отыр. Аудандық партия комитеттері бұл партия ұйымдарының жұмысын, коммунистердің ықпалы барлық лабораториялар мен бөлімдерде сезіліп отыратындай етіп жолға қоюға ұмтылмайды. Мәселен, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясы Қазақ филиалының Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтының жұмысы екі дүркін тексерілді, бірақ Каганович аудандық партия комитеті бұл тексерудің қортындыларын бірде-бір рет талқылаған емес. Институттың жұмысында көзге көрінерліктей ешбір өзгеріс жасалған жоқ. Мұнда тақырыптарды белгілеп, орындауға ерекше маңыз берілмейді. Институттың қызметкерлері қоңыр көмірді газдандыру тақырыбын алып, оған көп күш пен қаржы жұмсағаннан кейін, «жоқ, бұл тақырып институттың қызмет саласына үйлеспейді» деп, тастап кетті. Сонда бұл тақырыпты неге алды, оған неге қаржы жұмсады? Тағы бір мысал. Институттың қызметкерлері плугты жетілдірумен көп әлектенді. Оған өте көп қаржы жұмсады, ал механизаторлар бұл плугті бракқа шығарды.

Институттың партия бюросы ағарту жұмысына көбірек көңіл бөледі, ал зерттеулерге, олардың мазмұнына, мерзімдеріне және т. б. өз жұмысынан көрнекті орын бермейді. Мұндай жағдайда аудандық партия комитеті партия ұйымының негізгі мәселелерді шешуге баса көңіл бөлуіне көмектесуге тиісті еді, бірақ ол болмай отыр.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия ұйымдары жұмыс стилін батыл қайта құрып, өздерінің қызметін өндіріске неғұрлым жақындатуға, ғылыми жұмыс мәселелерімен нақты шұғылдануға тиіс. Ғылыми коллективтер қызметінің табысты болуы көп ретте ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия ұйымдарына, партиялық басшылықтың дәрежесіне байланысты екенін ұмытпау керек.

Бүгінгі күннің тақырыбына

Оқушыларды семьяда тәрбиелеу

Партия мен үкмет жас ұрпақтарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Балалар үшін мектептердің, кітапханалардың, техникалық станциялардың, спорт залдарының, стадиондардың, клубтардың, театрлардың есігі кең ашық. Мұғалімдердің зор армиясы жастарды қоғамдық қызметке және еңбекке даярлауда.

В. И. Ленин, көзіргі жастарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту ісі оларды коммунистік моральға тәрбиелеуге бағындырылуы керек деп талап еткен болатын. Совет мектептерінің бүкіл жұмысының негізіне Лениннің осы нұсқаулары алынған.

Жас ұрпақтарды тәрбиелеуде мектептердің ролі зор. Бірақ бұл жөнінде семьяның атқаратын ролі де кем емес. Турасын айту керек: семья, ата-аналар өздерінің балаларын тәрбиелеуде негізгі жауапкершілік соларға жүктеледі. Революция ісі үшін жалынды күрескер Ф. Дзержинский «Балалардың кінәсі немесе сіңірген қызметі едәуір дәрежеде ата-аналардың жауапкершілігіне және олардың ар-ожданына жатады» деп жазған болатын.

Біздің семьялар өсіп келе жатқан ұрпақтар жөнінде зор қамқорлық жасап отырады. Олар мұғалімдермен тығыз байланыс жасап, ақылдасып дұрыс тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін бірлесіп іздейді. Мектептер сыяқты ата-аналар балаларды табандылыққа, шыншылдыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелейді.

Біздің қоғамымыздың лайықты мүшелерін тәрбиелеп өсіріп жатқан семьялар бізде өте көп. Совет халқы Отанымыздың жалынды патриоттары — Олег Кошевойды, Зоя Космодемьянскаяны, Лиза Шайкинаны, Мәншүк Маметованы, Ақәділ Суханбаевты және басқаларды тәрбиелеп өсірген семьяларды сүйіспеншілікпен құрметтейді.

Алайда бұл сыяқты үлгі алуға тұрарлық лайықты мысалдарды айта отырып, бала тәрбиелеуге жауапсыз қарайтын ата-аналар туралы айтпай кетуге болмайды.

Алматы қаласындағы № 28 мектепте Алматы қалалық Совет атқару комитетінің председателі Ильешев жолдастың үлкен баласы Қасым оқыды. Ол барып тұрған жалқау, 9 класта екі жыл отырды. Оның екінші баласы — Диас осы мектептің оқушысы, 8 класта екінші жылға калды. Бұл оқушының екеуі де мұғалімдерге тіл тигізді, оларды да, ата-аналарын да алдады.

Мектеп дирекциясы мен класс жетекшісі ата-аналарынан балаларының тәртібі мен оқуына көңіл аударуды бірнеше рет сұрады. Ильешевтар мектепке келді, тиісті шаралар қолдануға уәде берді, бірақ ешқандай өзгеріс болған жоқ. Күзгі сынға қалған баласы жазғы каникул кезінде емтихан тапсыруға әзірленбеді, ал Диастың жаңа оқу жылының өзінде жеті сабақтан үштік бағасы бар.

Қазақ ССР Финанс министрлігінің қызметкері Булышев жолдас өз баласының тағдырына көңіл бөлмейді. Слава — сабақ үлгірмейтін оқушы, тәртіп бұзады, беренауыз, мұғалімдерге тіл тигізеді. Алматы қаласындағы № 11 кешкі мектептің директоры Әзизова жолдас-

тың баласының тәртібі нашар. Әзизовтар өз баласын шектен тыс еркінсітеді, олардың баласы мектептегі ең тәртіпсіз оқушы екені, оқытушыларға тіл тигізетіні, шылым тартатыны туралы ойына кіріп шықпайды.

Семья мен мектеп өзара тығыз байланысты буындар. Оларды жалпы игілікті бір мақсат: жана адамды қалыптастыру мақсаты біріктіреді. Кейбір ата-аналар семья мен мектептің міндеттерін басқаша түсінеді. Мынандай факті келтірейік. Алматы қаласындағы № 25 мектептің оқушысы Владимир Лемешко өткен оқу жылында кейбір сабақтарды үлгіре алмады, екілік бағалары болды. «Мұғалімдер, — дейді мектеп директоры Селицкий жолдас, — дабыл көтерді, ата-аналарын шақырды. Мектепке әкесі Лемешко келді. Ол класс жетекшісімен әңгімелескенде өзін жоғары ұстады, баласының сабақты үлгіре алмайтындығы үшін барлық кінәні мектепке аударды. Оқушы сабақ үлгермей жүре берді, сөйтіп келесі класқа көшпей қалды. Сол сыяқты быйылғы оқу жылында да Лемешко нашар оқиды. Класс жетекшісі Владимирдің тәрбиесі жөнінде әңгімелесу үшін оның үйіне барды. Лемешко жолдас мұғаліммен әңгімелескенде әдепсіздік көрсетті, ал, әңгімесінің соңында баласының көзінше оның баласының бұзықтығы және бірнеше екілік баға алғандығы үшін мектепті айыптады». Лемешко жолдас — коммунист, офицер, ол ересек адамдарды тәрбиелеп жүр, ол әдептілік, сыпайылық ережелерін білуге тиісті еді.

Лемешко, Булышевтар, Әзизовтер және басқа осылар сыяқты ата-аналар туралы не айтуға болады? Бұлардың балаларын тәрбиелеу жөніндегі бейғамдығы — бұл балалардың алдында қылмыс істегендік ғана емес, өздерінің ата-аналық борышын ақтамағандық, бұл мемлекет алдында қылмыс істегендік. Олар біздің қоғамымыз үшін кімді даярлап жатыр? Жалқауларды, тұрпайыларды ма? Совет қоғамына жері мұндай адамдар емес.

Кейбір әкелер мен аналар былай дейді: «Біз балаларды алдауға үйреткеміз жоқ», «Біз беренауыздықты, өтірікшілікті үйреткеміз жоқ», «Біз жалқаулықты үйреткеміз жоқ». Бұл дұрыс, ата-аналар балаларын жаман әдетке үйретпейді. Бірақ, егер Ильешевтің, Лемешконың және басқалардың семьяларында балаларды күнделікті еңбек сүйгіштікке іс жүзінде үйретіп отырса, олардың тәртібін қадағалап отырса, онда олар бір класта екі жылдан отырмас еді. Осымен бірге олардың балаларының үлкен адамдармен сөйлескенде, мектепте, көшеде, әдепсіздік қылықтар көрсететіні үшін ата-аналарының өздері кінәлі. Халық даналығы: нашар балалар болмайды — нашар ата-аналар бар дейді — бұл әділ сөз.

Қусепов, Бубнов, Тарасенко және басқалардың семьясында балаларды тәрбиелеуге жауапсыз қараушылық, олардың ұнамсыз қылықтарын тыймаушылық мынандай жағдайға әкеп соқтырды. Қусеповтардың баласы нашар оқиды, үйге берген тапсырмаларды орындамады, мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзды. Ең ақырында ол әкесінің пистолетін ұрлап алып, оқушылар Бубновпен, Ефремовпен және Тарасенкомен бірге қылмыс істеді. Балалары қамауға алынғаннан кейін барып, бұл ата-аналар: «Сезбей қалдық, білмей қалдық» деп шыға келді. Бұл осылай ма еді? Бұрын-ақ мектептен хабарлап, мұғалімдер баланы дұрыс жолға түсіруге көмек сұраған жоқ па еді. Алматы облыстық юстиция басқармасының бастығы Қусепов өзінің әкелік міндеттерінен бойын аулақ салды. Ол өз баласының кеш сайын кімдермен болатыны, неге үйіне кеш келетіні, кімнің ақшасына ішкілік ішетіні туралы ешқандайда білгісі келмеді.

Бубновтарға да олардың баласының лайықсыз тәртібі туралы бірнеше рет хабарланды. Бубнова — Қазгипрогорсельстройдың экономисті мектепке келіп, баласының істеген тәртіпсіз қылықтары туралы есіткенде ол таңғалды, баласын қорғады, оқытушыларға ұрысты, сөйтіп осымен өзінің аналық борышын ақтадым деп есептеді.

Бұл балалардың қылмыстылар орнына отырғызылуына себеп болған кім деген сұрақ туады? Олардың тәрбиесіне төзгісіз салқын қараған ата-аналары. Олар қаласын қаламасын өз балаларының моральдық азғындауына себеп болды.

Семьядағы тәрбие жұмысында ата-аналардың үлгі көрсетуі ерекше роль атқарады. Әкесі мен анасы тату тұратын, адал еңбек ететін семьяларда олардың балалары да моральдық жағынан ұстамды болып өседі. Өзді-өзі шатақтасатын, бір-бірін балағаттайтын, ішкілікке салынатын, ұрысатын ата-аналар балалардың санасында қандай жазылмас із қалдырады. Мұндай семьяларда балалар әкесін де, шешесін де силамайды, әдетте өз білгендерін істейді. Ал мұның ақыры өкінішті жағдайға соқтырады. Мысалы, әкесі ет комбинатының тоңазытқыш цехының (Алматы қаласы) аға бухгалтері болып істейтін оқушы Геннадий Демышкин не себептен азғындық жолға түсті? Өйткені оның әкесі ішкілікке салынды, ұрыс-төбелес шығарды. Семьядағы мұндай оқиғалар оған жаман әсерін тигізді.

Жақында біз бір топ мектеп директорларымен, көптеген мұғалімдермен әңгімелестік. Оларға мынандай сұрақ қойдық: Семьядағы тәрбиені жақсарту үшін не керек? Олар бірауыздан: «ата-аналардың жауапкершілігін арттыру керек» деп жауап берді. Бұған қосарымыз: ең алдымен өз балаларының тәрбиесі үшін коммунистердің жауапкершілігін арттыру керек. Кейбір коммунистердің өсіп келе жатқан ұрпақтарды тәрбиелеу, оқыту үшін партия алдындағы, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі нашарлаған. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеуде брак жіберуге правосы жоқ. М. А. Жданов жолдас былай деген болатын: «Егер өндірісте брак жіберілсе немесе көпшілік тұтынатын товарлар жөніндегі өндірістік программа орындалмаса немесе ағаш даярлаудың жоспары орындалмаса, онда бұл үшін сөгіс жариялау заңды іс, ал егер адам жанын тәрбиелеуде брак жіберілсе, онда бұл жерде күйін кетуге де болады деп санаймын. Осылай болғанмен, бұл өндірістік программаны немесе өндірістік тапсырманы орындамағаннан гөрі түкке тұрмайтын жеңіл күнә ме?».

Сот процестері, оқушылардың тәртіпсіздік фактілері кейбір партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарында анау айтқан дабыл тұрыза қоймайды. Олар семьядағы және мектептегі тәрбие мәселелерімен «төтенше оқиғалар» болғаннан кейін барып ғана шұғылданады. Мысалы, Кусеповты және басқаларды соттағаннан кейін барып Алматы қаласы Сталин аудандық партия комитеті партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын тәрбие жұмысын жақсартуға, бақылауды күшейтуге және т. б. міндеттеді. Партия ұйымдары бұл іске қызу кірісісімен-ақ бұл маңызды іске тез суынып қалды, тағы дабылды күтіп отырса керек.

Семьяда балаларды тәрбиелеу — бұл өзінше бір науқан емес және науқанды іс емес, қайта өсіп келе жатқан ұрпақтардың шын мәнісінде коммунистік тәрбие алуын қамтамасыз ететіндей етіп жүргізілуге тиісті күнделікті және қиын жұмыс екенін естен шығармау керек.

Көптеген партия ұйымдары «науқаншылық» практиканы қолданады. Мысалы, Семейде партия ұйымдары мектеп және семья мәселесі туралы оқу жылының бас кезі мен аяқ кезінде ғана еске алады. Жыл бойына бұл іспен ешкім шұғылданбайды. Қаланың мектептеріндегі тәртіп көп жақсартуды керек етеді. Көптеген оқушылар өздерін көрпенсіз ұстайды, мұғалімдерді балағаттайды, көшеде бұзақылық істейді. Кейбір ата-аналар балалардың тәртіпсіз қылығына қалай болса солай қарайды, өздерінің ұлдары мен қыздарының бос уақытын қайда және қалай өткізетінімен ісі болмайды.

Міне осы мәселе жөнінде партия ұйымдары өз пікірлерін қатаң және батыл айтуға тиісті. Бірақ, олар бейғам ата-аналарға елеулі талаптар қоймайды. Мынандай мысал келтірейік: партия мүшелері — темекі

фабрикасының механигі Помзунувский жолдастың және осы фабриканың кадр бөлімінің бастығы Забирова жолдастың балалары ішкілікке салынды, тонаушылықпен шұғылданды, оларды милиция органдары ұстап алды. Болған оқиғаның бәрі туралы партия ұйымына белгілі болды. Алайда фабриканың партия бюросы коммунистердің балаларын қылмыс істеуге итермелеген себептерді ашпады, бұл коммунистердің өздерін жыйналыста айыптамады, сонымен бірге басқа партия мүшелерінің семьясында тәрбие жұмысының жағдайы қалай екенін тексермеді.

Партия ұйымдары, мектептерге және олардың ата-аналармен байланысын нығайтуға, семьядағы тәрбие үшін коммунистердің жауапкершілік сезімін күшейтуге баса көңіл бөлуге, мектептерге тиісті көмек көрсетуге тиісті. Халық ағарту қызметкерлері Қоңырат руднигінің (Қарағанды облысы) партия ұйымы туралы жақсы пікірде, бұл ұйым оқушылар арасындағы тәртіпті нығайту жөнінде үлкен жұмыс жүргізуде, ата-аналардан өз балаларына қамқорлықты күшейтуді талап етуде.

Тұрмыстағы, семьядағы ұнамсыз құбылыстарға қарсы кәсіподақ ұйымдары да күрес жүргізуге тиісті. Бұл үшін олардың зор мүмкіндіктері бар. Осылай бола тұрсада көптеген кәсіподақ ұйымдары семья және мектеп мәселелерін жыйналыстарда сирек талқылайды, ата-аналық борыштан бастартатындардың төңірегінде қоғамдық пікір туғызбайды. Кәсіподақ ұйымдардың кейбір семьядағы жанжалдарды біле отырып, оған көңіл бөлмейтіндігіне төзуге болмайды. Мәселен, Алматы қалалық водопровод кәсіподақ ұйымы осылай істеді. Бұл ұйым кәсіподақтың мүшесі Тарасенко жолдастың баласының істеген қылмысына мән бермеді. Кәсіподақтардың жастарды тәрбиелеу ісіне бұл сыяқты «араласпау» практикасын батыл жою керек. Партия және кәсіподақ ұйымдары да балаларға мәдени-қызмет көрсетуді жақсартуға тиісті: балалар фильмдерін көрсетіп тұруды жолға қою, театрлардың рефертуарларына өзгерістер енгізіп отыру керек. Қалаларда туристік, техникалық, спорттық мектептер ашудың, жас табиғат зерттеушілер станцияларын құрудың керектігі алдағашан-ақ пісіп жетілді. Уралекіде, мысалы, пионерлер сарайы кішкентай бөлмеге орналасқанына, ал одан басқа балалар мекемелерінің жоқ екендігіне төзуге болмайды.

Тәрбие жұмысын жақсартуда еңбекшілерге педагогикалық білім берудің зор маңызы бар. Республикамызда педагогикалық білімдерді насихаттау нашар жолға қойылғандығын атап өту керек. Егер қалаларда оқтын-оқтын әңгімелер, лекциялар және баяндамалар өткізіліп тұратын болса, көптеген ауылдар мен селоларда бұлардың ешқайсысы жоқ. Кәсіпорындарының клубтарында, қызыл бұрыштарында және оқу үйлерінде, кітапханаларда, тұрғын үйлерде оқытушылар коммунистік тәрбие туралы үнемі лекциялар және әңгімелер өткізіп тұратын болуы керек. Сонымен бірге бұл мақсатқа радионы, газеттерді, журналдарды пайдалану керек.

Комсомолдың көптеген аудандық және қалалық комитеттеріне елеулі сын айтуға болады. Олар мектеп оқушыларының ұнамсыз тәртібінің фактілеріне ымырашылдықпен қарайды, көбінесе комсомолецтердің жағымсыз қылықтарын тізіп қана отырады, бірақ мұндай жағымсыз қылықтардың алдын алу жөнінде аз жұмыс істейді.

Бізде семья мен мектептің міндеттері біртұтас, ол жастарға коммунистік тәрбие беру. Жаңа адам тәрбиелесу жеке кісінің ісі болып саналмайды. Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары мектептерге және семьяларға олардың игілікті жұмыстарына көмектесуге міндетті, осымен бірге ата-аналардың өз балаларын қоғамның белсенді мүшелері етіп даярлау үшін жауапкершілігін арттыруға міндетті.

Г. КОПЫЛОВ.

Халыққа аяқкиімді көп берейік

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерімен жігерленген Қазақстанның аяқкиім фабрикаларының коллективтері халыққа керекті аяқкиімді көп шығару үшін күресуде. Аяқкиімнің сапасы мен сыртқы көрінісін жақсартып отырып, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер өндіріс технологиясын үнемі жетілдіруде, өнімнің түсер құнын кемітіп, еңбек өнімділігін арттыруда.

Республикамыздың фабрикаларында аяқкиім өндірісі жылдан-жылға өсуде. Кәзір олар өнімді 1940 жылғыдан 9,5 есе көп шығарады. Өткен жылы Қазақстанның фабрикалары жоспардан тыс 1400 пар, осы жылдың 9 айы ішінде 38300 пар аяқкиім берді.

Сапалық көрсеткіштер де жақсаруда. Мысалы, осы жылдың бірінші жартысында өнімнің түсер құны жоспардағыдан 2872 мың сом кеміді. Көптеген шикізат, көмекші материалдар үнемделді. Осы жылдың бірінші жартысында аяқкиімдерді пішкенде 894 мың шаршы дециметр хром, 305 мың шаршы дециметр юфть, 140 мың шаршы дециметр тоқыма материалдар үнемделді. Бұл товарлардан фабрика 29800 пар еркек ботинкаларын, 4700 пар былғары етік және 7 мың пар жоғарғы жағы матадан жасалған еркек ботинкаларын жасап шығарады.

Аяқкиім өнеркәсібінің жанашылдары технологиялық процесті, техниканы, еңбектің ұйымдастырылуын жетілдіруде. Быйыл жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерден 122 рационализаторлық ұсыныс түсті. Оның ішінде 77 ұсыныс қабылданып, өндіріске енгізілуде. Семей фабрикасының слесары Шелехов жолдас былғарыны тегістейтін ерекше автомат жасады. Қарағанды фабрикасының жұмысшылары Штигель және Инякин жолдастар 26 клас тігін машинасының конструкциясына өзгерістер енгізіп, бұл машинамен жұмыс істейтін жұмысшының еңбек өнімділігін екі есе арттырды. Алматы фабрикасының механиктері Бочаров, Рябоконов және Артющенко жолдастар тігін машинасын жетілдірді. Мұнан кейін машина бір жолы бір инемен емес, екі инемен жұмыс істейтін болды. Мұның өзі де қаржыны үнемдеп, еңбек өнімділігін арттырады.

Алайда, аяқкиім өнеркәсібінің өнім шығаруды жылдан-жылға арттыруына қарамастан, Қазақстанда аяқкиім өндірісінің қолжеткен дәрежесі халықтың өскен тұтыну қажетіне тіпті де сай келмейді. Орта есеппен әрбір адамға жылына 2 — 2,5 пар әртүрлі аяқкиім керек болса, республиканың бүкіл аяқкиім өнеркәсібі (кәсіпшілік кооперациясын қосқанда) беретін өнім әрбір адамға бір пардан да келмейді. Көптеген аяқкиім бізге бұрыңғысынан еліміздің басқа аудандарынан әкелінеді.

Жұмсақ былғары товарларын әдеуір үнемдей тұрса да, аяқкиім фабрикалары қатты былғары товарларын, әсіресе ұлтандық былғарыны үнемі артық жұмсап келеді. Мысалы, қатты былғары товарлары 1954 жылы 26,9 тонна, осы жылдың бірінші жартысында 11,4 тонна артық жұмсалды. Семей, Қостанай, Қызылорда фабрикаларында мұндай былғары товарлары үнемі артық жұмсалады.

Материалдарды үнемдеу ешқандай ретте өнімнің сапасына зардабын тигізбеуге тиіс. Алайда республиканың аяқкиім фабрикалары былғары шығынын азайту үшін күресіп отырып, аяқкиімнің үстіңгі жағын пішкенде тігістік жиекті өте аз қалдырады. Мұның салдарынан аяқкиім тез жырытылады, жамауға келмейді. Мұның өзі еңбекшілерге зыян келтіреді. Жалпы алғанда, аяқкиімнің сапасы төмен. Қарағанды, Қызылорда фабрикалары бірінші сорт аяқкиім шығару жоспарын үнемі орындамай келеді. Осы жылдың жеті айының өзінде брактын мөлшері 88 мың сом, ал сорттылықтың төмендеуінен көрген зыян 378 мың сом болды. Осы

жылғы августа тігілген 444,9 мың пар аяқкиімнен 20 мың пар түзетуге қайтарылды. Сауда ұйымдары 1451 пар аяқкиімді браққа шығарды. 5385 пар аяқкиімді төменгі сорттарға түсірді.

Аяқкиімнің браққа шығуының бір себебі—нашар былғарының пайдаланылуы. Мәселен, 1954 жылы Семей фабрикасына былғары беруші заводтардан 990 мың шаршы дециметр нашар былғары товарлары түсті, оның кемінде жартысы заводтардың өздеріне қайтарылды.

Жұмысшы күшінің тұрақтамауы да өнімнің сапасының және еңбек өнімділігінің артуына бөгет жасайды. Техниканың дамуының кәзіргі дәрежесі уақытша емес, өз ісін жақсы білетін тұрақты кадрлар болуын талап етеді. Ал аяқкиім фабрикаларында әрбір үшінші жұмысшы — жанадан келген адам. Фабрикалардың шаруашылық, партия және кәсіподақ ұйымдары тұрақты маман кадрлар жасауға көңіл бөлмейді.

Аяқкиім фабрикаларында жұмысшылардың мәдени-тұрмыс жағдайлары жақсартуға жеткілікті қамқорлық жасамайды. Қостанай фабрикасында барлық жұмысшылардың 80 проценті — әйелдер. Алайда мұнда балалар яслиі де, балалар бақшасы да, асхана да жоқ.

Жұмысшы күшінің тұрақтамауы еңбек өнімділігін кемітеді. Еңбек өнімділігін арттыру жоспары 1955 жылдың 8 айы ішінде Қостанай фабрикасында 94,1 процент, Семей фабрикасында 95,5 процент орындалды. Қызылорда фабрикасында жұмысшылардың төрттен бір бөлегі өздерінің жұмыс нормасын орындамайды.

Фабрикалардың өндірістік қуаты мүлде жеткіліксіз пайдаланылады, машина-жабдықтар көп уақыт қарап тұрады. Қызылорда фабрикасында осы жылдың бірінші жартысының өзінде жабдықтар 3 мың адам-сағат уақыт қарап тұрды. Мұның негізгі себептері—электр қуаты мен материалдардың болмауы.

Аяқкиім өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындарын салу және бұрынғыларын үлкейту жұмысының барысы тіпті қанағаттанғысыз. Жамбылдағы былғары-аяқкиім комбинатының құрылысы тоқтап қалды. Быйыл Қарағандыда жаңа фабрика салынуға тиіс еді, бірақ ол әлі басталған жоқ. Алматы фабрикасында рант цехын салудың барысы өте шабан. 1955 жылға берілген 154 мың сомнан небәрі 8 мың сомдай қаржы пайдаланылды. Ал жаңа цехқа арналған жабдықтар кәзірдің өзінде әкелініп, складта босқа жатыр.

Материалдардың уақытында жеткізілмеуі себепті фабрикалар жүк тасу үшін авиация транспортын пайдаланып, мұнан көп зыян көреді. Мысалы, Қарағанды фабрикасы өткен жылы өзіне керекті жүктерді самолетпен әкелуге 161,8 мың сом төледі. Өте тапшы материалдар ғана емес, фабриканың складында артылып жатқан материалдар да самолетпен әкелінді.

Орынсыз шығындар әлі де көп. Өткен жылы мұндай шығындар 2843 мың сом, осы жылдың 8 айы ішінде 1230 мың сом болды. Орынсыз шығындар әсіресе Семей және Қарағанды фабрикаларында өте көп.

Қазақстанның аяқкиім фабрикалары үнемшілдік тәртібі үшін, рентабельділік үшін әлі нашар күреседі. Бес фабрикадан үш фабрика (Алматы, Қызылорда, Қостанай фабрикалары) осы жылғы жеті айдың ішінде миллион сомнан астам зыян көрді. Қызылорда фабрикасы соңғы бес жыл бойына рентабельді жұмыс істемей келеді. Мұның себебі — завод аяқкиімнің арзан түрлерін көп шығарады. Модельді, рантылы және сырлы аяқкиім әлі аз шығарылады.

Қазақстанның Жекіл өнеркәсіп министрлігі аяқкиім фабрикаларында тәртіп орнатып, халыққа керекті берік, ұнамды және әдемі аяқкиім шығаруды мықтап арттыруға тиіс.

Ф. РЕШЕТНИКОВ.

Лекция және консультация

Шаруашылық есеп—социалистік шаруашылықты жүргізудің негізгі әдісі

Н. ПОНОМАРЕНКО,

экономикалық ғылымдардың кандидаты

Әрбір қоғамдық құрылыстың өзіне тән өндірісті ұйымдастыру тәртібі және оған сәйкес шаруашылықты жүргізу принципі болады. Социализм тұсында шаруашылықты жүргізудің негізгі әдісі — шаруашылық есеп. Бұл есеп — монополиялардың ең көп пайда алуын қамтамасыз етуді көздейтін, капиталистік шаруашылықтағы коммерциялық есепке тікелей қарама-қарсы. Социализм тұсындағы шаруашылық есеп бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін мейлінше толық қанағаттандыру мақсатын, материалдарды, қаржыны және еңбекті барынша үнемдеуді көздейді.

Шаруашылық есеп, кәсіпорындарда өндірілетін өнімге қаржы мен еңбекті жоспарда белгіленген қоғамдық-қажетті нормалардан артық жұмсамауға бағытталған бірсыпыра шаралар мен міндетті ережелерді қамтыйды. Шаруашылық есеп кәсіпорындарда өнім шығаруға жұмсалатын шығынның бәрін өзірленген өнімнің есебінен, сол сыяқты басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға көрсетілген қызметтің ақысына алынатын табыс есебінен өтеуді міндеттейді. Кәсіпорынның шығыны оның табысына байланысты болуы — шаруашылық есептің аса маңызды принципі.

Кәсіпорынның өз шығынын өзінің табысы есебінен өтеп отыруы, зыян көрмейтін болуы — шаруашылық есептің элементарлық шарты. Бірақ шаруашылық есептің мәні тек бұл шартпен тұжырылмайды, өйткені кәсіпорынның өзінің барлық шығындарын табыстары есебінен толық өтеуі жәй ұдайы өндірісті ғана жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал социалистік өндіріс ұлғаймалы ұдайы өндірістің экономикалық заңы негізінде өркендейді. Сол себепті ұлғаймалы ұдайы өндірісті қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның табысы оның шығындарының жалпы сомасынан артып отыруға тиіс. Осылайша жыйналған қор ұлғаймалы ұдайы өндірістің бірден-бір қайнар көзі болып табылады.

Шаруашылық есеп кәсіпорынның рентабельділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Социалистік өндірісті онан әрі өрге бастыру үшін мұның орасан зор маңызы бар. Жеке кәсіпорындардың және шаруашылықтың салаларының рентабельділігін арттыру өнеркәсіптің өз ішінде жыйналатын қорды көбейтеді, яғни бүкіл халық шаруашылығының өркендеуін тездетуге көмектеседі.

Алайда СССР-да белгілі бір салаға жұмсалатын күрделі қаржы оның табыстылығы дәрежесіне сәйкес белгіленбей, халық шаруашылығына қолайлылығына, бұл саланың коммунистік құрылыс үшін маңыздылығына қарай белгіленеді. Сондықтан социалистік шаруашылықта рентабельді кәсіпорындармен қатар, уақытша рентабельсіз, тіпті зыян келтіретін, бірақ зор мемлекеттік маңызы бар кәсіпорындардың да болуы мүмкін. Мұндай кәсіпорындар мемлекеттен қаржы ала отырып, бірте-бірте рентабельді болады. Қазіргі уақытта, өздерінің өмір сүруінің алғашқы кезеңінде жәрдемдесуді керек қылатын жеке кәсіпорындарға, уақытша шара ретінде, мемлекеттен қаржы беріп тұруға болады.

Жеке кәсіпорындардың және өндірістің жеке салаларының рентабельділігі капитализм тұсында қол жетпейтін бүкіл халық шаруашылығының жоғары рентабельділігіне бағынышты. Жоғары рентабельділік жеке кәсіпорындардың немесе өндірістің жеке салаларының және бір жылдың мүддесі тұрғысынан емес, бүкіл халық шаруашылығы және ұзақ уақыт тұрғысынан белгіленеді. Социалистік қоғамдағы жоғары рентабельділік халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялық) даму заңының әрекетімен, демек жоспарлау нәтижесінде туады. Мұның арқасында біздің өндірісіміз қоғамдық байлықты пайдаланудағы үйлеспеушіліктен, ысырапқорлықтан, жұмыссыздықтан, экономикалық кризистерден және олардың апатты зардабынан құтылды.

Шаруашылық есеп түгелінен халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялық) даму заңына бағындырылған. Шаруашылық есеп еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарын неғұрлым аз жұмсай отырып, мемлекеттік жоспарлардың толық және асыра орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жеке социалистік кәсіпорын — бүкілхалықтық меншіктің бүкіл ел көлеміндегі біртұтас системасының бітеқайнасқан бір бөлегі. Оның қызметі тек басқа кәсіпорындардың, басқа салалардың жұмысымен жоспарлы, тығыз байланыстырылып отырғанда ғана табысты бола алады. Сондықтан шаруашылық есептегі кәсіпорынның жұмысы оған бір орталықтан жоспарлы мемлекеттік басшылық жасалып, оның шаруашылық қызметі мақсатқа лайықты бағыттала отырғанда және басқа кәсіпорындардың жұмысымен үйлестіріліп жүргізілгенде ғана қоғамға неғұрлым көп пайда бере алады. Мұнымен бірге социалистік кәсіпорындарда орталықтағы жоспарлы басшылық жедел жұмыстарды жер-жердің өзінде басқарып жүргізумен ұштастырылып отырылады.

Шаруашылық есептегі кәсіпорындар әкімшілік және күнбе-күнгі жұмыс-шаруашылық қызметін дербес жүргізу правосымен пайдаланады. Мұның өзі иесіздікті жоюға көмектеседі, кәсіпорынның басшыларына қаржыны керегіне қарай икемдеп жұмсауға, ішкі ресурстарды пайдалануға, еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарын неғұрлым аз жұмсай отырып, жоспарды орындаудың нақтылы жолдарын неғұрлым жақсы белгілеуге мүмкіндік береді.

Шаруашылық есептегі кәсіпорынға бекітіп берілген мемлекеттік негізгі қорлар және оның қарамағына берілген айналмалы қаржы бұл кәсіпорынның жұмыс-шаруашылық қызметіндегі дербестігінің материалдық негізі болып табылады. Сол сыяқты мұның өзі кәсіпорындардың финанс қызметіндегі дербестігінің негізі болады. Кәсіпорындардың әрқайсысының өзіне тән бухгалтерлік балансы және банкте счеты болады.

Негізгі және айналмалы қаржыны пайдалану жұмысындағы дербестік, әрине, жоспардың шеңберінен шықпайды және шықпауға тиіс. Жұмыстағы дербестікке жол бере отырып, шаруашылық есеп кәсіпорындардың жоспарды жалпы өнім жағынан ғана емес, мұнымен бірге өнімнің түр-түрі жағынан да орындауын көздейді және мұны кәсіпорындарға міндеттейді. Шаруашылық есеп дербестігі тұсында шаруашылық қызметінің нәтижелеріне, мемлекет берген қаржының сақталуына, оның табыс есебінен толықтырылуына кәсіпорынның өзі, оның коллективі, ең алдымен басшылары жауапты болады.

Н. А. Булганин КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумындағы баяндамасында министрліктер мен жоғары басқармалардың көп уақытта, жұмысты жақсы атқаратын кәсіпорындардан жоспардан тыс пайданың бір бөлегін және айналмалы қаржының бір бөлегін алып, мұның есебінен, жұмысты нашар атқаратын кәсіпорындардың айналмалы қаржысының кемісін толтырып отыратыны, сөйтіп бұл соңғы кәсіпорындардың финанс жағдайын жақсы етіп көрсетуге тырысатыны дұрыс емес екенін, бұған жол бермеу керек екенін көрсетті. Артта қалған кәсіп-

орындарды алдыңғы қатарлылар есебінен қаржыландырудың мұндай практикасы шаруашылық есеппен сыйыспайды. «...Шаруашылық есептегі трестер мен кәсіпорындар, — деп жазды В. И. Ленин, — анығында өз кәсіпорындарының зыянға ұшырамауына нақ өздерінің жауап беруі үшін, оның үстіне бүтіндей жауап беруі үшін құрылған» (Шығармалар, 35-том, 523-бет).

Шаруашылық есептегі кәсіпорынның әкімшілігі қаржының үнемдеп жұмсалыуына, мемлекеттік бюджетке үлес беру, сол сыяқты жұмысшылар мен қызметшілерге жалақы төлеу міндеттемелерінің мезгілінде және толық орындалуына жауапты.

Шаруашылық есептің аса маңызды буындарының бірі — кәсіпорындар арасындағы договорлар. Бұл договорлар негізінде кәсіпорындар өздерінің өнімін өткізеді, өздеріне керекті өндіріс құрал-жабдықтарын алады, мұнымен бірге шаруашылық қызметін өзара бақылап отырады. Шаруашылық есеп, договорларды орындамағаны үшін кәсіпорындардың материалдық жауапты болуын: штраф, өсім, келтірілген зыянды төлеуін көздейді.

Шаруашылық есеп құн заңын пайдалануға негізделген. Бұл заңды пайдалана отырып, мемлекет қоғамдық-қажетті шығынға сәйкес кәсіпорындардың өндіріс шығынын өтеп отырады, кәсіпорындар өздерінің іс жүзіндегі шығыны қоғамдық-қажетті шығынға үйлесетінін немесе үйлеспейтінін үнемі сезіп отырады. Құн заңын пайдалану есепті ұйымдастыруға, калькуляция жүргізуге, баланстар жасауға, табыс пен шығынның арасалмағын анықтауға, мұның негізінде әрбір кәсіпорынның табыстылығын немесе зыян көруін ашуға мүмкіндік береді. Құн заңының өндіріске әсері шаруашылық есеп, рентабельділік, түсерқұн мәселелерінің маңызын арттырады.

Шаруашылық есеп бүкіл кәсіпорынның, оның жеке учасоктерінің жұмысын ақша арқылы үнемі бақылап отыруды талап етеді. Бұл бақылаудың әртүрлі формалары бар.

Шаруашылық есепті және ақша арқылы бақылауды жүзеге асыруда Мемлекеттік банк зор роль атқарады. Кәсіпорындарға қарыз бере отырып, олардың есеп айыру счеттарын жүргізе отырып, кәсіпорындардың жұмысы туралы олардан үнемі есеп ала отырып, банк кәсіпорындардың жоспарды орындауындағы кемшіліктерді мезгілінде аша алады, қарыз беруді, есеп айыруды тәртіптеу жолымен, тікелей немесе директивалық органдар арқылы оларды өздерінің жұмысын жақсарту шараларын қолдануға міндеттейді. Шаруашылық есепті және финанс тәртібін нығайту үшін Мемлекеттік банкке, қарыз берудің және есеп айырудың ерекше тәртібіне көшірілгеннен кейін алты ай бойына қор жыйнау жоспарын орындамай отырған немесе жоспардан тыс зыян көріп отырған кәсіпорындарды — қарызын өтей алмайтын кәсіпорындар деп жариялауға право берілген.

Шаруашылық есеп жауаптылықты, бақылауды, экономикалық зорлауды белгілеп қана қоймай, бүкіл кәсіпорын коллективінің, сол сыяқты оның жеке қызметкерінің материалдық мүдделі болуын да көздейді. Шаруашылық есептегі кәсіпорындардың өз жұмысының қортындысына материалдық мүдделі болуы өнімді еңбекке қарай бөлудің экономикалық заңын пайдалануға негізделген және мұның өзі советтік құрылысқа тән — еңбекшілердің өз мүдделерінің жалпы мемлекеттік мүдделермен ұштастырылуын көрсетеді. Материалдық ынталандыру жалақы төлеуді, сыйлықтар беру системасын және кәсіпорынның табысын бөлуді жіктеп ұйымдастыру жолымен құрылады.

Шаруашылық есептегі кәсіпорынды және оның жеке қызметкерлерін материалдық ынталандырудың маңызды құралы — директордың билігіндегі қор. Бұл қор кәсіпорынның таза табысынан берілетін үлестен (1 — 5 процент) және жоспардан тыс алынған табыстың үлесінен (15 — 45

процент) құралады. Директордың билігіндегі қордың жартысы өндірісті кеңейтуге, сол сыяқты тұрғын үйлер салуға, қалған жартысы кәсіпорын қызметкерлерінің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді жақсартуға, оларға жеке сыйлықтар және біржолғы жәрдем беруге жұмсалады.

Сонымен, кәсіпорындардың коллективтері директордың билігінде болатын қорды жасауға мүдделі болып отырады. Алайда бұл қор тек завод, фабрика немесе шахта товарлы өнім шығару жоспарын жалпы сомасы, сол сыяқты өнімнің белгіленген түр-түрі жағынан міндетті түрде орындағанда, сол сыяқты кәсіпорын таза табыс беру және өнімнің түсер құнын кеміту тапсырмаларын орындағанда ғана жасалады. Бұл шарттардың ең болмағанда бірін орындамаған кәсіпорын директордың билігіндегі қорды жасау правосынан айрылады.

Шаруашылық есептегі кәсіпорындардың барлық материалдық шығындары ақшаға шағып есептеледі. Өндіріске қатысушы адамдардың еңбегіне тиесілі ақы да ақшалай төленеді. Кәсіпорынның ақшаға шаққандағы бұл барлық шығындарынан өнімнің түсер құны құралады.

Өнеркәсіп өнімінің түсер құнының екі түрі: фабрик-заводтық құны және толық (коммерциялық) түсер құны болады. Фабрик-заводтық түсер құн кәсіпорынның өнім шығаруға байланысты шығындарын қамтыйды. Өнімнің толық түсер құны фабрик-заводтық құннан, өнімді өткізу шығындарынан, трестердің, комбинаттардың әкімшілік-шаруашылық шығындарынан құралады.

Өнімнің түсер құнының саны жағынан, оның құнынан айырмашылығы болады. Түсер құн өнімді жасап шығару және оны өткізу кәсіпорынға қаншаға түсетінін көрсетеді. Бұл құн өндірістің ұстаған құрал-жабдықтарына жұмсалған өткендегі еңбекті және өзі үшін өнім жасайтын, жаңадан жұмсалған еңбекті бейнелейді.

Өнімнің құны өнімді шығаруға жұмсалған барлық қоғамдық қажетті еңбекті қамтып, түсер құннан және қоғамға керекті өнімнен құралады. Өнімнің түсер құнын оның құнымен (баға бойынша көрсетілген) салыстыру жолымен, шаруашылық есептегі кәсіпорынның жұмысының экономикалық нәтижелілігі, оның рентабельділігі анықталады.

Шаруашылық есеп кәсіпорындардың басшыларын шаруашылықты тиімді жүргізу рухында тәрбиелейді, оларды тәртіпті сақтауға үйретеді және олардан өндірістік заттарды дәл есептеп отыруды, совет ақшасының әрбір тиынын үнемдеп сақтауды талап етеді. Шаруашылық есеп еңбекшілерді социалистік меншікке коммунистік тұрғыдан қарауға үйретеді, оларды өнімнің түсер құнын кемітуге, еңбек өнімділігін арттыруға, кәсіпорындарды рентабельді етуге ұмтылдырады.

Шаруашылық есеп системасы кәсіпорынның оның жеке буындарының бүкіл жұмысын арқаулап отыруға тиіс. Сондықтан шаруашылық есеп қатнасын жеке цехтарға, бригадаларға, учасоктерге тегіс тарату, яғни заводтық ішкі шаруашылық есепті енгізіп, дамыту керек болады. Оның бүкіл кәсіпорындағы тұтас шаруашылық есептен біраз өзгешелігі, неғұрлым тар шеңберлі сипаты бар.

Шаруашылық есептегі цехқа негізгі өндіріс құрал-жабдықтары бекітіп беріледі, оған қажетті айналым қорлары бөлінеді, саны, сапасы және түр-түрі бойынша өнім шығару жоспары беріледі, жұмыс істеушілер санының, жалақының, материалдардың лимиттері белгілеп беріледі. Цехтың барлық шығындарын дәл есепке алып отыру, оларды өндірістің сан және сапалық нәтижелерімен салыстыру цехтың рентабельділік дәрежесін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Заводтық ішкі шаруашылық есеп кәсіпорынның негізгі буындарында ғана емес, көмекші және қызмет көрсетуші буындарында да енгізілсе, мұның өзі зор нәтиже бере алады.

Заводтық ішкі шаруашылық есеп кәсіпорынның экономикалық қызметіне қандай игілікті әсер ететінін «Қарағандауглеразрез» тресінің мы-

салынан көруге болады. Мұнда өткен жылғы май айында барлық учас-токтер мен цехтар шаруашылық есепке көшті. Бұған байланысты өндірістің жоспарлау және есепке алу жұмысы қайта құрылды. Бұрын учас-токтер мен цехтардың басшылары отынның түсер құнының барлық эле-менттеріне түгел көңіл бөлмейтін. Олар тек жалақы қоры мен негізгі материалдардың дұрыс жұмсалуына тікелей жауапты болатын. Сондық-тан жабдықтарды жөндеуге керекті запас бөлшектерді жұмсау тиісті нормадан бірнеше есе асып түсетін.

Заводтық ішкі шаруашылық есеп енгізілгеннен кейін учасоктер мен цехтардың қызметкерлері өндіріс экономикасын неғұрлым терең зерттеп, материалдар мен ақшадай қаржының үнемдеп жұмсалуына белсене ұмтылатын болды. Өнім бермейтін шығындарды азайтудың өзінен трест миллион сомнан астам қаржы үнемдеді. Оның бүкіл өндірістік-шаруашы-лық жұмысы жақсарды.

Бүкіл «Қарагандауголь» комбинаты, оның шахталарының көпшілігі рентабельділікпен жұмыс істемей, отынның жоспарлы мөлшерден қым-батқа түсуіне жол беріп отырса, «Қарагандауглеразрез» тресінің кәсіп-орындары рентабельді жұмыс істеп, бассейнде ең арзан көмір беріп отыр. Шаруашылық есеп енгізілгенге дейін тресте бір тонна көмірдің түсер құны жоспардағыдан 49 тыйын артық болса, заводтық ішкі шаруашылық есепті енгізгеннен кейін жоспардағыдан 45 тыйын кеміді. Отынның түсер құнын кеміту есебінен трест өткен жылы жоспардан тыс үш миллион сомнан астам қор жыйнады. Осы жылдың бірінші жартысында көмірдің түсер құнын кемітуден бір миллион сомдай үнем жасалды.

Шаруашылық есеп бойынша жұмыс істеудің мәнісі: материалдарды, шикізатты, отынды, электр қуатын ұқыптылықпен жұмсау, өнімнің браққа шығуына, штаттың тым үлкейтілуіне, транспорттың жұмыссыз тұруына, әртүрлі ысыраққа қарсы күресу, техниканы, технологияны, өндірісті ұйымдастыруды жетілдіруге, еңбек өнімділігін арттыруға үнемі қамқорлық жасап отыру. Кәсіпорынның өнім шығаруға іс жүзінде жұм-саған шығынының белгісі болып табылатын өнімнің түсер құнының жос-пардағы мөлшерден жоғары болмауы үшін жоғарыда көрсетілген талап-тарды бұлжытпай орындау қажет. Сол сыяқты, өнімнің белгілі бір өлше-міне жұмсалған еңбек пен қаржыны қоғамдық қажетті мөлшерге жеткі-зіп қана қоймай, оны үнемі кеміте берудің зор маңызы бар.

Түсер құнды кемітпейінше өнеркәсіптің өз ішінде қор жыйнауды кө-бейту, өнеркәсіпті, еліміздің бүкіл халық шаруашылығын алға бастыру мүмкін емес. Қор жыйнауды көбейту үшін түсер құнды кемітудің кан-дай маңызы бар екенін мынадай бір мысалдың өзінен көруге болады: СССР-дың бүкіл өнеркәсібінде түсер құн небәрі бір процент кемітілген-нің өзінде 5 миллиард сомнан астам қаржы үнемделеді. Қарағандыда бір тонна көмірдің түсер құнын 10 тыйын кемітудің өзінен жылына екі миллион сомнан астам қаржы үнемделеді.

Шаруашылық есептегі кәсіпорындардың өздерінің карамағындағы қаржыны қаншалықты шебер және тиімді пайдаланатынын әрдайым тү-сер құнның дәрежесіне қарай байқауға болады. Демек, түсер құнды кеміту үшін үнемі күрес жүргізіп отыру — өндірістегі өзекті міндет.

Қазақстанның өнеркәсібі өнімнің түсер құнын кеміту жоспарын быйылғы жылдың бірінші жартысында толық орындады. Республиканың көптеген кәсіпорындары өндірісті жүргізудің шаруашылық есеп әдісте-рін жетілдіре отырып, өнімнің түсер құнын жылдан жылға кемітуде. Мысалы, Ақтөбе ферросплав заводы бесжылдықтың басынан бері өнім-нің түсер құнын 30 проценттен аса кемітті. Лениногор полиметалл ком-бинатының кеншілері өнімнің түсер құнын үнемі кемітуде. Өнімнің түсер құнын кеміту есебінен комбинат 1955 жылдың бірінші жартысында жос-пардан тыс 6,5 миллион сом үнемдеді.

Алайда, түсер құнды кеміту резервтері әлі тіпті де толық пайдаланылмай келеді. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің V Пленумында көрсетілгеніндей, өнеркәсіптің көптеген қызметкерлері өндіріс экономикасына кәңіл бөлуді бәсеңдетті, жұмысты жүргізудің шаруашылық есеп әдістерін жеткілікті пайдаланбайды. Түсер құнды кемітіп, кәсіпорынның рентабельділігін арттырудың, өндіріс техникасын, технологиясын және ұйымдастырылуын үнемі жақсартып отыру сыяқты резервтері толық іске қосылған жоқ. Түсер құнды кемітіп, қор жыйнауды көбейтудің шешуші шарты болып табылатын еңбек өнімділігінің өсуі әлі де шабан. Брактан болатын ысырап әлі көп. Сондықтан быйылғы жылдың бірінші жартысында Қазақстанның көптеген кәсіпорындары өздеріне белгілеп берілген түсер құнды кеміту және қор жыйнау тапсырмаларын орындамады.

Республиканың бірсыпра кәсіпорындарында, шаруашылық есептің нашар енгізілуі себепті, үнемдеудің аса мол резервтері пайдаланылмайды, өнімнің қымбатқа түсуіне жол беріледі. Мысалы, Қарсақпай мыс зауытында, технологиялық процесті өрескел бұзу салдарынан, жүздеген тонна металл ысырап болады. Мұнда, пешке шихта салудан бастап, даяр өнімді вагонға тиеуге дейін, барлық жұмыстар қол күшімен атқарылады. Сондықтан, Қарсақпай мысының Балқаш мысынан 25 процент қымбатқа түсуі, ал еңбек өнімділігінің 74 процент кем болуы тегін емес. Завод түсер құнның артуының өзінен екі миллион сомдай зыян көрді.

Шаруашылық есептегі кәсіпорындардың жұмысты жақсы атқарып, рентабельділікті арттыруының маңызды шарты — негізгі және айналым қорларын неғұрлым нәтижелі, тиімді пайдалану үшін күнбе-күн күрес жүргізу. Негізгі қорлар дегеніміз — машиналар, станоктар, электр установкалары, үйлер, транспорт құралдары және т. б. Олар өндірістің барысында ұзақ уақыт бойына пайдаланылып, өздерінің құнын бөлшектеп өнімге өткізеді.

Негізгі қорларды пайдалану дәрежесін арттыру өнімнің түсер құнын жоспарлы дәрежеге жеткізіп қана қоймай, мұны онан әрі едәуір кемітуге мүмкіндік береді. Мәселен, «Донбасс» көмір комбайнының жөндеу аралығындағы қызмет мерзімін бір айға ұзарту шахтаға 5500 сом үнемдеуге, көмір-жыпыс тиейтін машиналардың қызмет мерзімін ұзарту 1500 сом, скрепкалы транспортердің қызмет мерзімін ұзарту 250 сом үнемдеуге мүмкіндік беретіні есептеп шығарылды. Егер, «Қарағандауголь» комбинатының барлық шахталары машиналарды осылай пайдаланатын болса, онда жүздеген мың сом қаржы үнемделеді.

Социалистік құрылыс, оның шаруашылықты жүргізу әдістері негізгі қорларды, капиталистік елдердегіден анағұрлым жақсы пайдалануға мүмкіндік береді. Мәселен, совет металлургтері домна пештерін, АҚШ металлургтерінен анағұрлым нәтижелі пайдаланады. Еліміздің домнашылары пештің пайдалы көлемінің әрбір текше метрінен шойынды, американ заводтарындағыдан 33 процент көп алады. Мартен пешінің еденінің әрбір шаршы метрінен алынған болат 1952 жылы АҚШ-та орта есеппен 4,8 тонна болса, СССР Караметаллургия министрлігінің кәсіпорындарында 6,18 тоннадан келді. 1954 жылы еліміздің болат балқытушылары пештің еденінің әрбір шаршы метрінен алынған болатты 6,67 тоннаға жеткізді. Болат балқытудың шапшаң әдісін қолдана отырып, Қазақ металлургия зауытының металлургтері осы жылдың бірінші жартысында болат алуды 8,06 тоннаға жеткізді.

Алайда республикамыздың бірсыпра кәсіпорындарында машиналар мен жабдықтар әлі қанағаттанғысыз пайдаланылады. Мұның салдарынан еңбек өнімділігі өте шабан өседі, өнімнің түсер құны әлі жоғары. Мәселен, «Қазахсельмаш» зауытында 1955 жылдың 6 айы ішінде жабдықтар, жоспарлы уақытпен салыстырғанда, небәрі 51 процент пайдаланылды. Республиканың машина жасайтын заводтарында өндіріс қуаты қанағат-

тапғысыз пайдаланылады, өйткені металл кесудің шапшаң және салмақты тәртібіне көшірілген станоктар өте аз.

Шаруашылық есеп тек негізгі қаржыны ғана емес, айналмалы қаржыны да барған сайын жақсы пайдалануды талап етеді. Айналмалы қаржы дегеніміз — негізгі және көмекші материалдар, отын, аяқталмаған өндіріс, даяр өнім, кәсіпорынның ақшалай қаржысы.

Социализм, капитализммен салыстырғанда, айналмалы қаржыны анағұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Социалистік шаруашылықта бәсеке мен анархия жоқ, товарларды өндіру оны өткізу қиыншылықтарына кездеспейді, кәсіпорындардың қаржысының айналымы жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылады. Сол себепті біздің кәсіпорындарымызда айналмалы қаржының барлық қаржы-жабдықтар ішіндегі үлес салмағы капиталистік шаруашылықтағыдан едәуір кем.

Айналмалы қаржыны пайдалануды жақсарту ісінде оның айналымын тездету үшін күресудің зор маңызы бар. Айналым уақыты неғұрлым аз болса, айналымның шапшаңдығы сол ғұрлым күшті болады, ал айналым уақыты оның құрамды бөлектерін — өндіріс уақыты мен алыс-беріс уақытын қысқарту нәтижесінде жеми түседі.

Айналмалы қаржының айналымын тездету шаруашылық есептегі кәсіпорынның жұмысын жақсартуға жан-жақты әсер етеді. Мысалы, өндіріс уақытын қысқарту өнім шығаруды көбейткендік, демек жалпы табысты көбейткендік болады.

Негізгі және айналмалы қаржыны пайдалану дәрежесін арттыру үшін өндірісті ұйымдастырудың озат әдістерін енгізудің, кәсіпорындарды графиктік жұмысқа көшіріп, аттаншылдықты жоюдың маңызы зор.

«Қарагандауголь» комбинатының № 31 шахтасында, циклдік графикке көшкеннен кейін, орта есеппен тәуліктік көмір өнімі 2 135 тоннадан 3 042 тоннаға жетті, ал пайдалану жұмысындағы жұмысшылардың саны 1 570 адамнан 1 271 адамға дейін азайды, бір тонна отынның түсер құны 20 сом кеміді. Шахта шаруашылық есеп бойынша ойдағыдай жұмыс атқаруда. Мұның қасында № 47-49 шахтада аттаншылдық барлық өндірістік-финанстық көрсеткіштердің нашарлауына әкеп соқтырды. Мысалы, осы жылғы май айының өзінде бұл шахтада мемлекетке көмір 2 370 тонна кем берілді, жұмысшылардың еңбек өнімділігі кеміді, қаржының едәуір артық жұмсалуына, көмірдің түсер құнының артуына жол берілді. Шахта рентабельсіз, зыян көріп жұмыс істейді.

Шаруашылық есеп социалистік жарысты өрістетумен тығыз байланысты. Партия және кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілердің жарысына басшылық ете отырып, бұл жарысты еңбек өнімділігін арттыруға, өндірістің көлемін ұлғайтуға, өнімнің сапасын жақсартып, түсер құнын кемітуге, кәсіпорындардың рентабельділігін арттыруға бағыттап жүргізуге тиіс. Осы мақсатпен озаттардың тәжірибесін кеңінен таратып, өндіріс жаңашылдарын мейлінше қолдап отыру керек.

Ауыл шаруашылығында шаруашылық есепті енгізу — маңызды міндет. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты жүздеген ірі совхоздар құрылуда, МТС-тердің машина-трактор паркі, колхоздардағы машина-трактор жұмыстарының көлемі арттырылуда.

ҚПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы өнеркәсіп қызметкерлеріне шаруашылық есепті нығайта беруді, барлық кәсіпорындардың рентабельді жұмысын ұйымдастыруға тиісті шаралар қолдануды міндеттеді. Шаруашылық есепті тыянақтылықпен жан-жақты нығайта беру, шаруашылықты жүргізу дәрежесін арттыру коммунистік құрылыстың қарқынын тездетуге, социалистік қор жыйнауды ұлғайтуға, совет халқының әл-ауқат дәрежесін онан әрі арттыруға көмектеседі.

Жергілікті баспасөзге шолу

„Советский Казахстан“ журналындағы публицистика

Совет адамының ерекшелік сипаттарының бірі — оның ой өрісінің кеңдігі. Елдің ішкі тұрмысының әртүрлі проблемаларына, ғылым, мәдениет, білім мәселелеріне құштарлық еш уақытта және еш жерде біздің еліміздегідей күшті болған емес. Бұл құштарлық — еріккендегі әуестік емес, ол Отанымыздың әрбір азаматы қоғамның материалдық және рухани өмірінде өзгерістер жасап жатқан ұлы процестерге белсене қатысып отыратынын түсінген саналылықтан туады. Сондықтан да бізде қоғамдық-саяси тақырыптар баспасөзімізде көрнекті орын алып отырады.

Қоғамдық-саяси, яғни публицистикалық бөлімдер әдебиет журналдарының бәрінде болып отырады. Мұндай бөлім «Советский Казахстан» журналында да бар. Ал бұл бөлім өзінің мақсатына сай болып отыр ма? Журналда жарияланған өлеңдер мен прозаны көп уақытта жан-жақты қарастырған сыншылар мен рецензияшылар әлі күнгі бұл сұраққа жауап берген жоқ.

Өткен жылы журналдың 8-номерінде М. Морозов пен М. Розмановтың «Өскен талаптар дәрежесінде болсын! (Жана жерлерді игеретін аудандардағы сауда туралы)» деген мақаласы жарияланды. Мақаланың тақырыбы маңызды. Республикамызда ұлан-байтақ тың жерлер ойдағыдай менгерілуде. Жанақонысшылардың тұрмысына партия және совет ұйымдары айрықша көңіл бөлуде. Егер көркем-әдеби және қоғамдық-саяси журнал жана жерлердегі сауданы ұйымдастыру туралы мақала басса, мұны тек құттықтауға болады.

Бұл мақала кімдерге арналған? Жанақонысшыларға мәдени-тұрмыс жағынан жақсы жағдай туғызуға міндетті сауда қызметкерлерінің, кооператорлардың, жабдықтаушылардың күнбе-күнгі жұмысына көңіл бөліп отыратын оқушылар қалың жұртшылығына арналған. Бірақ, совет сауда қызметкерлері туралы, олардың жұмысты қалай атқаратыны, көп уақытта қиын міндеттерді қалай шешетіні туралы, бұл үлкен істегі кемшіліктер туралы өткір тілмен, бейнелеп айтып беру орнына, мақаланың авторлары ақылға да, жүрекке де қонбайтын ылғый жалаң цифрлар келтіреді. Сонда, мынадай болып шығады:

«Қазақстанда тұтынушылар кооперациясы совет өкметі тұсында құрылып, қуатты шаруашылық, сауда-дайындау жүйесіне айналды. Қазіргі уақытта республиканың тұтынушылар кооперациясы біржарым миллион жарнашылары бар 672 сельпоны, 208 совхоз жұмысшы кооперативтерін, 148 аудандық тұтынушылар одақтарын біріктіріп отырады, оның жүйесінде 182 аудандық универмаг, 1162 сельмаг, 193 культмаг, 148 райпродмаг бар» және т. б. Бұл үзінді келтірілген 94-бетке барлығы 34 цифр бар.

Сауда қызметкерлері бұл мәліметтерді оқығаннан кейін Қазақстанның тұтынушылар кооперациясының көлемі туралы біраз түсінік алуы мүмкін. Бірақ, мұның өзі де екі талай, өйткені бұл мәліметтерде сауда саласындағы істің нақты жайына тіпті аз да болса талдау жасалмайды. Біздің алдымызда мақала емес, бір сарынды, сұрғылт қызықсыз жазылған жыйынды мәліметтер немесе баяндама. Мұндай мақала әдебиет

журналын оқушылардың назарын тартпайтыны даусыз. Бұл аса маңызды мәселе туралы толық құнды мақала болып шықпаған.

«Селеу бастары үілдеген жерлерде» деген екінші бір мақалада В. Осташков ғалымдардың тың жердегі жұмысы туралы бағалы мәліметтер келтіреді. Бұл мәліметтер бірнеше мақалаға немесе очеркке негіз бола алар еді. Бірақ, автордан бұл мақаланы алып, оған тартымды атқойғаннан кейін, редакция материалды бастапқы шикі түрінде өндіріске жіберген, сөйтіп «тыңдағы ғалымдар» тақырыбын небәрі үш бетте таусуға болады деп есептеген болса керек.

Мұндай сәтсіздіктің себебі М. Морозов, М. Розманов немесе В. Осташков жолдастардың қызықты мақала жаза алмағандығында ғана емес. Көріне шикі материалдарды басқанда, «Советский Қазақстан» журналының редакциясы, «Публицистика» бөлімінде жарияланған мақалалардың көбінде негізге алынған теріс принципке сүйенген.

Журнал өмірге араласпайды, қоғамдық маңызы бар проблемаларды көтермейді. Дұрысырақ айтқанда, мұнда маңызды тақырыптар тек информациялық мақалаларды жариялауға себепші болады. Бұл мақалалардың бірсыпырасын мәселеге жетік авторлар жазған (мәселен, Г. Дахшлейгердің «Панисламизм мен пантюркизмнің реакциялық идеологиясы» деген мақаласы), басқалары қарадүрсін сөз құрастыру шегінен аспайды (мәселен, А. Букашевтің «Тайвань — Қытайдың бөлінбейтін бір бөлегі» деген мақаласы). Біз публицистикаға қоятын талап — өмірге күштарлық, оған белсеніп араласу, мұның үшін кәзіргі өмірдің көкейтесті фактілерін молынан пайдалану — бұл айтылғандар «Советский Қазақстан» журналында жоқ.

Газеттегі қысқаша хабардың өзі де белгілі бір мақсатты көздейтіні мәлім. Алайда публицистика бөлімінің ұзын-шұбақ материалдарында көп уақытта нақты мақсат болмайды. Жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезіне арналған «Жаңа шындарға қарай» деген редакциялық мақала бұған айқын дәлел. Съезде қазақ әдебиетшілерінің де болғаны мәлім. Олардың журнал бетінде айтарлықтай әңгімелері болды. Бірақ публицистика бөлімі (айтқандайын, неге тек осы бөлім екені түсініксіз) жоғарыда көрсетілген тақырыппен 17 бет бойына тек съезд «материалдарының шолуын» басып шығарды. Ал оқушылар съездің жұмысы туралы егжей-тегжейіне дейін және мезгілінде «Литературная газетаның» материалдарынан біліп отырды-ғой. Жұрттың бәрі көптен оқыған есептерден көшіріп алынған және республиканың өмірімен ешқандай байланысы жоқ мұндай шолу оқушыларды тандандырғаннан басқа, еш пайда бермейді.

1954 — 1955 жылдарда «Советский Қазақстан» журналында жарияланған басқа материалдармен танысқаннан кейін: бұл материалдардың тек кездейсоқ сипаты бар, ал формасы мен сапасы түгелінен авторларға байланысты деген көңілсіз қортынды туады.

Соңғы жылы журналда басылған очерктерде тың және тыңайған жерлерді игеруге көп көңіл бөлінген. Бұл очерктердің жалпы дәрежесі публицистикалық мақалалардан жоғары. Оларда өмірмен таныстыратын жақсы материал бар, әсіресе бұл очерктер ауыл шаруашылығын өрге бастыру күресінің алдыңғы қатарындағы адамдар туралы түсінік береді.

И. Шуховтың, А. Иващенконың, Л. Скалковскийдің, В. Маричеваның очерктері сапасы жағынан әртүрлі, бірақ олардың бәрінде де авторлардың болып жатқан оқиғаларға күштарлығы көрініп тұрады. Шын жүректен жазылған бұл очерктер ойды оятып, оқушыда өміріміздің күрделі құбылыстарына дұрыс көзқарасты қалыптастырады.

Алайда, бұрын басылған шығармаларды журналдың соңғы номерлерінде жарияланған шығармалармен салыстыру олардың маңнасының біржақтылығын көрсетеді.

«Тыңды игерушілер» деген еңбегінде И. Шухов, «Коллективтің тууы» деген очеркінде Л. Скалковский партияның шақыруы бойынша Қазақстанға келген нағыз совет адамдарын да, не коллектив қайта тәрбиелейтін, немесе амалсыздан коллективтен кететін кездейсоқ адамдарды да суреттейді. Шығармалардың сюжеті негізінде бұлардың біріншілері мен екіншілері арасындағы тартыспен байланысты.

Коллектив үлкен міндетті орындап жатқан жағдайда адамды қайта тәрбиелеу мәселесі—маңызды мәселе, бірақ бұл тақырыптың проблемасы тек онымен бітпеуге тиіс. Жаңа совхоздар орнатудың, егіннен мол өнім алу күресінің барысында тек жаман адамдар мен жақсы адамдар ғана емес, әртүрлі көзқарастар да тартысқа түседі, көп уақытта бірдей проблемалар әртүрлі шешіледі. Біздің өміріміз бен жұмысымыз әралуан. Барған сайын жаңа материалды алға тартып, қоғамдық-пайдалы еңбектің барысында адамдардың қарым-қатынасының әртүрлі жақтарын ашқанда жазушы осы әралуандылықты көрсетуге тиіс.

Ауыл шаруашылығымен байланысты тақырыптарға көп көңіл бөлу соңғы жылдарда қазақстандық журналға (сол сыяқты басқа журналдарға да) тән сипат болды. Бірақ бұл жағдай, кәзіргі болып отырғанындай, шындық өмірдің басқа бірсыпра салаларын толық ұмыттырмауға тиіс. Біз журналдан партиялық басшының жұмысы туралы, ауыр өнеркәсіпті өркендету туралы, өндіріс жаңашылдарының өнер табу және рационализаторлық жұмысы туралы, ғалымдардың творчествосы және ғылыми-техникалық проблемалар туралы, білімнің әртүрлі салаларындағы пікір таласы туралы мақалаларды таба алмаймыз. Оқушыны көтерілген мәселенің талқылануын номерден номерге қадағалап отыруға ұмтылдыратын дискуссиялар да, бүгінгі күннің мәселелеріне арналған пікір алысу мақалалары да журналда жоқ.

Республикалық журналда жергілікті тақырыптар басым болу керек деседі, бірақ бұл, өлкенің ерекшелігімен байланыссыз қандайда болсын басқа қажетті тақырыпты сөз қылуға бөгет жасай ма?

«Советский Казахстан», мысалы, өзінің ойларын, педагогтік тәжірибесін ортаға сала алатын, ақыр аяғында, оқушыны өзінің мүдделерімен таныстыра алатын мектеп мұғаліміне сөз бере алар еді. Арнаулы педагогикалық әдебиетті жұрттың бәрі бірдей оқымайды, ал жастарға коммунистік тәрбие беру проблемаларына жұрттың бәрі немесе бәрі дерлік құштар. Егер мұндай мақала тек суреттеме болмай, өмірге терең араласатын, шын мәнісіндегі проблемалық мақала болып шықса, мұның өзі публицистика бөлімінің өз міндетін атқарып отырғанын көрсетер еді.

Ал журналдағы очерктерде де, мақалаларда да суреттеу жағы басым болып келеді.

Никифор Кутовыхтың «Арал балықшылары» деген очеркін мысалға келтірейік. Бұл очерк тақырыбының белгілі дәрежедегі жаңалылығымен, автордың жақсы хабардарлығымен, әңгіменің қызықтығымен оқушыны тартып отырады. Арал теңізінде балықтың қалай ауланатынын оқушы онан біле алады, ал көптеген балықшы колхоздар балық аулау жоспарын не себепті орындамайды, жағдайды өзгерту үшін не істеу керек — бұл туралы очеркист ешнәрсе айтпайды деуге болады: ол кемшіліктердің бәрін жеке адамдардың салақтығынан, ұқыпсыздығынан деп түсіндіреді. Очерктің оқушыға білім берерлік маңызы даусыз, ал оның нәтижелілігі, автордың (демек редакцияның да) бейтараптық позицияда болуы себепті, өте аз.

Газетпен салыстырғанда, журналдың жаңалықты тез хабарлау мүмкіндігі кем. Мұның сөссіне ол едәуір ұзақ уақыт бойына фактілерді қорытып, болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға бере алады. Бірақ оқушы, үлкен болмасада, республиканың жұртшылығы назар аударып отырған

проблеманы шешуге көмектесерліктей бірде-бір шығарманы «Советский Казахстан» журналының бетінен көрген емес.

Қалың журналдың публицистикалық мақалаларында қозғайтын бір маңызды тақырыбы — сыртқы саясат оқиғалары, шетелдердегі еңбекшілердің тұрмысы. Советтік баспасөз оқушылардың шетелдерде пелер болып жатқанын көбірек білу тілегін толық және жан-жақты қанағаттандырып отырады. «Советский Казахстан» журналының бұл тақырыпта жазуының қажеті жоқ, өйткені ол орталық баспасөз бетінде айтылғандарды қайталар еді деп ойлау дұрыс емес.

Соңғы жылдарда көптеген қазақстандықтар европалық халықтық демократия елдерінде, Қытайда, Кореяда, Индияда болды. Жастардың халықаралық фестивалына қатысқан комсомолецтер, іргелес Сеньзияньға гастрольге барған артистер, Солтүстік Қытайда денсаулық сақтау жұмысының жолға қойылуымен танысқан дәрігерлер көптеген қызық әңгімелер айтып бере алар еді.

Шетелдік делегациялар ғылыми мекемелерге, заводтарға, фабрикаларға, колхоздарға, совхоздарға барады, қазақ халқының өмірімен танысады. Журналдың бетінде осы шетелдік қонақтармен әңгімелерді жариялау теріс болмас еді. Мұның бәрі, сөз жоқ, журналды оқуға құштарлықты күшейтер еді.

Публицистиканың ұғымдылығы, әсерлілігі көп ретте әдебиетшінің, журналистің оған оқушының назарын тарта білуіне, фактілерді қатаң логикалық жалғастылықпен жыйнақтай білуіне байланысты. Бірақ бұл міндет тек, автор оқиғаларды тізбектемей, өзінің де айтары болып отырғанда, бұл оқиғаларға қатысуға ұмтылғанда ғана орындалады. Ал жарияланған көп материалдардың проблемасыздығы олардың біртүрлі құрылуына себеп болады, бірсарындылыққа бастайды.

Публицист, В. И. Лениннің айтқанындай, «кәзіргі заманның тарихын жазуға» міндетті. Бұл міндетті орындау үшін, жазушы әртүрлі жанрларды: мақаланы, очеркті, корреспонденцияны, памфлетті, фельетонды пайдалана алады. Алайда «Советский Казахстан» тек екі жанрды — очерк пен мақаланы қолданады, мұның өзінде профессионал жазушылар тек очеркті артық көреді. Сықак жанр шығармаларын алатын болсақ, бұл журналда мүлдем жоқ. Редакцияның инициативасыздығы, өзінің тікелей міндетін — болып жатқан оқиғаларға қатысып, өзінің пікірін, көзқарасын белгілеу міндетін — атқарғысы келмейтіні немесе атқара білмейтіні нақ осы жерде көрінеді.

Республиканың күнделікті баспасөзі жеке адамдардың санасындағы, мінез-құлқындағы феодалдық-байшылдық қалдықтарды жиі-жиі сынап отырады. Әйелді кемсіну, қорлау сыяқты жексұрын қылықтар, амал не, әлі де сіріжанды болып келеді, шарифатты пайдалану, біздің заманымызда тіпті келіспейтін кадрларды туыскандық, тамыр-таныстықпен қызметке қою әлі де кездеседі. Алматыдан небәрі жүз километр жердегі шипалы бұлақта ұзақ уақыт бойына бір молда «басдәрігердің» міндетін атқарып келді, мұнымен бірге ол әкімшілік қызметте болды. Мұндай фактілер өткір памфлетке материал болмай ма?

Журналдың материалдарындағы форманың біркелкілігі, олардың мазмұнындағы біркелкілікпен байланысты. Егер редакция өмірдің құбылыстары мен фактілерін неғұрлым кеңірек қамтыса, мұның өзі оны материалды берудің жаңа тәсілдері мен әдістерін іздеуге ұмтылдырар еді.

Публицистиканың көркем әдебиет түрде берілуі міндетті емес. Әрине, егер қалың бұқараға арналған ғылыми мақаланың авторы образ-бейнелеу құралын қолданса, мұның өзі жақсы болар еді. Атақты совет жазушылары нақ сол ақындық бейнелеу, айқын және дәл тереу, халықтық мақалдары мен мәтелдерін шебер пайдалану арқасында өздерінің мақалаларына зор күш, көркемдік береді. Дегенмен, мұндай құралды қолданбайтын авторлардың материалдарын да жариялау әбден орынды.

Алайда, мақаланың формасы туралы, оның композициясы, стилі және тілі туралы мәселенің әрдайым зор маңызы бар. Егер мақала шабытты және көркем жазылса, онда әралуан тақырыптар — тың жерлерді игеру тақырыбы да, өткендегі тарихи оқиғалар тақырыбы да — оқушылардың назарын тартып отырады. Ал ғалым немесе шаруашылық қызметкері өзіне тапсырылған материалды әрдайым журналда жариялауға даяр, жарамды түрде әкеле бермейді. Мақаланың жарыққа шығуы үшін, алдын ала көп жұмыс істеп, оны өңдеу керек болады. Бұл ақиқат жалпы жұртқа мәлім, бірақ «Советский Қазақстан» журналының көп беттері бұл ақиқатты ұмытқандықты дәлелдеп отырғандықтан, оны тағы да қайталауға тура келеді.

Авторлар коллективі арасындағы жұмысты әралуан формада жүргізуге болады. Кейде мезгілінде тиісті кеңес берудің өзі жеткілікті, кейде қолжазбаның бастапқы нұсқасын автормен бірге негізінен қайта жасау керек болады. Ақыр-аяғында, білімнің белгілі бір саласындағы мамандардың немесе оқиғаларды көзімен көрген адам мен профессионал журналистің материалды бірігіп жазуы өте жақсы нәтиже береді. Бірінші орыс революциясына қатысқан, Қаратеңіз флотының бұрынғы матросы Потороко жолдастың естеліктерінің әдеби жазбасын берген В. Ванюшиннің инициативасын құттықтауға болады.

Белгілі бір тарихи күнді атап өту оған жұртшылықтың назарын аударарды. Әрине, Қазақстан еңбекшілерінің 1905 — 1907 жылдардағы революциялық күресін айтып беретін мақаланы немесе очеркті де ұйымдастыруға болар еді. Ал, соңғы жылдарда республиканың ғылыми қызметкерлерінің бұл тақырыпқа арналған зерттеулер жазғанына, демек мұны тапсыратын адамдардың болуына қарамастан, «Советский Қазақстан» бірде-бір ондай мақала жариялаған жоқ.

Журналдың қызметінің бүкіл бағытын, әрбір номердің мазмұнын — әңгімелерді, өлеңдерді, сын мақалаларды — есепке ала отырып, публицистика бөлімінің жұмысын терең ойластырып жоспарлағанда ғана публицистикалық материал мен көркем әдебиеттік материалдың қажетті арасалмағын және байланысын қамтамасыз етуге болады.

Әдебиетшілерімізге, жазушыларымызға, журналистерімізге күнсайын жаңа және зор талаптар қойылып отырады. Баспасөздің өмірдегі бір минут та артта қалуына, әдебиеттің зор және ардақты міндетінен — шындық өмірді суреттеп қана қоймай, оның құбылыстары жайында өзінің келелі сөзін айтуынан бастартуына болмайды. Оқиғаларды жай тізбектеп отыру — өзінді жұртшылықтың назарын аудару правосынан айырғандық болады. «Советский Қазақстан» журналының публицистика бөлімі мұндайдан алдын ала сақтауға тиіс.

А. ЖОВТИС,

филология ғылымдарының кандидаты.

Әдебиет және искусство

Қазақтың жас ақындарының творчествосы

Партия халқымыздың көркемдік талғауын әдебиет пен искусствоның таңдаулы шығармалары арқылы тәрбиелеп отырады. Совет адамдары көркемдік шалалыққа, идеясыздыққа, боямашылдыққа төзбейді, жазушыларымыздың творчествосына жоғары талаптар қойып отырады.

Бұған байланысты қазақ-совет әдебиеті үшін жас жазушылар арасындағы жұмыс туралы мәселенің, олардың идеялық және творчестволық өсуі туралы мәселенің аса зор маңызы бар. Істің шынында мұның өзі қазақ әдебиетінің таяудары резервтері туралы мәселе, қазақ әдебиетін тың талантты күштермен үздіксіз толықтырып отыру туралы мәселе болып табылады, өйткені мұнсыз бірде-бір әдебиеттің ойдағыдай өркендей алмайтыны мәлім.

Қазақтың жас әдебиетшілерінің творчествосы туралы әсіресе кәзіргі уақытта, жас жазушылардың Бүкілодақтық кеңесінің қарсаңында сөз ету қажет. Осымен бірге соңғы жылдарда біздегі сын қазақтың жас ақындары мен жазушыларының тәжірибесі мен табыстарын қорытып, олардың творчествосындағы кемшіліктерді көрсететін бірде-бір елеулі мақала бермегенін ескеру керек.

Отан соғысынан кейінгі жылдарда қазақ-совет әдебиеті бір топ дарынды ақындармен, жазушылармен толықты. Бұлардың көпшілігі кәзір проза мен поэзия саласында ойдағыдай еңбек етуде. Мәселен, Х. Ерғалиевтің қазақ колхозшыларының ерлік еңбегіне арналған «Үлкен жолдың бойында», «Біздің ауылдың қызы» деген поэмалары оқушылар жұртшылығына кеңінен мәлім. Кәзіргі уақытта Х. Ерғалиев республиканың белгілі ақындарының бірі болып саналады. Сол сыяқты, қазақ поэзиясына соғыстан кейінгі жылдарда келген Ж. Молдағалиевтің «Нұрлы жол» поэмасын жұртшылық сүйсініп оқиды. Қазақ шахтерлерінің өмірі мен еңбегі туралы бірсыпра жақсы, мазмұнды өлеңдер жазған М. Әлімбаевтың соны даусы жұртшылыққа жағымды естілді. Талантты ақын А. Шамкенов әдебиет майданына өзінің студент жастар туралы есте қалатын, ұнамды өлеңдерімен қосылды.

Бұл ақындардың өлеңдері мен поэмалары олардың совет адамдарының өмірі мен тұрмысының егжей-тегжейлерін, жана сипаттарын жақсы байқап, мұны көркем сөзбен кеңінен қорыту дәрежесіне жете білгенін дәлелдейді.

Соңғы кезде жас ақындар мен жазушылардың бірсыпра жыйнақтары басылып шықты. Олар арасында да дарынды адамдар аз емес, әсіресе қуанарлығы — әдебиетші жастардың шығармалары ерекше маңызды тақырыптарға жазылған. Жыйнақтарда жарияланған таңдаулы өлеңдерде олардың авторларының тұрмыстағы құбылыстарды жақсы айырып, әсіресе жақсы қорыға білетіндігі көрініп тұрады. Сондықтан да олардың шығармалары халқымыздың өмірі мен күнбе-күнгі еңбегін түсінікті тілмен тікелей (алғашқы кезде шеберлігі жеткіліксіз бола тұрса да) баяндайды.

Мұндай табыстар, дегенмен, көптеген жас ақындардың творчествосындағы елеулі кемшіліктерді бүркемеуге тиіс. Мұнда, ең алдымен, көркемдік саласындағы кемшіліктер көзге түседі. Ал жана бастаған жас

ақын бұл кемшіліктердің салдарынан советтік өмірді дұрыс және толық суреттей алмайды.

Сөз — көркемдік творчествоның негізі. Бірақ, амал не, жас ақындарымыздың көпшілігі сөз байлығына немқұрайды қарайды, өз халқының тіліндегі байлықты және икемдікті өзінің творчествосында толық пайдалана білмейді. Мәселен, жас ақын М. Рашевтің көп өлеңдері тым қыюластырғая, шытырманды келеді. Ақын сөйлемдерді әдейі қыйындатқан сыяқты болады, кейде өзі қолданған сөздердің маңызы мен мағнасын өзі жеткілікті білмейді. Мұның нәтижесінде көп уақытта оның өлеңдерінің мағнасын түсіну қыйын болады. Мысалы, жыйнағының басындағы «Алғашқы боразда» деген өлеңінде ол былай дейді:

Тілгілеп тыңның төскейін
Трактордың шықты тізбегі,
Теңізді кеме кешкені —
Тәрізді бұйра іздері.

М. Рашевтің «Біз сүйеміз» деген өлеңінен тағы бір мысал:

Білеміз біз, күндер жақын
Жарқыратар жердің жүзін
Келе жатыр соған халқым
Келе жатыр коммунизм! (?)

Егер бірінші мысалда автордың ойы өте көмескі айтылса, екінші мысалда ақын, өзі де байқамай, мағналық қате жібереді.

Ақын өзінің оқушысымен, аласұрғанда аузына түскенін айтатын абызша сөйлеспей, оның шын досындай сөйлесуге тиіс. Жас ақындар әдеби сөздің техникасы туралы М. Горькийдің айтқандарын есте сақтауға міндетті. «Порменді күштей әсер ететін, шын тіл көркемдігі, — деп жазды ол, — көріністі, характерді, кітаптың идеяларын жыйнақылап көрсететін сөздердің дәлме-дәлділігі, айқындылығы, үндестілігі арқылы жасалады».

Біздің көптеген жас ақындарымыз әдебиет майданына қосылған кезде аға ақындарға еліктейді. Бұл, әрине, табиғи нәрсе. Бірақ, атақты ақындардан үйренгенде, олардың творчествосының көп уақытта ауыз әдебиетінің образдарын сол күйінде алатын, көтеріңкі жалаң сөздерге берілетін және т. б. әлсіз жақтарын алмау керек. Алайда, көптеген жас ақындар, амал не, жетекші ақындардың творчествосынан үйрену орнына, оларға беталды еліктейді.

Жас ақындар халықтың ауыз әдебиетіндегі бар нәрсені немесе біздің аға ұрпақ ақындардың айтқандарын көп қайталамай, қазақ әдебиетін суреттеудің жаңа әдістерімен байытуға тиіс. Ал ондай қайталау өте қауіпті, өйткені жас ақындардың өлеңдерін оқығанда, олардың бірсыпырасы біздің поэзиямыздың кешегі күні екенін байқау қыйын емес. Ауыз әдебиетінің машықтарын пайдалану, атам заманғы ұмытылған сөздерді қолдану, образдарды дерексіздендіру және қыйындату жас ақындар М. Рашевтің, Ж. Өмірбековтың, ішінара Ғ. Қайырбековтың, З. Шукіровтың өлеңдерінде кездеседі.

Суреттеудің әдістерін пайдалануға сын көзімен карамау жанды характерлерді кері ығыстырады, сөйтіп, ақынға суреттелетін құбылыстың мәнісін терең ашуға мүмкіндік бермейді. Совет адамдары күннен күнге өсуде, сондықтан ақынның суреттеу әдістері адамдарымыздың сол өсу дәрежесінде болып, оған көмектесуге тиіс. Егер поэзия замандасымызға жансерік болғысы келсе, ол белгілі бір формада қатып қала алмайды. Ал жас әдебиетшілер әдебиеттің үздіксіз өсуіне көмектесуге тиіс және көмектесе алады.

Жас ақындардың творчестволық өсуіне көп уақытта олардың ақыл-төйлікке әуестенуі бөгет жасайды. Мұның өзі халықтың ауыз әдебиетінің

образдарына беталды еліктеуден туады. Қазақтың жас ақындары өздерінің оқушыларына ақыл айтуды жақсы көреді, бірақ мұнда олар оқушыларға көптен мәлім нәрсені үйретеді. Оның үстіне бұлардың өлеңдеріндегі дидактика тым ашық көрінеді, мұның өзі өте ұнамсыз әсер етеді. Бұл, мәселен, Б. Аманшиннің кейбір өлеңдерінде байқалады.

Қазақтың жас ақындарының көптеген өлеңдерінде шындық өмір үстірт суреттеледі. Оларда, газет хабары оқушы әрбір адамға таныс фактілер қайталанып отырады. Алайда, мұндай ұйқастырылған жәй әңгімемен, геройдың өзіне тән сипаттарын көрсетуге де, советтік қоғам өмірінің айқын көрінісін суреттеуге де болмайтыны көптен мәлім. Мұның өзі, мәселен, Б. Аманшиннің «Пішен орағында», «Ауылда», «Үгітші үгіт пунктіне барды», «Сайлау участогінде» деген, М. Рашевтің «Электрокомбайн», «Есепші» деген, Ж. Өмірбековтың «Біздің парторг», «Дала батырына», «Колхоздағы үлкен той» және басқа өлеңдерде байқалады.

Жазушы, өзінің замандастарының типтік образдарын жасау үшін өмірдің құбылыстарын терең талдап, қорыта білуге тиіс. Бұған байланысты мынаны айтқымыз келеді: жас ақындардың творчествосында зор орын алатын лирика да тек ақынның кездейсоқ көңіл күйін ғана емес, совет адамдарының шын мәнісіндегі зор сезімдерін, асыл ойларын, жоғары талаптарын, сәулетті армандарын негізге алғанда ғана, шын мәнісінде жүрек тебрентіп естіледі.

Жас авторлардың өсуінде баспалардың қызметкерлері зор роль атқаруға тиіс, өйткені жаңа бастаған әдебиетшілер өздерінің алғашқы қолжазбаларын осы баспаларға апарды. Жас жазушы нақ осы жерден өзіне көмек, пайдалы, творчестволық кеңес, достық сын күтуге праволы.

Жастардың әдебиетке қосылуына кең жол ашып, оларға мейлінше қамқорлық жасау керек. Алайда, мұнымен бірге, жас жазушыны өзіне қатаң талап қоятын етіп тәрбиелеу — оның творчестволық өсуінің аса маңызды шарты болып табылатынын ұмытпау керек. Кемшіліктерді кешіре беру жас авторлардың өздеріне де, бүкіл әдебиетіміздің еркендеуіне де тек зиянын тигізуі мүмкін. Амал не, жас ақындар өлеңдерінің көптеген жыйнақтары көркемдік өлшеулерінің орынсыз төмендетілгенін дәлелдейді. Суреттеудің қарадүрсін, үйреншікті әдістерін қолданған, пісуі жетпеген, шикі шығармалардың жарыққа шығуы тек осыдан болып отыр.

Мұның бәрі Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының жас авторлар арасында тыңғылықты жұмыс жүргізбейтіні былай тұрсын, олардың шығармаларына тиісті талаптар қоймайтынын көрсетеді.

Республикамыздың алдыңғы қатарлы ақындары да жас жазушыларға көмектеспейді. Жас ақындардың кітаптарын көп уақытта олардың өздеріндей жастар, яғни жеткілікті өмір тәжірибесі, жазушылық шеберлігі жоқ адамдар редакциялайды. Егер біздің атақты көркем сөз шеберлеріміз, М. Горький сыяқты, жас ақындардың шығармаларын өздері редакцияласа, олардың кітаптарындағы кемшіліктердің көбі болмаған болар еді.

Сол сыяқты, қазақ әдебиетінде, оқушылар — «жазбайтын жазушылар» деп ат қойған бірқатар ақындар мен жазушылар бар екенін айтпасқа болмайды. Қ. Ұябаевты, Қ. Шаңғытбаевты, Қ. Мұқышевті, А. Қөшімовты, Т. Абдрахмановты және Қазақстанның Совет жазушылары одағының мүшесі болып жүрген басқа бірсыпыра адамдарды осындайлардың сапына қосуға болады. Олар жазушылар одағының қатарына көптен, өздерінің алғашқы кітаптары шыққаннан кейін алынған, ал содан кейін олар жаңа әдеби шығарма беруді толығынан дерлік тоқтатты. Мәселен, Қ. Ұябаевтың оқушылар жұртшылығы құттықтап қарсы алған алғашқы өлеңдер жыйнағы 1948 жылы басылып шықты. Сонан бері қазақ оқушылары бұл ақынның газеттерге жарияланған екі-үш солғындау өлеңінен басқа, баспасөз бетінде айтарлықтай шығармаларын көрген

емес. Өзінің алғашқы өлеңдер жыйнағын 1944 жылы бастырған, онан кейін поэзия саласында айтарлықтай ешнәрсе бермеген қабілетті ақын Қ. Шаңғытбаев туралы да осыны айтуға болады.

Бұған кім кінәлі? Ең алдымен, өздерінің шеберлігін арттыру жолында қажырлы еңбек етпейтін ақындардың өздері кінәлі. Бұған белгілі дәрежеде біздің әдебиет сыны да айыпты. Шынында да, бұл ақындар туралы жазған бірде-бір сыншы оларды сақтандырған емес, бұл жас ақындардың алғашқы кітаптарын оқығанда көптеген оқушылар байқаған кемшіліктерді ашып айтқан емес. Біздің пікірімізше, мұның белгілі себептері бар. Газеттер белгілі бір жас ақынның жыйнағына арналған мақалаларды жиі-жиі баса тұрсада, бұл мақалалар кітаптың мазмұнын жәй айтып беруден қанағаттанады, бірақ шеберлік мәселелерін сөз қылмайды. Республикалық газеттер мен журналдарда жарияланған рецензияларды оқығанда, республиканың жас ақындары мен жазушыларының бәрі де бірдей талантты, олар бәрі де бірдей нанымды образдар жасайды деген түсінік тууы мүмкін. Оның себебі — жас авторлардың кітаптарына жазылған рецензиялар өздерінің мазмұны мен құрылысы жағынан, бір-біріне айнымай ұқсайды. Дұрысында, қазақ поэзиясы туралы жазушы сыншылар оның сөзсіз өскендігін айтумен бірге, онда шартты, дерексіз образдар, ауыз әдебиетінің ескі машықтары әлі күнге көп кездесетінін, мұның өзі ақындарға советтік өмірді суреттеуге бөгет жасайтынын көрсетуге міндетті ғой. Көптеген ақындық шығармалар тозығы жеткен бірсарынды схемалар бойынша құрылады. Қазақтың ұлттық әдебиетін жаңа сатыға көтеруге тиісті жас ақындар да бұл кемшіліктерден арыла алмай келеді.

Ақындық шеберлік туралы елеулі мақалалар, қазақтың жас ақындарына өздерінің геройларының ішкі дүниесін әралуан байлығымен суреттеуді үйрететін, оларға ауыз әдебиетінің шығармаларына еліктеуден, бейнешіл ақындық оймен еш қатысы жоқ лепірме мен дидактизмнен құтылуға көмектесетін мақалалар әдебиет журналдарының бетінде кездеспейді. Қазақ поэзиясының өз мүмкіндігінен шабан дамуы, қазақ ақындарының, байырғы ақындардың да, жас ақындардың да, өз мүмкіндігінен кем творчестволық табыстарға жетуі — қазақ әдебиет сынының нашарлығының тікелей зардабы.

Республиканың жас ақындары күнбе-күн жетік көмек көрсетуді керек қылады. Біздің сыншыларымыз жаңа бастаған ақындардың жеке жыйнақтарына рецензия жазудан қанағаттанбауға тиіс. Олар жас ақындарға нағыз творчестволық көмек көрсетуге, олардың өлеңдеріне сын көзімен талдау жасап, тәжірибелері мен табыстарын қорытып отыруға міндетті. Мұның өзі, сөз жоқ, қазақ поэзиясының идеялық және көркемдік дәрежесін арттыруға көмектеседі.

Қ. НҮРМАХАНОВ.

Хаттар мен корреспонденциялар

Малшаруашылық фермаларында адамдар неге жетіспейді?

Барлық істегі сыяқты мал шаруашылығында да істің табысты болуы кадрларға байланысты. Тек кадрлар дұрыс іріктеліп және дұрыс орналастырылғанда ғана таяу уақыттың ішінде бүкіл халықтық міндет — ет, май, сүт, жұмыртқа, жүн және мал шаруашылығының басқа өнімдерін екі, екі еседен астам арттыру міндеті толық орындалады.

Осылай болғанмен көптеген аудандық партия комитеттері және аудандық атқару комитеттері мал шаруашылығының кадрларын іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісіне әлі де тиісінше көңіл бөлмейді. Ақмола облысы колхоздарының көпшілік фермалары әлі мал өсіруші кадрлармен толықтырылмаған. Облыс колхоздарының 972 малшаруашылық фермаларында 3 735 адам жетпейді. Ақмола ауданының колхоздарында 85 сауыншы, 40 бұзау өсіруші, 97 шопан, 183 сыйыршы және жылқышы жетпейді. Қорғалжын ауданының малшаруашылық фермалары мал өсірушілермен 68 процент қана толықтырылған.

Облыстың Қазақстан КП аудандық комитеттері мен ҚЛКЖО аудандық комитеттері малшаруашылық фермалары менгерушілігі қызметіне коммунистер мен комсомолецтерді іріктеп алу жөнінде жеткіліксіз жұмыс істейді. Облыста ферма менгерушілерінің қатарында коммунистер бар болғаны 32 процент, ал комсомолецтер 3,6 процент ғана. Вишневск ауданның колхоздарында мал шаруашылығында 29 коммунист және 69 комсомолец ғана жұмыс істейді, бұл өте аз, КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумының тарихи қаулысы жарыққа шыққаннан бергі уақытта Вишневск аудандық партия комитеті мен аудандық комсомол комитеті бірде-бір коммунисті және комсомолецті мал шаруашылығына жұмысқа жіберген жоқ.

Облыс колхоздарының малшаруашылық фермаларының менгерушілері қатарында орта білімі бар адам жоқ деуге болады. Бұл қызметке ауыл шаруашылығының мамандары, зоотехниктер және мал дәрігерлері тағайындалмайды.

Колхоздарда малшаруашылық фермаларының менгерушілері етіп тағайындауға лайықты адамдар жоқ деген сөзді жиі естуге болады. Мұндай байымдаулардың ешқандай негізі жоқ. Барлық істің түйіні мынада. Көптеген аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттері мал шаруашылығының кадрларын іріктеп алумен, орналастырумен тиісінше шұғылданбайды, бұл кадрларды зерттемейді, қолынан іс келетін әйелдерді және жас колхозшыларды көтермейді. Малшаруашылық фермаларының жетекшілері болып бар болғаны 78 әйел ғана жұмыс істейді. Облыс колхоздарының көптеген малшаруашылық фермаларының практикасы ферма менгерушілері болып істейтін әйелдер жұмысты жақсы атқаратындығын, олар өз ісін білетіндігін, мал өсірушілер арасында орынды беделге ие болып отырғандығын көрсетті.

Малшаруашылық фермаларының кадрлармен жеткілікті толықтырылмағандығы қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі дамытуға, оның өнімділігін арттыруға және мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсыруды арттыруға нашар ықпалын тигізіп отыр.

Мемлекетке ет тапсырудың жоспарын орындауда әсіресе Есіл, Макинск, Новочеркас және Вишневск аудандарының колхоздары артта қалып келеді. Облыс бойынша сүт сауудың жоспары быылғы жылдың бірінші сентябріне дейін 77,5 процент орындалды. Әсіресе Қорғалжын ауданының колхоздары сонда келеді, олар бар болғаны әрбір сыйырдан 546 литрден сүт сауды. Молотов ауданының колхоздары сүт сауды арттырмағаны былай тұрсын, қайта кемітіп жіберді.

Аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттері мал шаруашылық фермаларының кадрларын коммунистердің, комсомолестердің, ауылшаруашылық мамандарының, озаттардың, колхоз өндірісі жаңашылдарының есебінен іріктеп алған және оларды дұрыс орналастырған жерлерде қоғамдық мал шаруашылығын дамыту және оның өнімділігін арттыру ісі табыспен жүргізілуде. Мұны Шортанды ауданы колхоздарының мысалынан көруге болады, олар сүт сауудың жылдық жоспарын 110 процент орындады.

Аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттері озат тәжірибені зерттеуге және таратуға аз көңіл бөледі, мал шаруашылығы қызметкерлерінің аудандық мәжілістерін өте сирек өткізеді. Бұл мәседемен аудандық газеттер де шын мәнісінде шұғылданбайды.

Облыстың озат мал өсірушілерінің табыстары қортылмайды, олардың жұмыс әдістері бұқараның игілігіне айналдырылмайды. Ал, мұндай табыстар бар. Мәселен, Вишневск ауданының Сталин атындағы колхозының жас сауыншысы Л. Вольгемут өзіне бекітіліп берілген 10 сыйырдың әрқайсысынан 2 мың литрден сүт саууға міндеттеме алған болатын. 1955 жылдың 1-сентябріне дейін ол әрбір сыйырдан 2012 литрден сүт сауып, өзінің міндеттемесін кәзірдің өзінде асыра орындады. Осы колхоздың сауыншысы А. Гергардт өзіне бекітіліп берілген 11 сыйырдан 2242 литрден сүт алды.

Мал шаруашылығында ең жауапты және қиын кезең — мал қыстату кезеңі басталды. Мал қыстатуды ойдағыдай өткізу мал басын арттыру жөніндегі бұдан кейінгі күрестің табысты болуына көп жағынан себепші болады.

МТС-тер, колхоздар, совхоздар басшыларының және барлық мал өсірушілердің міндеті қысты барынша дайындықпен қарсы алу болып табылады.

Аудандық комитеттің МТС аймағындағы нұсқаушылар топтары және партия топтары малшаруашылық кадрларын іріктеп алу және орналастыру жөнінде тыңғылықты қамқорлық жасаулары, мал шаруашылығының өнімділігін арттырумен тікелей шұғылданулары керек. Кәзір колхоздардың мал қыстатуға дайындықтарын тексеру жөнінде комиссиялар құру, барлық дайындалған малазықтарын өлшеп және есепке алып, оларды актілер бойынша малазығын сақтаушыларға өткізу, қысқа мерзімнің ішінде мал қораларын жөндеуді аяқтау керек, сөйтін 1955 — 1956 жылғы мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін барлық шараларды қолданып, қоғамдық мал басының онан әрі өсуін және оның өнімділігін арттырып қамтамасыз ету керек.

И. БОЛУЧЕВСКИЙ,

Ақмола облыстық партия комитетінің нұсқаушысы.

Сын және библиография

Африка күресуде

Колониялық қанауға ұшырап, капиталистік езгіде зарилеуші халықтың тағдыры қаратүнек, қайғылы. Англияның прогресшіл журналисті Дерек Картэннің шетелдік әдебиет баспасы орыс тілінде бастырып шығарған «Африка, Африка!» деген кітабы бұл шындықты тағы да айқын дәлелдейді.

Д. Картэн Африканың орасан мол байлықтарын суреттейді. Дүние жүзіндегі мыс пен қалайы запастарының бестен бір бөлегі, марганецтің төрттен бір бөлегіне жуығы, алтынның жартысынан көбі, кобальттың 80 проценті, техникалық алмаздардың 98 проценті Африкада. Онда уранның мол запасы бар. Африкада кофе, пальма майы, какао, темекі көп өндіріледі. Оның орасан мол табиғи байлықтарына қызыққан шетелдік капитал бұл континентке барған сайын көп өтуде. Соңғы 60 жылдың ішінде Африка жерінің қойнауынан төрт жарым миллиард фунт стерлингке жуық пайдалы кендер шығарылды. «Бұл байлықтардың бәрін, — деп жазады Д. Картэн, — жер қойнауынан африкалық жұмысшылар шығарды. Лондонның, Париждың, Брюссельдің және Нью-Йорктің шопжарларын оған сайын байыту үшін бұл жұмысшыларға күніне небәрі бірнеше пенс ақы төледі». Алайда, мұндай гажап бай елде тұратын оның тұрғын халқы аштан қырылуда.

Колонизаторлар таратқан: африкалықтар — тағы халық, акнәсілділер оларды мәдениет жолымен алға бастап отыр дейтін өтірікті Д. Картэн өзінің кітабында толық әшкерелейді. XI — XII ғасырлардың өзінде Африкада, Батыс Судан ауданында, көркейген үлкен Гана империясы болды. Ол кең сауда жүргізді, искусствоның әртүрлерін өркендетті, өзінің бір орталыққа бағынған әкімшілігі мен тәртіпті армиясын мақтан етті. Африканы зерттеген Лео Фробениустың айтуынша, ортағасырлық купецтер Гвинея қолтығының жағалауы маңында жүзгенде Африка жерінде «тамаша қалаларды, екі жағына бірнеше километр бойына қосқатарлап ағаштар еккен жақсы көшелерді... жайқалған егін даласын, тұрғын халықтың өзі тоқыған матадан әдемі киім киген адамдар мекендеген елді... жақсы ұйымдастырылған мемлекеттерді, ел билеуші күштілерді, бай өнеркәсіпті... жоғары мәдениетті халықтарды» көрген.

Дерек Картэн. Африка, Африка! Шетелдік әдебиет баспасы. Москва, 1955 ж.

Дүние жүзінің басқа бөлектеріпдегідей, европалық мемлекеттердің Африкадағы колонияларын да, Г. Свифтің айтқанындай, «арамза қасапшылардың шайқалары» орнатты, олар аттаған сайын халықтарға қарсы жантүршігерлік қылмыстар жасады. Капиталистік жыртқыштардың Африкаға әкелген алғашқы «игіліктерінің» бірі құл саудасы болды. Адамдарды андай торып ұстаудың нәтижесінде Африканың тұтас облыстары мүлде елсіз қалып, күйзелді. «Осылайша, — деп жазады Д. Картэн, — солтүстіктен келген және ішкілік сүйіспеншілік пен төзімділікті уағыздаған европалықтар көптеген африкалықтарды алдап күртты, Африка халқын — еркектерді, әйелдерді және балаларды үздіксіз аштыққа ұшыратты».

Д. Картэн көбінесе Африкадағы ағылшын колонияларын сөз қылады. Бірақ мұндағы арсыздық талау, қанаушылық, тұрғын халықтың қайыршылығы, бірте-бірте құруы европалық мемлекеттердің барлық африкалық колонияларына ортақ көрініс. Автор колониализмді жақтаушылардың: империалистік мемлекеттер өздерінің колонияларынан асыл қазына алып қана қоймай, оларға да әртүрлі игіліктер береді — мектептер, жолдар, ауруханалар салады, әртүрлі экономикалық жоспарлар жасайды, бұл жоспарлар тұрғын халықтың тұрмыс дәрежесін арттыруды көздейді дейтін өтірігін де сондай әшкерелейді. Д. Картэннің жазғанындай, 1945 — 1950 жылдардың өзінде, Англияда лейбористер үкметі болған кезде, яғни автордың өзі Британияның колониялары үшін азды-көпті қолайлы жағдай туғызылды деп есептейтін дәуірде Англияның 80 миллионнан астам халқы бар қырық алты колониясында тұрғын халықтың әртүрлі қажетіне небәрі 41,5 миллион фунт стерлинг қаржы жұмсалды. Сонда бұл әрбір адамға 2 шиллинг 0,5 пенстен келді. Ал бұл уақыттың ішінде Лондонның банктерінде жыйналған стерлинг запасы колонияларға жұмсалған шығынынан он екі есе асып түсті. «Сонымен, — деп жазады Д. Картэн, бізде осыншама дәріптеліп жүрген колонияларды өркендету жоспарлары өздерінің көлемі және алға қойған мақсаттары жағынан адам күлерлік болып қана қоймай, колония халықтарына олардан зорлық заемдар арқылы алынған қаржының ең болмаса бастамасын да өтей алмайды».

Африка, — деп жазады Д. Картэн, — үздіксіз ашығуда. Аштықтың зардабы

нан Африка халықтары арасында әртүрлі аурулар кең таралуда, адамдардың, әсіресе балалардың өлімі өте көп. Үздіксіз ашығудың салдарынан халықтың еңбек ету қуаты азаюда. Алайда, империалистер «қара материктің» кеңістігін жайлаған аштықты амалсыздан мойындай тұрса да, бұған мүлде өзгеше түсінік беруге тырысады. Колонизаторлар халықтың ашығуын африкалықтардың «надандығынан», олардың мәдениетті ауыл шаруашылығын «жүргізе алмауынан» деп түсіндіреді. Д. Картэн өзінің кітабында бұл өтірікті де әшкерелейді.

XIX ғасырдың ортасында және оған бұрын Африкаға барған көптеген зерттеушілер, — дейді автор, — ондағы тұрғын халықтың дене құрылысының, денсаулығының тамаша жақсылығын айтып келді. Жарияланған материалдар мұнан жүз жыл бұрын Африканың кәзіргісінен анағұрлым көп және денсаулығы жақсы халықты асырауға шамасы келгенін дәлелдейді.

Сонда Африкаға не болған? Мұның мәнісі неде? Оның мәнісі мынада, деп жазады Д. Картэн, — Африка континентіне «шетелдік компаниялар өтті, ал кейбір аудандарда акнәсілді келімсектер орналасты. Әсіресе Африканың шығысында, орталығында және оңтүстігінде орасан көп құнарлы жерлер африкалықтардан тартып алынып сол келімсектерге берілді. Африкалықтарды халқы тығыз, арнаулы территорияларға — резервацияларға орналастырды, онда ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге жарамды жер аз болды...».

Африка халқының үіемі ашығып, құрып бара жатқанын көптеген авторлар, оның ішінде Англияның атақты ғалымы, 1954 жылы Лондонда шыққан «Сахара айбар көрсетуде» деген кітаптың авторы Ричард Бейкер де дәлелдейді. Бейкер Африканың кикүйю тайпасының өмірін жақсы біледі; мұнан отыз жыл бұрын ол Кенияда ұзақ уақыт жұмыс істеген. Ол бір кезде өзі тұрған осы жерлерге 1952 — 1953 жылдарда қайтып оралып, өзінің ондағы кейбір африкалық таныстарын көрді. Әбден жүдеп, құр сүйегі қалған адамдарды азар таныдым, деп жазады ол. Бейкерге оның ескі достары акнәсілді колонизаторлардың тұрғын халыққа қандай қатты қысым көрсетіп отырғанын, олардың барлық жерін тартып алғанын айтады.

Империалистердің Африкадағы үстемдігі нәтижесінде халық материалдық игіліктерінен ғана емес, саяси праволарынан да айрылды. «Өз елінің негізгі экономикалық ресурстары халықтың өзін емес, шетелдік монополияларды байыту үшін пайдаланылып отырса, — деп жазады Д. Картэн, — онда ешқандай халық ерікті бола алмайды». Африкада нәсілдік кемсітушілік, кәсіподақтарды қудалау мейлінше етек алған; колонизаторлар Африка халықтарына қарсы нағыз соғыс жүргізуде, еркектерді, әйелдерді, балаларды сотсыз, тергеусіз өлтіреді, тұрғын халықтың басшы-

ларын қудалайды, сөйтіп ұлттық қозғалысты барлық күш-құралмен басуға тырысады.

Империализм колонияларда қаталдық жасап қана қоймай, өзінің саясатын жүргізетін адамдарды тек жұдырықты, сойылды, пистолетті ғана танытатын нағыз жауыздар етіп тәрбиелейді. Африканың көрнекті қоғам қайраткері, Францияның Ұлттық жыйналысының мүшесі Сезар Эме орынды ызамен былай деп жазды: «Әрдайым, Вьетнамда адамның басып кесіп немесе көзін шығарып, Франция бұған жол беріп отырғанда, жас қызға зорлық етіп, Франция бұған немкетті қарап отырғанда, мадагаскарлықты азаптап, Франция мұны мақұлдап отырғанда, — мұның бәрінде мәдениеттік белгілері жойыла береді, жалпы керікетушілік пайда болады, іріп-шіру басталып, бұл ауру жұққан өңір кеңей береді. Договорларды мұндай бұзудың және өтірік таратудың нәтижесінде, Францияның рұқсатымен жазалау экспедициялары шығару, патриоттарды азаптау нәтижесінде, нәсілдік өшпенділік пен мен-мендікті қоздыру нәтижесінде — мұның бәрін нәтижесінде Еуропаның қантамырларына зор жайылады, мұның өзі Еуропаны бірте-бірте, бірақ тоқтаусыз тағылық халге түсіреді».

Алайда, Африка халықтарының дамуын тоқтатуға, олардың бостандыққа ұмтылған талабын басуға тырысқан қанаушылардың қатал әрекеттеріне қарамастан, «қара материктегі» сан миллион халықтардың күресі үздіксіз өсуде, сол себепті де Д. Картэн өзінің кітабының бір бөлімін: «Оянған континент» деген сөздермен бастайды.

Африка күресуде. Бұл күрестің барысында дүние жүзінің бұл бөлегінде де империализмнің ең қыйыр колониялары көтерілуде. Африкада ұлттық қозғалыстың ұлғаюына екінші дүниежүзілік соғыс күшті өсер етті. Озбырлыққа, фашистік агрессияға қарсы бағытталған бұл соғыстың барысында көптеген африкалықтар өздерінің бақытты болашағы тек өздері оған жол ашып, оның үшін күрескенде ғана туатынын алғаш рет түсінді. Орасан зор қыйыншылықтарға қарамастан, Африкада жұмысшылар қозғалысы күшеюде, кәсіподақтар ұйымдастырылуда. Ереуілдер барған сайын көбеюде, Халықтар өздеріне саяси праволар берілуін талап етуде, тарға қарамастан Африкада жұмысшы-кейінгі жылдардың тарихын тек тұрғын халықтарды езу тарихы түрінде суреттейді. Олар тек кеншілерге оқ жаудырылуын, селолық адамдардың өлтірілуін, кәсіподақтар мен саяси партиялардың талқандалуын, жергілікті басшылардың жер аударылуын, түрмеге жабылуын немесе пайда-парамен сатып алынуын, газеттердің жабылуын, ұйымдардың өз ішінен бұзылуын сөз қылады.

Оқиғаларды мұндай біржақты баяндау, деп көрсетеді Д. Картэн, дұрыс емес. «Франция мен Британияның афри-

калық колонияларындағы үздіксіз дерлік болып жатқан қырғынды емес, колонизаторлардың қатал террорына қарамастан, ұлғайып өсіп келе жатқан, Африка халқының қозғалысын, әр алуан түрде көрініп, бой бермей бара жатқан қозғалысын соңғы жылдардың ең маңызды оқиғасы деп есептеу керек, — деп жазды ол. — Жер жаңғақтарын өсіру жоспарлары, федерациялар құру жобалары, Мароккодағы соғыс базалары, колониялардың сырт бейнесін формалды өзгертетін конституциялар, — мұның бәрі бүгінгі Африканы сипаттай-

тын ол негізгі фактімен салыстырғанда, өздерінің маңызынан тез айрылады».

Африка оянып келеді. Сан миллион халық өзінің тағдырын өз қолына алу үшін жанқиярлықпен күресуде. Д. Картэннің кітабы *Европа мен АҚШ колонизаторларының Африканы сұмдық қаталдықпен езуін ғана емес, африкалықтардың шетелдік үстемдікке қарсы өздерінің әділетті күресіндегі қаһармандық қыймылдарын да шындықпен суреттейді.*

Г. НИКОЛАЕВ.

Партия тұрмысының хабарлары

АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕРІ

Ақтөбе облысының Степной аудандық партия комитеті еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтеріне нашар басшылық етеді. Оның басшылық ету стилі мен әдістері ауданның алдында тұрған міндеттерге сай емес. Аудандық партия комитеті шаруашылық мәселелерін шешуге келгенде аудандық Советтің қызметін өзі атқарып, оның ролін кемітеді.

Мұның нәтижесінде аудандық Совет, поселкелік және селолық Советтер кәсіпорындарға, колхоздарға, совхоздарға, әсіресе МТС-терге үстірт басшылық ететін болды. Бірсыпра Советтерде тұрақты комиссиялар жұмыс істемейді, сессиялар мен мәжілістерге әзірлік жасауға депутаттар мен актив аз қатыстырылады, сондықтан мәселелер тек формальды талқыланады.

Аудандық партия комитеті жергілікті Советтерді кадрлармен нығайтуға қамқорлық жасамайды. Жергілікті Советтердің 13 председателі қатарында орта білімді бірде-бір адам жоқ және олар еш жерде оқымайды. Аудандық атқару комитеті бөлімдерінің, поселкелік және селолық Советтердің жоспарсыз жұмыс істеуіне, өздерінің шешімдерінің орындалуын нашар бақылауына аудандық партия комитеті төзін отыра береді.

Мұнда сайлаушылардың тапсырмалары мен ұсыныстарына немқұрайды қараушылық болып келеді. Көптеген бағалы ұсыныстар орындалмай қалды. Кейбір депутаттар сайлаушылардан қол үзді, олармен бірде-бір рет кездескен жоқ, өздерінің жұмысы туралы есең берген жоқ.

Ақтөбе облыстық партия комитеті Степной аудандық партия комитетіне өзінің жергілікті Советтерге басшылығын қайта құруды, тәрбие жұмысын жақсартуды, совет қызметкерлерінің қабылданған қаулылар мен бұйрықтарды орындауға жауаптылығын күшейтуді, еңбекшілердің шағымдары мен арыздарының мезгілінде қаралуын, мәжілістер мен сессиялардың іскерлікпен өткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

ПАРТИЯ МҮШЕЛІГІНЕ КАНДИДАТТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖАҚСАРТЫЛСЫН

Семей облыстық партия комитетінің бюросы соңғы кезде облыстың көптеген партия ұйымдарының КПСС мүшелігіне кандидаттар арасындағы тәрбие жұмысын біраз жақсартқанын атап көрсетті. Алайда бұл істе әлі де елеулі кемшіліктер бар. Ново-Покровка, Бородулиха, Жарма аудандарының партия ұйымдарында жас коммунистердің бірсыпрасына партиялық тапсырмалар берілмеген, олар жыйналыстарда жеткілікті белсенділік көрсетпейді. Партия ұйымдары олардың өздерінің жалпы және саяси білімін арттыруына жеткілікті жәрдемдеспейді. КПСС Уставын түсіндіретін лекциялар мен әңгімелер аз өткізіледі. Облыстық партия ұйымында партия мүшелігіне кандидаттардың жартысының дерлік стаж мерзімі өткен.

Облыстық партия комитеті қалалық партия комитеті мен аудандық партия комитеттерінің өздерінің бюро мәжілістері мен пленумдарында партияға адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу мәселелерін талқыламайтынын атап көрсетті. Кейбір партия комитеттері партия қатарына кірушілердің іскерлік және саяси қасиеттерін жан-жақты зерттемейді, КПСС Уставының бұзылуына жол береді. Мәселен, Семей қалалық партия комитеті кандидаттық стажы бітпеген Софьян жолдасты партия мүшелігіне қабылдады. Үржар, Ақсуат аудандық партия комитеттері КПСС мүшелігіне қабылданғандарға партиялық билеттерді мезгілінде тапсырмайды.

Семей облыстық партия комитеті аудандық партия комитеттеріне жас коммунистер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсартуды, олардың өздерінің теориялық білімін арттыруына көмектесуді, партиялық тапсырмалардың орындалуын бақылап отыруды міндеттеді. Мұнымен бірге облыстық партия комитеті аудандық партия комитеттеріне партия мүшелігіне кандидаттарды практикалық жұмыста тәрбиелеуге толық көңіл бөлуді ұсынды.

МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ЖАҚСARTУҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қөкшетау облысының бірсыпра колхоздарында егін жұмыстарындағы механизаторларды тамақтандыру қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Колхоз қоймалары оларға керекті азық-түлікті мезгілінде беріп тұрмайды. «15 лет Казахстана» және Коминтерн атындағы колхоздардың басқармалары трактор бригадаларына овощь, сүт, май және басқа азық-түлік беріп тұруды ұйымдастырмады. «Ленинский путь» ауылшаруашылық артелінің басқармасы ұзақ уақыт бойына аспаздар тағайындамай келді.

Механизаторлардың талаптарына колхоз басшылары көңіл бөлмеді. Аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтарындағы секретарьлары мен колхоз партия ұйымдарының секретарьлары механизаторларды тамақтандыруды ұйымдастыруға атуесті қарады.

Қөкшетау облыстық партия комитеті аудандық партия комитеттеріне, бастауыш партия ұйымдарына, МТС директорларына және колхоздардың председателдеріне егін жұмысындағы тракторшыларды дұрыс тамақтандыруды қамтамасыз етуді міндеттеді, облыстық тұтынушылар одағына аудандарға күнбе-күн қажет болатын товарларды апарып, оларды бригадалардың өзінде сатуды ұсынды. Облыстың прокурорына Қөкшетау, Рузаев және Красноармеец аудандарында механизаторларды тамақтандыруды ұйымдастыруға бөгет жасаған айыптыларды жауапқа тарту ұсынылды.

ҚҰРЫЛЫСТА ТЕМІР-БЕТОН ҚҰРАМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

«Алтайсвинецстрой» тресінің бетон-ертінді комбинаты бйыл темір-бетон құрамаларын жасап шығаруды арттырды, үлкен панельдер, темір-бетон трубалар және басқа сондай бұйымдар шығаруды меңгерді.

Алайда, Өскемен қалалық партия комитеті бюросының көрсеткеніндей, комбинат еңбек өнімділігін арттыруға, өнім шығаруды көбейтуге әлі де өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдаланбайды. Комбинат темір-бетон аула қоршағыштар, терезе текшелерін, есік және терезе жақтауларын жасап шығаруды әлі меңгерген жоқ. Құрылыс алаңдарының өзінде темір-бетон құрамаларын жасау ұйымдастырылған жоқ. Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру дәрежесі төмен, брак шығуына жол беріледі. Мұның нәтижесінде өнімнің түсер құны жоспардағыдан 18 процент артық болып отыр.

Қалалық партия комитеті партия ұйымдарының комбинаттың шаруашылық жұмысын бақылауды нашарлатқанын, темір-бетонды құрамаларын жасау және оны құрылысқа еңгізу мәселерімен нашар шұғылданатынын, социалистік жарысқа жеткіліксіз басшылық ететінін атап көрсетті.

Қалалық партия комитеті бетон-ертінді комбинатының жұмысын жақсартуға бірсыпра шаралар қолданды. Трестің, комбинаттың басшылары мен партия ұйымдарына жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ету, өнімнің күнбе-күнгі шығарылуын арттыру, темір-бетоннан ірі қуыс төсем, басқыштар, колонналар, аула қоршағыштар жасауды жолға қою, лабораториялар мен техникалық бақылау бөлімінің жұмысында тәртіп орнату, жұмысшылардың саяси тәрбиесін жақсарту ұсынылды.

СОВЕТ ЗАҢДАРЫН БҮЗҒАНЫ ҮШІН ПАРТИЯДАН ШЫҒАРЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданының прокуроры А. Рыспеков социалистік заңдылықты өрескел бұзды, қызмет жүзіндегі міндеттерін орындауға жауапсыз қарады. Ауылшаруашылық артелі Уставының бұзылуы туралы өзіне түскен көп дабылдар бола тұрсада, Рыспеков Уставты аяқ асты еткен адамдарға ешқандай шара қолданбады. Ол феодалдық-байшылдық қалдықтарды таратушыларға да ымырашылдық істеді, оларды жауапқа тартпады.

Өзінің қызмет дәрежесімен пайдаланып, Рыспеков аудандық тұтынушылар одағынан Каганович атындағы колхозға арналған шиферді заңсыз өзі алған. Мұның үстіне ол, МТС-тің атын сатып, ақшасын немденген, өзінің туысканы Ұлтуғановты қылмыстық жауапқа тартуға тыйым салды. МТС-те Ұлтуғановтың жалақысынан аттың бағасын шегере бастағанда, прокурор МТС-тің басшыларын соттамақ болып қорқытқан.

Ауданның партия ұйымы Рыспековке оның жолсыз қылықтарын сан рет көрсетті, кейіннен оған қатаң сөгіс берді, бірақ ол мұнан қортынды шығармады.

Облыстық партия комитетінің бюросы Рыспековты, совет заңдарын бұзғаны үшін, қызметтен алып, КПСС қатарынан шығарды. Облыстық партия комитеті Шымкент аудандық партия комитетіне аудандық тұтынушылар одағының председателі Исаевты, Каганович атындағы колхоздың председателі Есенбаевті, шиферді заңсыз сатқаны үшін партия жолымен жауапқа тарту туралы мәселені қарауды міндеттеді. Облыстық партия комитеті аудандық Совет председателінің орынбасары Әмірбековты және аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары Жолымбетовты, ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзғаны үшін партия жолымен жауапқа тартуды ұсынды.

ХАЛЫҚҚА КІТАПТАР КӨП САТЫЛСЫН

Жамбыл облысында кітап саудасы қаиғаттанғысыз ұйымдастырылған. Облыстық кітап саудасы конторы мен облыстық тұтынушылар одағының складтарында орасан көп әртүрлі әдебиет жыйналып жатыр. Кітап саудасы ұйымдары халықтың тілегін есепке алып отырмайды. Кітап магазиндері нашар үйлерге орналастырылған, ал сауда қызметкерлерінің оқуы ұйымдастырылмаған.

Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет облыстағы кітап саудасы туралы мәселені қарап, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, қалалық және аудандық Советтердің атқару комитеттеріне кітап саудасы ұйымдарының жұмысын бақылап отыруды, олар-

ға толық көмек көрсетуді міндеттеді. Бұл туралы қабылданған шешім облыстық мәдениет басқармасына, облыстық кітап саудасы конторы мен облыстық тұтынушылар одағына кітап саудасында тәртіп орнату шараларын қолдануды міндеттеді. Мысалы, кітаптарды хабарлап отыруды және насихаттауды ұйымдастыру, сатушылар арасында жарысты өрістетуді, библиографиялық коллектордың және «Кітап-почта» бөлімінің жұмысын жақсарту ұсынылды. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет аудан орталықтарында кітап саудасын арнаулы кітап магазиндерінде, ал селолар мен ауылдарда әрбір сельмақта жүргізуді ұсынды. Жеке селолар мен ауылдардың халқына жақсы қызмет ету үшін кітаптарды қыдыртып сатуды ұйымдастыру ұйғарылды.

„Қазақстан Коммунистінің“ материалдары бойынша

«БІР КӘСІПОРЫННЫҢ РЕЗЕРВТЕРІ»

Қазақ ССР тоқыма өнеркәсіп министрі Морокин жолдас редакцияға мынаны хабарлады: «Қазақстан Коммунисті» журналының 8-номерінде жарияланған «Бір кәсіпорынның резервтері» деген мақала Қарғалы шұға комбинатының инженер-техник қызметкерлерінің кеңесінде талқыланды. Кеңес мақалада көрсетілген өндіріс резервтерін пайдалану шараларын белгіледі.

Жабдықтарды жөндеудің ұйымдастырылуын жақсарту және олардың қарап тұратын уақытын азайту үшін, комбинатта тораптық әдіс енгізілді. Бұл әдісті қолданғанда, жабдықтар бір сменада жөнделіп, қалған екі сменада жұмыс атқарады.

Озат техниканы меңгеріп енгізу, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде зор жұмыс жүргізілуде. Бояу-өңдеу жабдықтары, сол сыяқты әзірлеу цехтарының жабдықтары жаңаланды, жұмысты неғұрлым өндіріп істейтін екі шығыршықты-иіргіш машина орнатылды. Бұйыл төрт түткіш аппарат ауыстырылады, жаңадан екі шығыршықты-иіргіш машина және ширатқыш машина, сол сыяқты жаңа бояу-өңдеу цехында жабдықтар орнатылды.



РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин Б. А. (бас редактор),
Әбілдаев Қ., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107.
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.

16/XI-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108/16—2 к.—5,48 авт. т.

УГ09751. Тираж 15 200. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак. 1242.

Кітап жаңалықтары

партия активінің кітапханасы үшін

В. И. ЛЕНИН. Жастар туралы. «Молодая гвардия» баспасы, 1955 ж. 320 бет. Бағасы 5 сом 30 тыйын.

К. ЦЕТКИН. Ленин туралы естеліктер. СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин институты. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 72 бет. Бағасы 85 тыйын.

Б. М. ВОЛИН. РСД(б)ЖП жетінші (Апрель) конференциясы. («СОКП съездері мен конференциялары» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 83 бет. Бағасы 1 сом.

Ф. Ф. ПОМИТЯЕВ. БК(б)П онбесінші конференциясы. («СОКП съездері мен конференциялары» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 88 бет. Бағасы 1 сом.

А. Н. АЦАРКИН. БК(б)П оналтыншы конференциясы. («СОКП съездері мен конференциялары» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 95 бет. Бағасы 1 сом 15 тыйын.

А. Ф. КОСТИН. Россиядағы бірінші халықтық революция (1905 — 1907 жылдар). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 71 бет. Бағасы 70 тыйын.

Советтік қоғамдағы сын мен өзара сын. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 238 бет. Бағасы 3 сом.

Иван Васильевич Бабушкиннің естеліктері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 175 бет. Бағасы 2 сом 10 тыйын.

Ю. ҚОРАБЛЕВ. 1905 — 1907 жылдардағы революцияда Петербург большевиктерінің соғыс жұмысы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 160 бет. Бағасы 1 сом 95 тыйын.

Г. Д. КОСТОМАРОВ. 1905 жылғы жұмысшы депутаттарының советтері және олардың тарихи маңызы «Знание» баспасы, 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

Қ. ЗАРОДОВ. Лениндік «Пролетарий» газеті (1905 ж.). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 168 бет. Бағасы 2 сом.

Г. К. ОБЪЕДКОВ. Ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру үшін. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 144 бет. Бағасы 1 сом 20 тыйын.

В. М. СУСЛОВ. Ауыл шаруашылық өндірісін комплексті механикаландыру үшін күресте. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 144 бет. Бағасы 1 сом 40 тыйын.

Колхоз өндірісін жоспарлаудың жаңа тәртібi. Колхоздардың келешекті жос-

парлары туралы материалдардың жыйнағы. «Знание» баспасы, 1955 ж. 79 бет. Бағасы 1 сом.

И. А. СИЗОВ. Ауыл шаруашылық дақылдарының мол өнімді сорттарын шығаруда советтік селекцияның табыстары. «Знание» баспасы, 1955 ж. 39 бет. Бағасы 50 тыйын.

Д. КАРТЭН. Африка, Африка! Ағылшын тілінен аударылған. Шетелдік әдебиет баспасы, 1955 ж. 128 бет. Бағасы 2 сом 50 тыйын.

А. ТОНДИ. Иезуиттер. Италия тілінен аударылған. Шетелдік әдебиет баспасы, 1955 ж. 322 бет. Бағасы 12 сом 50 тыйын.

А. С. ЕЛАГИН. Қазақстан бірінші орыс революциясы жылдарында. Қазақ мемлекеттік баспасы, 1955 ж. 35 бет. Бағасы 65 тыйын.

Н. Н. ПАЛЬГОВ. Қазақстан табиғатының өзгертілуі (көпшілікке арналған ғылыми очерк). Қазақ мемлекеттік баспасы, 1955 ж. 40 бет. Бағасы 70 тыйын.

С. В. КОЛЬЦОВ. Ақмола облысында. Өлке таңу очерктері. Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955 ж. 98 бет. Бағасы 1 сом 45 тыйын.

С. КОЛЬЦОВ, И. ТЯГУШЕВ. Ақмола облысы — Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысушы. Қазақ мемлекеттік баспасы, 1955 ж. 34 бет. Бағасы 45 тыйын.

Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру тәжірибесінен. Мақалалар жыйнағы. Қазақ мемлекеттік баспасы, 1955 ж. 250 бет. Бағасы 6 сом 30 тыйын.

П. И. ПИТАЕВСКИЙ. Ауданның шаруашылығын жоспарлау. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 356 бет. Бағасы 7 сом 80 тыйын.

М. С. САПАРҒАЛИЕВ. Қазақстандағы советтік соттың тарихынан очерк (1918 — 1920 жылдар). Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955 ж. 66 бет. Бағасы 85 тыйын.

А. Е. ЕЛЕМАНОВ. Қазақстанда биязы және жартылай сиязы жүнді өндіруді арттыру жолдары. Қазақ мемлекеттік баспасы, 1955 ж. 27 бет. Бағасы 50 тыйын.

М. Н. ЕРЛЕПЕСОВ. «Пахта-Арал» совхозы. Қазақ мемлекеттік баспасы, 1955 ж. 104 бет. Бағасы 3 сом 30 тыйын.

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы озықтарының тәжірибесі. Әдебиеттің қысқаша мазмұнды көрсеткіші. Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955 ж. 291 бет. Бағасы 7 сом 20 тыйын.